“Ғибратты оқиғалар” атымен жарық көріп отырған аталмыш

ҒИБРАТТЫ ОҚИҒАЛАР

ҒИБРАТТЫ ОҚИҒАЛАР

Екінші басылым

Түркістан Кітап Үйі
Алматы - Қазақстан
Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер
Сейфуллин даңғылының қиылысы
Тел: +7(727) 293-55-98

Алматы
2014

УДК 821.512.122
ББК 84Каз-44
Ғ69

“Ғибратты оқиғалар”. - Алматы, 2014.- **120 б.**
Издатель: «Түркістан мәдениет қоры»
қоғамдық қоры.

ISBN 9965-9456-2-4

“Ғибратты оқиғалар” атымен жарық көріп отырған аталмыш кітап “Түркістан мәдениет қоры” қоғамдық қорына қарасты www.islamdini.kz сайтынан алынған материалдардан дайындалды.

Кең окырман қауымына арналған кітапта тарихта өткен әулие және ғұламалар өмірінен сабақ аларлық құнды оқиғалар жинақталған. Сонымен қатар ішінде рухани, мәдени мұраларымызға қатысты көптеген пайдалы деректер орын алған.

Ғибрат – насихаттың өзгеше бір көрінісі. Ата-бабаларымыздан, даныш-пандарымыздан бізге дейін жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлық-тай тамаша тәлім-тәрбие берерліктей өсиет сөздер және оқиғалар бар. Бұл кітап сіздерге осындан даналық сөздермен оқиғаларды ұсынады.

ББК 84Каз-44

ISBN 9965-9456-2-4

Мазмұны

Пайғамбарлар өмірінен

Сахабалар өмірінен

Әулиелер өмірінен

Күнделікті өмірден

Салауат шәриф

Бір күні яһудилердің бірі, екі өтірікші куәгер табады да пайғамбарымыздың жанына барып былай дейді:

-Ей Мұхаммед! Сахабаларыңнан пәлен кісі менің түйемді ұрлап алды. Оны көрген куәлар да бар, міне олар.

Пайғамбарымыз куәлардан сұрағанында “иә, дұрыс айтады” деп растады. Кейін сахабаларынан болған ол кісіні шақыртып оған былай дейді:

-Саған шағым түсті.

-Не болды, Йа Расулаллаһ?

-Сен осы өткен түнде түйе ұрлапсың.

-Мен бе, кімнің түйесін?

-Міне, мына яһудидің түйесін.

-Ол түйені мен сатып алдым, ұрлағаным жоқ.

-Жарайды, ал сенің сатып алғаныңды көрген куәгерлер бар ма?

-Ей расулаллаһ мен осы біраз бұрын ғана алдым, әлі ешкім көрген жоқ.

-Мына куәлар түйенің яһудидікі екендігін айтты. Сондықтан түйе яһудиге беріледі.

Осы кезде бұл мүбәрәк сахаба пайғамбарымыздан “Ей расулаллаһ! маған аз уақыт бересіз бе?”-деп өтінеді. Кейін мешіттің бір бұрышына 2 рәкат намаз оқып қолын ашып дұға етеді: «Йа Раббым!

Мен күнде жатар алдында пайғамбарымызға 10 салауат оқимын. Йа раббым егер сенің құзырыңда осы оқыған салауаттарым қабыл болған болса, мені бұл қиыншылықтан құтқара гөр! Мен бұл түйені сатып алдым, бірақ куәгерлер яһудидікі екенін айтуда.»

Сахаба қайтып келгенінде түйе орнынан тұрып "Ей расулаллаһ! Бұл яһуди өтірік айтып тұр. Мен мына кісінің түйесімін." деп тілге келеді.

Түйенің сөйлегенін көрген яһуди және куәгерлері қорққандарынан тұра қашады. Олар кеткеннен кейін пайғамбарымыз мұның себебін сұрағанында сахаба былай дейді:

-Ей расулуллаһ! Менің бір әдетім бар! Әр түні жатудан алдын сізге 10 салауат айтамын. Аллаһу та'ала бұл 10 салауатты қабыл етіп, түйеге тіл бітірді.

Сонда пайғамбарымыз былай деп бұйырды:

-Сенің маған әр түні 10 салауат оқығаның үшін Аллаһу та'ала дүниеде кезіңде сені бұл қиыншылықтан құтқарғанына қарағанда ахыретте жаһаннам отынан да құтқарады.

Қай тараптан екенін білдіру.

Әркім өз тарапын, өз жағын, өзінің қай тараптың адамы екенін білдіруі тиіс. Басқа амал жоқ. Өйткені ахыретте адамның баратын екі жері ғана бар. Бірі - Жұмақ, екіншісі – Тозақ. Үшінші жер жоқ. Ахыретте «Сен қай тараптың адамысың?» деп сұралады.

Сүлейман алейһиссалам әрі пайғамбар, әрі патша еді. Ел басқарып тұрғанында мемлекеттің ақсүйектері, бекзадалары оған сыйлық апарады. Бір құмырсқа да елден қалмай, шегірткенің жұлынған бір аяғын аузына салып тістеп хан сарайына бет алып барады екен. Құмырсқадан «қайда барасың?» деп сұрайды.

-Сүлейман алейһиссаламға сыйлық апара жатырмын – деп жауап қайтарады.

-Көптеген ақсүйектер, бекзадалар алуан түрлі сыйлықтар апарып жатыр, сенің шегірткеңнің аяғына кім қарайды?

-Олай демеңдер.

Сүлейман алейһиссаламға сыйлық әкелгендердің аттары бір тізімге жазылады, мен де өз атымды сол тізімге жаздырамын. Ол жерде кім келді, кім келмеді деп тізімге қаралады- деген екен.

Ибраһим алейһиссалам отқа тасталатын кезде, тағы да бір құмырсқа, аузына су толтырып тасып жүреді. Бір мүбарек кісі құмырсқаға:

-Сен отқа да жақындай алмайсың ғой, мына аузыңдағы сумен отты қалай сөндірмексің?– дейді.

-Әрине сөндіре алмаймын, сөндіре алмайтынымды өзім де білемін– дейді құмырсқа.

-Ал онда неге тасып жатырсың?

-Өзімнің кімнің жағында екенімді білдіріп жатырмын. Мен отты сөндіріп жатқандар жағындамын-дейді құмырсқа.

Оның арғы жағында жылан отқа тоқтамай үрлеп жатады. Жыланнан:

-Сен не істеп жатсың?– деп сұрайды.

-Ибраһим қазір отқа тасталады, оты одан сайын лаулап жансын деп үрлеп жатырмын.

-Неге олай істейсің?

-Мен де кімнің жағында екенімді білдіріп жатырмын. Мен отты жағушылар жағындамын.

Қағба және Зәмзәм суы

Қағбаның орны ұмытылған жылдардың бірінде Ибраһим алейһиссалам Хажар анамызбен ұлы Исмаилды алып, қазіргі Қағба тұрған жерге келеді. ***“Маған сендерді осы жерге қалдыруым бұйырылды”*** *деп бұрылып кетеді. Хажар анамыз тәуекел етіп әмірге мойын иеді де “Раббым бізге жеткілікті!” дейді. Жандарында бір шөлмек су және 3-5 дана құрма бар еді. Оның үстіне Исмаил әлі нәресте еді. Хажар анамыз бір нәрсе табуға үміттеніп Сафа төбешігіне шығады. Бірде бір ағаш,*

құраған шөп те жоқ болады. Кейін Мәруа төбешігіне шығады.

Қайтып келгенінде ұлын таппай қалады. Қатты абыржыған күйде қайтадан Сафа және Мәруа арасында ыстық күн астында 7 рет қиналып жүгіріп жүреді. Кейін тәтті дауыс естиді. Алдынан айдай жарқыраған Жәбрейіл алейһиссалам көрінеді. Осы таңданыста Хажар анамыз ұлын көреді. Сүйкімді сәбиінің аяқтарының астынан мөлдір су шығып жатқанын көріп, суды бір жерге жинағысы келеді. Бір жағынан судың айналасын бекітіп бір жағынан шөлмегін толтыруға тырысады. Мәнсіз абыржыған үнмен ***"Зәм"*** *(тоқта) дейді. Тіпті* ***"Зәм!.. Зәм!.."*** *деп айқайлап жібереді. Жәбрейіл алейһиссалам күлімдейді.* ***"Қоя бер, ақсын! Бұл су үнемі ағады, еш таусылмайды." дейді.***

Бұл суға көшпенді тайпалардың назары ауады. Соңында Жүрхумилер Хажар анамыздан рұқсат алып, Қубайс тауының етегіне қоныстанады. Осылай қасиетті жер қалаға айналып аты Мекке деп аталады

Хадис шәрифтерде былай делінеді: ***"Қасиетті Зәмзәм суы мүбәрәк." "Қасиетті Зәмзәм ішкенді тойғызады."***

"Жер бетіндегі құдықтардың ең қайырлысы Зәмзәм құдығы."

"Қасиетті Зәмзәм қандай ниетпен ішілетін олса, шипасы сол үшін болады."

Зәмзәмді ішетін кезде қыблаға қарау керек. Бисмилла айтып түрегеп тұрып және тойғанша ішу керек. Ішу кезінде үш рет дем алынады. Дұға ету керек және соңында шүкір ету керек. Зәмзәм суын ішіп айтылған дұға қабыл болады.

Әр тауаф еткеннен кейін зәмзәм суын ішу мүстаһаб. Миллиондаған қажылар ішіп, жуынып, елдеріне алып кетеді. Су насостарымен күні-түні тартып жатқанымен бітпейді. Зәмзәмнің жер жүзіндегі сулардың ең нәзігі ең үстемі екендігі білдірілген.

Яһуди дінбасының мұсылман болуы

Пайғамбарымыз өмір сүрген кезеңде Шам (Дамаск) қаласында бір яһуди дінбасы бар болатын. Бір күні Тәуратты оқып отырып, 4 бетте пайғамбарымыздың есімін кездестіреді. Ол Ислам дініне қас болатын. Өшпенділікпен бұл беттерді жыртып тастайды.

Екінші күні Тәуратты оқуға кіріскен кезде 8 беттен тағы да пайғамбарымыздың есімін оқиды. Ол беттерді де жыртып тастайды.

Үшінші күні тағы 20 бетте пайғамбарымыздың есімін кездестіреді. Бұл жолы ойланады. Өзіне-өзі «Оның есімі кездескен барлық беттерді жырта беретін болсам кітап таусылады. Мұнда бір даналық болуы керек» дейді.

Ол кезде пайғамбарымыздың Ислам дінін уағыздап жатқан хабары оның еліне дейін жетіп келген болатын. Ұзақ сапар шегіп, Мәдинаға барады. Бірақ, пайғамбарымыздың қайтыс болғанына 4 күн болған еді. Дінбасы мұны естігеннен кейін жылай бастайды. Сонда хазреті Әли сұрайды:

-Ей, жолаушы. Сен кімсің? Неге жылайсың?

-Мен бір яһуди дінбасымын. Шамнан (Дамаск) келдім.

-Тәураттан пайғамбарымыздың есімін көрген кезде парақтарды жыртқан сенсің бе?

-Иә, оны қайдан білесің?

-Сенің келетініңді пайғамбарымыз айтқан болатын.

Бұл сөздерден кейін дінбасының Ислам дініне ешқандай күмәні қалмайды. Кәлимаи шаһадатты айтып, сол жерде мұсылмандықты қабылдайды.

Сәбидің сөйлеуі

Хазіреті пайғамбарымызға қарсы жаман сөздер айтатын бір әйел бар болатын, пайғамбарымызды ұнатпайтын. Бір күні бұл әйел бір ұл босанады. Баласы 2-3 айлық болған кезде баласын алып көшеде кетіп бара жатқанда пайғамбарымызға кездеседі.

Әйел тағы да әдепсіздік жасауға дайындалады. Бірақ, одан бұрын құндақтағы сәби сөйлей бастайды. Ол пайғамбарымызға қарап,

-Ей, Аллаһтың расулы. Ей, Абдуллаһұлы Мұхаммед алейһиссалам, саған сәлем бердім,- дейді.

Әйел таңданып, сірейіп қалады. Пайғамбарымыз күлімсіреп, балаға:

***-Ей, бала. Менің Аллаһтың расулы екенімді қайдан білдің? Менің атым мен әкемнің атын саған кім үйретті?**- деп сұрайды.*

Сәби күліп:

-Маған бұларды әлемді жаратқан Аллаһу та'ала үйретті. Ол қаласа, барлық нәрсені жаратады.

Сосын біраз тоқтап тұрып былай дейді:

-Йа, Аллаһтың расулы. Мен үшін дұға ет, жұмақта сізге қызмет етейін.

Пайғамбарымыз сәби үшін дұға етеді. Қуанған сәби былай дейді:

-Саған сенген және иман келтірген адам қандай бақытты. Саған қарсы келіп, күпірлік еткен адам қандай бақытсыз. Аллаһ оларды дүние мен ақыретте масқара етеді.

Сосын сәби шаһадат кәлимасын айтып, сол сәтте жан тапсырады. Мұны көрген әйел дереу сол жерде мұсылман болды. Пайғамбарымызға жылап, жалбарынады:

-Мені кешір, йа Расулаллаһ. Босқа өткен күнәһар өміріме қатты өкінемін.

Пайғамбарымыз әйелге қарап:

***-Сүйінші, қазір бірнеше періштенің саған кебінді жұмақтан әкелгенін көрдім,**-деді.*

Әйел бұл сөздерді естігеннен кейін баласы сияқты шаһадат кәлимасын айтып жан тапсырды.

Біз білмеппіз, білгенде...

Зұлқарнайын алейһиссалам әскерлерімен жолда келе жатып "аяқтарыңа ілінген нәрселерді жинай жүріңдер" деп әмір береді.

Әскерлері бұл әмірді естіген кезде іштерінен бір бөлігі "Көп жүрдік қатты шаршадық. Түн ішіндеміз, оған қоса аяғымызға ілінген нәрселерді жинап босқа қиналамыз ба, ешнәрсе жинамаймыз" деген шешімге келіп, ешнәрсе жинамайды.

Екінші бөлігі "Қолбасшымыз бұйырған екен, әміріне бағынайық аз ғана болса да жинайық. Өйткені Қолбасшыға қашанда мойынсұну керек" деп аз ғана жинайды.

Үшінші топ болса "Қолбасшымыз ешнәрсені босқа әмір етпейді. Міндетті түрде бір нәрсені біліп айтқан болу керек, әмірін орындаймыз" деп бүкіл қаптарын бетіне дейін толтырады.

Таң атқан кезде бүкіл армия түнде алтын қойнауынан өткендерін түсінеді. Аяқтарына тиген нәрселердің алтын екенін ешкім аңғармаған болады. Сонда әмірді тыңдамай еш нәрсе алмаған бірінші топ:

-Қап неге алмадық! Қолбасшымыздың сөзін неге тыңдамадық. Ең болмағанда біреуін алғанымызда ғой... деп өкініп қалады.

Екінші топ болса өз-өздерін сөге бастайды:

-Қап біраз тағы алуымыз керек еді. Қалталарымызды қаптарымызды аузына дейін толтырып алуымыз керек еді...

Үшінші топ та өкініп:

-Керексіз, пайдасыз заттарымызды тастағанда бұдан да көп етіп жинайтын едік...

Міне осы мысалдағы секілді Ахыретте де бүкіл адамдар өкінеді. Кәпір болған адам:

-Неге иман етпедім. Сенгенімде ең болмаса жаһаннамға түссем де иманымның арқасында соңында бәрібір Жаннатқа кірер едім. Мәңгілік тозақтан құтылар едім, дейді.

Мұсылман болғанымен сауабы аз болған кісі:

-Бұдан да көп сауапты істер жасауым керек еді. Бұдан да көп нигметке қауышар едім, дейді.

Мұсылман болып, сауабы көп болған кісі болса:

-Қап, бұдан да үлкен дәрежелерге көтеретін көбірек ғибадат жасауым керек еді, көбірек садақа беріп, көбірек ораза тұтып, көбірек сауап жинайтын амалдар жасауым керек еді... деп өкінеді.

Ана ақысының маңызы

Ескі бір қауымда Журейж атты көп ғибадат ететін бір жігіт болады. Күндіз-түні ғибадат ететін. Бұл жігіттің кәрі анасы бір күні:

-Балам, келіп маған мына істерде көмектес! - дейді.

Бұл кезде баласы нәпіл ғибадаттар жасап отырып келмеді. Анасы бұған қатты ренжіп былай деп бетдұға(қарғыс) етеді:

-Жаман әйелдердің жаласына жем бол! Олармен көрші тұратын жаман әйел бар еді.

Бұл әйел бір күні қойшыдан некесіз түрде жүкті болады. Сол заманның әміршісі, болған жағдайдың анық-қанығын білуді бұйырады. Әйел жазаланудан қорқып кінәні көршісіне, ғибадат етуші жігітке жауып жібереді.

Әмірші жігітті шақыртып:

-Ей Журейж! Бір жақтан ғибадат етіп, молда болып көрініп, екінші жақтан зина секілді үлкен күнәға батып жүр екенсің.

-Мен мұндай ешнәрсе жасамадым. Маған бұл жаланы жапқан кім болды екен?

-Сенің көршің пәленше әйел сенен шағымданды.

Осы кезде жігіт қатесін түсінді. Анасының

бетдұғасына ұшырағанын сезеді. Әміршіден бір мерзімге рұқсат алып анасына барып жалбарынады:

-Анашым, маған "Жаман әйелдердің жаласына жем бол!" деп бетдұға еткен едіңіз, Хақ та'ала дұғаңызды қабыл етті. Пәлен әйел маған жала жапты. Әмірші енді мені жазалайды. Мені кешіре гөріңіз анашым, жаладан құтылайын! Бұдан былай сізге қызмет етуде кемшілік етпейтін болам.

Анасы ұлының қиын жағдайын көріп шыдай алмай былай дұға етеді:

-Йа Раббым! Егер ұлыма жасаған бетдұғам қабыл болған болса оны үстінен ал!

Анасының дұғасын алған жігіт әміршінің алдына қайта келіп былай дейді:

-Маған жала жапқан әйелдің қайта сұраққа алынуын сұраймын.

Әйелден қайтадан сұрағанда бұл жолы әйел:

-Мен жала жаптым. Бұл көршімнің кінәсі жоқ. Жігіт осылай құтылады.

Пайғамбарымыз сахабаларымен сұхбаттасып отырып бұл оқиға туралы былай дейді: ***"Егер Журейж Фиқһ ілімін білгенде, анасына қызмет етудің Раббына нәпіл ғибадат етуден де үстем екендігін білер еді."***

Әйуб пайғамбардың сабыры

Аллаһу та'ала Әйуб алейһиссаламды сабырлықпен емтихан етуді (сынауды) қалады. Әйуб алейһиссалам өте бай кезінде, қойларын сел алып, егістерін жел ұшырып, бүкіл мал-мүлкі түрлі себептермен жоқ болды.

Бұдан кейін Аллаһу та'ала Әйуб алейһиссаламның денесіне бір ауру берді. Туыстары, жолдастары оны жалғыз тастап кетіп, қол ұшын берер ешкімі де болмады. Тек адал, мейірімді жары Рахима ханым ғана оны тастамады.

Әйуб пайғамбар әйелі жасаған күркеде 7 жыл бойы көрген қиыншылықтармен азап ішіндегі жағдайынан бір рет болса да шағымданбады.

Бір күні Жәбрейіл алейһиссалам келіп, Аллаһу та'аланың: ***«Ей Әйуб! Бәле жібердім сабыр еттің! Енді мен саған денсаулықпен нигмет беремін.»*** *деген хабарын алып келді. Құран кәрімде білдіргеніндей Аллаһу та'ала* ***«Аяғыңды жерге ұр. Шыққан сумен ғұсыл ал және салқынынан іш!»*** *деп бұйырды. Бұларды орындаған Әйуб алейһиссалам жас күйіне енді. Жәбрейіл алейһиссалам оған әдемі киімдер кигізді. Осы кезде әйелі келді. Әйуб алейһиссаламның күркеде жоқ екенін көріп, таң қалды. Әйуб пайғамбар:*

-Ей ханым! Кімді іздеп жүрсің?

-Бір сырқат кісіні іздеп жүрмін. Аты Әйуб. Ол

менің жолдасым еді. Дені сау кезде тура саған ұқсайтын.

-Ей Рахима! Ол сырқат болған Әйуб менмін. Аллаһу та'ала маған денсаулық берді.

Кейін шүкір етіп екеуі жылап алды. Қалаға кірерде халық оларды қуанышпен қарсы алды. Қаусап тұрған үйлерінің жаңаланғанын және бұрын қолынан алынған мал-мүлкі мен балашағаларының кері берілгенін көрді.

Иман және ұят

Жәбірейіл алейһиссалам ақыл, ұят және иманды Адам алейһиссаламға әкеліп былай деді:

-Ей Адам! Аллаһу та’ала саған сәлемін айтты. Алып келген мына үш сыйлықтың бірін қабыл алуыңды бұйырды.

Адам алейһиссалам:

-Әкелген бұл үш сыйлықтың ішінен ақылды қабыл алдым.

Жабрейіл алейһиссалам иман мен ұятқа қарап:

-Сендер бара берсеңдер болады,-дейді.

Сонда Иман оған:

-Аллаһу та’ала маған ақыл қайда қалса, сен де сонда қал деп бұйырған. Сондықтан мен ақылдан айрылып кете алмаймын!

Ұят та:

-Аллаһу та’ала маған да дәл солай бұйырған. Мен де ақылдан айрылып кете алмаймын!

Аллаһу та’ала кімге ақыл берсе, ұятпенен иман онымен бірге болады. Ақылы болмаған адамның ұятыда да, иманы да болмайды.

Ит пен қораздың тілі

Күндердің күнінде бір адам Мұса алейһиссаламға келіп:

-Ей Мұса, мен үшін бір дұға етсеңіз жануарлардың тілін түсінетін болайын, олардан өзіме сабақ алып, жақсы адам болар едім-деп өтінеді. Сонда Мұса алейһиссалам:

-Сен үшін осы халің қайырлы (жақсы), көтере алмайтын жүкті арқалауға тырыспа-деп жауап береді. Бірақ әлгі адам айтқан тілді алмай, қайтпай тұрып алады:

-Ей Мұса нең кетеді, ең болмаса есігімнің алдындағы ит-пен қоразымның тілін түсінетін болайын-деп жалынады.

Соңында Мұса алейһиссалам дұға етеді. Әлгі адам қуанып үйіне қайтады. Ертеңіне қызметшісі дастархан даярлап жүргенде қолынан нан түсіп сыртқа домалап кетеді. Қораз жүгіріп келіп нанды шұқып жей бастайды. Оны көрген ит:

-Ей қораз, істеп тұрғаның дұрыс па? Сен бидай,

арпа да жей аласың, мен болсам наннан басқа нәрсе жей алмаймын. Сен не үшін менің ризығымнан жейсің?- деп қоразға ашуланады. Қораз:

-Дұрыс айтасың, бірақ сен абыржыма, ертең қожайынның есегі өледі, сонда сен де жақсылап тоясың- дейді. Мұны естіген адам дереу есегін сатып жібереді. Ертеңіне не айтар екен деп тағы да итпенен қоразын тыңдауға кіріседі. Ит қоразды жазғыра бастайды:

-Есек өледі, менің қарным тояды дегенің қайда?- дегенде қораз:

-Есек өлді бірақ басқа жерде өлді. Бірақ сен еш абыржыма ертең ат өледі, нағыз тоқшылықты сонда көресің-дейді. Адам дереу атын сатып жібереді. Жануарлардың тілін білгені өзі үшін олжа болғанын ойлайды. Ертеңіне тағы барып итпен қоразды тыңдайды. Ит тағы қоразды сөге бастағанда, қораз:

-Мен өтірік айтқаным жоқ. Ат өлетін еді егер қожайын оны сатып жібермегенде. Бірақ сен еш қам жеме, ертең қожайынның ең қадірлі қызметші құлы өледі, халыққа ас беріледі, бәріміз де тоямыз- дейді. Мұны естіген адам, қызметші құлын да сатып, тағы да тыңдауға келеді. Бұл жолы ит қатты ашулы еді. Қанша күннен бері алданып жүргенін айтқанда, қораз:

-Мен өтірік айтпадым. Құл өлді бірақ басқа жерде өлді. Өйткені иеміз оны сатып жіберді. Бірақ одан еш пайда көрмеді. Өйткені бірінші бәле есегіне келіп, содан иеміз бұл бәледен құтылар еді. Оны сатқанында бәле атқа келді. Атын сатқанда бәле құлына келді. Құлын да сатқаны үшін енді бәле өзіне келді. Ертең иеміз өледі, осылай бәріміз де тоямыз-дейді.

Мұны естіген адам өкініп, ақымақ басын сабалай жөнеледі. Бірақ болар іс болған еді...

Намаздың маңыздылығы

Пайғамбарымыз «саллаллаһу алейһи уасалламның» заманында сахабалардан біреуі, пайғамбарымызға келіп, ‘‘табысымның көптігіне қарамай тұрмыс ауыртпалығын шегудемін’’ деп жағдайын айтады. Пайғамбарымыз ***“үйіңде намаз оқымайтын адам бар ма?”*** *деп сұрайды. Ол ‘‘жоқ, үйде барлығымыз намаз оқимыз, намаз оқымайтын адам жоқ’’ деп жауап береді. Пайғамбарымыз* ***“Көршілеріңнен әлде сол көшелеріңде намаз оқымайтын адам бар ма?”*** *деп сұрайды. Сахаба ‘‘көршілерімізде де көшемізде де намаз оқымайтын адам жоқ’’ дегенде пайғамбарымыз* ***“бір сұрастырып көр, көшелеріңнен намаз оқымайтын біреу өттіме екен?”*** *деп бұйырады. Қайтып келген сахаба ‘‘сұрастырдық көшеден намаз оқымайтын ешкім өтпеген екен’’ дейді. Пайғамбарымыз ‘‘бұл берекесіздік намаз оқымаудан туындауда’’ дегенде, сахаба қайтадан сұрастырып ‘‘ей расулуллаһ намаз оқымаған біреудің жаназасы өтіп бара жатып табыты біздің үйдің дуалын сызып кеткен екен’’ дейді. Бұған пайғамбарымыз* ***“міне, үйіңдегі берекесіздіктің себебі осы, ол дуалды тез арада бұзып қайта тұрғызыңдар!”*** *деп бұйырады.*

Аллаһ ризалығы

Аллаһу та’ала Мұса алейһиссаламнан ***“Мен үшін не істедің?”*** *деп сұрағанда, ол: ‘‘Ей Раббым! Сен үшін намаз оқыдым, ораза тұттым, зекет бердім, есіміңді көп зікір еттім’’ дейді. Аллаһу та’ала бұйырады:* ***“Ей Мұса! Намаздарың - саған дәлел. Тұтқан оразаларың - тозақтан қорғаныс, зекет - қияметтің***

ыстығынан қорғайтын көлеңке. Менің атымды зікір етуің - қабір мен қиямет қараңғылығынан құтқаратын нұр. Яғни, бұлардың пайдасы саған тиеді. Мен үшін не істедің?”*, Мұса алейһиссалам: “Ей Раббым! Сен үшін не істейтінімді айтшы!” деп жалбарынады. Аллаһу та’ала* ***“Ей Мұса! Достарымды Мен үшін жақсы көрдің бе? Дұшпандарыма Мен үшін дұшпандық жасадың ба?”*** *деді. Мұса алейһиссалам Аллаһ үшін жасалатын істің Оның достарын ұнату, дұшпандарына қарсы тұру екенін түсінеді.*

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам бұйырады: ***“Иманның негізі және ең күшті белгісі***

- мұсылмандарды сүю және мұсылмандарға дұшпандық еткендерге қарсы болу”. *Аллаһу та’ала Иса алейһиссаламға бұйырады:* ***“Жер мен көктегі барлық жаратылғандардың құлшылығын жасасаң да менің достарымды сүйіп, дұшпандарыма қарсы келмейінше, ғибадаттың ешқандай пайдасы жоқ”.***

Барлық нәрсені тек Аллаһтың ризалығы үшін жасау ***“Ихлас” (ықылас)*** *деп аталады. Ықыласты мұсылман барлық жақсы әрекеттерді, ізгі істерді, ғибадаттармен қайрымдылықтарды, мұсылмандарды қуантуды тек Аллаһтың ризалығы үшін ғана жасайды. Жақсы мұсылман Аллаһу та’аланың көрсеткен тағдырына ризалық білдіреді. Жаман адамдар болса, тағдырға разы болмай, қиын жағдайға тап болғанда, у-шу шығарады.*

Сенің дінің хақ дін

Қонақ күтуді өте жақсы көретін Ибраһим пайғамбарға бір апта бойы ешкім келмейді. Жан-жақтан қонақ іздейді. Ақырында, қырдан ақ сақалды қарт адамды көреді. Қарияның жағдайын сұрайды.

-Ей, жолаушы! Жүр, бүгін тамақты бізден ішейік,- дейді.

Ибраһим пайғамбар мен оның адамдары ол қарияны жылы шыраймен қарсы алады. Тамақ ішерде барлығы «бисмилләһ» дейді, бірақ ол қарт айтпайды. Сонда Ибраһим пайғамбар

-Ей, көп жасаған қария. Қарттар дініне берік болады. Тамақ ішуді бастаған кезде Хақ та'аланың есімін айту керек емес пе?- дейді.

-Отқа табынатын пірімнің мұндай сөз айтқанын естіген емеспін,-дейді қария.

Ибраһим пайғамбар не істерін білмей, ойлана бастайды. Аллаһқа сенбейтін адамға тамақ беру дұрыс па?..

Ақырында мұндай адаммен бір дастарханда отыру дұрыс емес деп табады. Бұл кезде қария да тұрып кетеді. Осы кезде Хақ та'ала Жәбірейіл алейһисселамды Ибраһим пайғамбарға жібереді.

-«Ей Ибраһим. Мен ол қартты кәпір болуына қарамай 100 жылдан бері өмір сүргізіп, ризығын-тұзын беріп келемін. Сен одан бір табақ тамағыңды аядың».

Ибраһим пайғамбар дереу қарияның артынан жүгіріп барып:

-Қайтадан дастарханға келіңіз. Жасаған қылығымды кешіріңіз,-дейді.

-Неге кешірім сұрайсың?-дейді қария.

-Бұл әрекетіме байланысты Хақ та'ала маған уаһи жіберіп, айыптады.

Қарияға бұл қатты әсер етеді. Ол:

-Қандай ұлы тәңір! Мен сияқты өзіне 100 жыл бойы қарсы келген бір адам үшін пайғамбарына ескерту жасайды. Бұл қандай жақсы дін. Ей Ибраһим! Мен де сенің дініңе кіргім келеді, - деп, мұсылмандықты қабылдайды.

Тірілген өлік

Мұса алейһиссаламның заманында Бәни Исраил қауымынан бір жігіт өзінен басқа мұрагері болмаса да малына ашкөздік етіп бай болған әкесінің ағасын өлтіреді. Өлігін жасырын барып көрші ауылға тастап кетеді.

Ертеңіне байдың ауылдастары Мұса алейһиссаламға барып, байды көрші ауылдықтар өлтіргенін айтады. Олар өлтірмегенін айтқанда, Хақ та'ала бір сиыр сойып бір бөлшегімен мәйітті ұрса, өлі тіріліп кім өлтіргендігін айтатынын

Мұса алейһиссаламға білдірді.

Халық хазреті Мұсадан сойылатын сиырдың қандай сипатта болу керектігін сұрайды. Ол білдіреді. Құны үш алтын болғанымен, айтылған сипаттар тек бір ғана сиырда болғаны үшін терісі толған алтын беріп бұл сиырды сатып алып сояды.

Сойылған сиырдың бір бөлшегімен өліні ұрғанда өлі тіріліп ***"Мені өлтірген бауырымның баласы"*** *деп айтып қайтадан өледі. Адамдар өлтірген жігітті ұстап өлтіреді. Осылай екі ауыл арасындағы жанжал тоқтайды.*

Бұл оқиға Құран кәрімде ***Бақара*** *сүресінің 67- 73- аяттарында білдірілген. Соңғы аяттың жалғасында* ***"Міне Аллаһ өлілерді осылай тірілтеді. Ойланып шындықты түсінулерің үшін сендерге көрсетеді"*** *деп бұйырылған.*

Перғауындар дәуіріндегі Мысырда сиыр киелі деп саналған жануар еді. Қазіргі Үндістандағы сияқты олар да сиырға табынатын. Аллаһтан басқа нәрселерге табынуға болмайтынын көрсету және осындай қате сенімдерді жою мақсатымен Бәни Исраил қауымына осы муғжиза көрсетілген.

Жаннат өзені

Пайғамбарымызбен Хазреті Әбу Бәкір Хижрет кезінде тау үңгірінде үш күн болды. Әбу Бәкір Сыддық қатты шөлдегенін айтқанда Пайғамбарымыз оған былай бұйырды:

-Ей Әбу Бәкір! Сыртқа шық, ағып тұрған өзеннен қалағаныңша іш!

Хазреті Әбу Бәкір сыртқа шыққанында таң қалды. Қардан суық және аппақ, балдан тәтті және хош иісті бір өзеннің ағып тұрғанын көрді. Шөлін қандырып ішіп кейін Пайғамбарымыздан сұрайды:

-Ей Расулуллаһ, бұл таудың басында ағып тұрған қандай жанды су, мұндайды әлі ешкім көрмеген.

Пайғамбарымыз оған:

-Хақ та'ала Жаннат өзендерінен жауапты болған періштеге сен ішуің үшін Фирдәус жәннатынан осы үңгірдің алдына бір өзен ағызуын әмір етті.

Хазреті Әбу Бәкір жылап тұрып:

-Әке-шешем сен үшін құрбан болсын! Әбу Бәкірдің Хақ та'ала алдында мұншалықты қадірі бар ма еді, ол үшін су жіберерлік?

Хақ та'ала алдында қадірің өте жоғары. Мені пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етіп айтамын саған дұшпандық еткендер жетпіс жылдық жақсылықтары болса да Жаннатқа кіре алмайды.

Аллаһқа шүкір ету

Мұса алейһиссалам, Аллаһу та'аладан былай сұрады:

-Иа Раббым! Адамдар бергенниғметтеріңнің шүкірін қалай орындаған болады?

Аллаһу та'ала былай бұйырды: ***«Ей Мұса! Бір адам өзіне берген ниғметтерімді менен деп біліп өзінен деп білмесе, ниғметімнің шүкірін орындаған болады. Бір құлым рызықтарын өзінің еткен еңбектерінен деп біліп, менен деп білмесе ниғметтердің шүкірін орындамаған болады.»***

Аллаһу та'ала хадис құдсиде былай бұйырған:

«Адамдарды және жындарды мен жараттым. Ал олар басқаға ғибадат етіп табынуда. Рызықтарын мен берудемін, ал олар басқаға шүкір етуде!»

Дауд алейһиссалам Аллаһу та'алаға мінажат етіп сұрады:

-Йа Раббым! Адам алейһиссаламға өте көп сыйапатпен мейірімділік таныттың. Ол саған қалай шүкір етті?

Аллаһу та'ала оған былай бұйырды: ***«Ей Дауд! Ол бүкіл сыйапаттарымды менің тарапымнан келіп жатқанын білді. Оның бұлай білуін оның шүкірі ретінде қабылдадым!»***

Дауд алейһиссалам:

-Йа Раббым! Ниғметтің шүкірін қалай орындаймын? Өйткені шүкірді орындаудың өзі де сенен келетін ниғмет.

Аллаһу та'ала былай бұйырды: ***«Ей Дауд! Сен қазір шүкір еттің. Өз әлсіздігіңді ниғметтің шүкірі деп білдің»***

Юсуф «алейһиссалам» пайғамбар

Хазірет Юсуф пен бауыры Бунямин аналарынан айрылғаннан кейін әкелері хазіреті Яқуб (Жақып) оларға басқа ұлдарынан да көп көңіл бөле бастайды. Ағалары бұл халді көріп, қызғаныштан жарыла жаздайды.

Бір күні Юсуф ғажайып бір түс көреді. Түсінде он бір жұлдыз және Ай мен Күн оған сәжде етіп, бас иіп тұр екен. Оянған соң бұл түсті әкесіне айтып береді.

-Балам, мәртебең үстем болады екен. Мұндай шапағатқа Аллаһтың нұры түскен адамдар ғана ие болады, - деп жорып берген әкесі хазіреті Яқуб бұл түсін ешкімге айтып қоймауын өтінді. Алда бір қастандық жасалар деп қауіптенген еді. Әкенің балаға деген ықыласы одан сайын арта түседі. Қалған ұлдары әкесінің махаббатын қызғанып, әзәзілдің азғыруымен Юсуфті өлтіруді ойластырады. Хазірет Юсуфті қыдыруға алып шығу үшін әкелерінен рұқсат сұраған он аға, серуенге шығады. Бірақ бауырларын өлтіруге қимай, құдықтың түбіне тастап кетуді ұйғарады. Керуеншілер құдыққа аялдамай өтпейтінін білетін олар Юсуфті бір құдыққа тастайды да көйлегіне қан жағып, үйлеріне қайтады. Үйге жақындағанда өтірік жылай бастасады.

Яқуб пайғамбар мұны естіп, «не болды, Юсуф қайда?» деп сұрайды. Олар қанды көйлекті көрсетіп, «Жарысқан болатынбыз, Юсуф киімдерімізге қарап қалған болатын. Оны қасқыр жеп кетіпті» дейді. Хазірет Яқуб жылап, қанды көйлекті бетіне, көзіне сүртеді. Онда ешқандай жыртықтың жоқ екенін көріп, оны қасқыр жемегенін түсінеді.

Бұл арада жас Юсуф тасталған құдықтың қасына бір керуен келіп, қонақтайды. Олардың бірі құдыққа шелек тастайды. Хазірет Юсуф шелекте жабысып, сыртқа шығады. Керуендегілер оны Мысырға апарып, құл базарына шығарады.

Жүзінен нұр төгіліп тұрғандықтан барлығы оны сатып алғысы келеді. Оны Мысыр билеушісі Реянның қазынашысы Азиз сатып алады.

Азиздің әйелі Зылиха жас болатын. Хазірет Юсуфтың көркемдігіне, жүзіндегі пайғамбарлық нұрға барлық адам таң қалатын. Бұл жағдай

Зылиханың оған ғашық болуына себеп болды. Зылиха бір күні хазірет Юсуфті қасына шақырады. Қанша сәндене де хазіреті Юсуф оған көңіл аудармайды. Ғашықтықтан нәпсісін тыя алмаған Зылиха Юсуфтің көйлегінің артынан ұстап, тартып қалғанда киім жыртылады. Осы сәтте қазынашы Азиз болған оқиғаның үстінен келіп қалады. Зылиха «мені масқаралап, зинаға шақырды, зорлық қылды» деп Юсуфті кінәлап, оны зынданға тастатуға бұйырады. Азиз қазыларға барғанда көйлек алдынан жыртылса Юсуф, артынан жыртылса Зылиха кінәлі екенін айтады. Зылиханың кінәлі екенін біле тұра қазынашы ел аузына тарап кетуден қорқып, Юсуфті зынданға тастайды.

Өсек түбі тарамай қоймайды. Бір күні Зылиха бір топ әйелдерді қонаққа шақырып, жеміс туратып қояды. Және осы сәтте Юсуфті зынданнан алдырып, олардың алдарынан жүріп өтуді бұйырады. Хазірет Юсуф өтіп бара жатқанда, аһ ұрып, сұлулығына қайран қалған әйелдер жемiспен қоса саусақтарын да турап тастағандарын сезбей қалады. Зылиха өсекші әйелдерге шындықтың бетін ашып береді. «Расында да, оны мен азғырдым. Сұлулығына телміріп, нәпсімді тыя алмадым» деп мойындайды.

Кейіннен Аллаһтың әмірімен Юсуф зынданнан шығады. Сыртқы сұлуығымен ғана емес, екі есе ішкі сұлулығымен ерекшеленетін Юсуф пайғамбарымыз туралы қасиетті Құран Кәрімнің 12-ші «Юсуф» сүресінде айтылады. «Юсуф-Зылиха» жырында да бұл оқиға толық баяндалады.

Бұлбұлдың арманы

Намруд деген залым патша Ибраһим алейһиссаламды отқа тастаған кезде бүкіл періштелер, жануарлар және құстар жылай бастады және айналасына жиналып Ибраһим алейһиссаламға бір көмек берудің шарасын іздей бастады. Бұлардың ішінде кішкентай ғана бұлбұлдың балапаны да бар еді. Өзін отқа тастайын деп тұрған мезетте Аллаһу та'ала Жәбірейіл алейһиссаламға әмір етіп, былай бұйырды:

-Ол құсты ұста және қандай тілегі барын сұра.

Жәбірейіл алейһиссалам құсты ұстап не қалайтынын сұрағанында:

-Халилуллаһты отқа тастап жатыр. Оны құтқару қолымнан келмейтінін біліп тұрмын. Ең болмаса онымен бірге жанайын.

Жәбірейіл алейһиссалам құстың жауабын Аллаһу та'алаға айтқанында былай бұйырды:

-Ол құстың менен қандай тілегі бар? Сонда әлгі бұлбұл тілегін былай білдірген екен:

-Менің дүниеде Аллаһу та'аланы зікір етуден

(еске алудан) басқа тілегім жоқ. Мың бір аты бар деп естідім. Жүз бір есімін білемін. Тоғызжүз есімін де білгім келеді.

Хақ та'ала құстың тілегін орындайды. Қазір бау бақшаларда сайрап жүрген бұлбұл Хақ та'аланың есімін айтуда.

Намрудтың оты Ибраһим алейһиссаламға гүл бақшаға айналғанда бұлбұл келіп гүл ағашына қонып сайрай бастады. Сол кезден қияметке дейін гүл ағашына ғашық болды.

Құранды тыңдаған мүшріктер

Исламның алғашқы жылдарында Меккелік мүшріктер түрлі айлалар мен зұлымдықтар арқылы адамдардың иман келтіруіне кедергі болатын. Мекке халқына Мұхаммед пайғамбар оқыған аяттарды тыңдауға тыйым салатын. Ал, өздері түнде, жеке-жеке пайғамбарымыздың үйінің айналасына жасырын барып, пайғамбарымыз оқыған аяттарды тыңдайтын. Таң атып, дала жарық болған кезде әрбірі тығылып отырған жерлерінде бір-бірін көріп, айыптайтын. Соңында «Біз оның Құдайына сенбейміз. Мұхаммед сиқыршығой? Сиқырлы сөздерін Құдайдың сөзі деп жұртшылықты алдауда. Біз – меккенің асыл азаматтары осы сиқыршыға қарсы күресудеміз. Енді бұлай істемейік» деп бір шешімге келіп, үйлеріне таратын. Бірақ, ертеңіне түнде бәрібір Құран Кәрімнің әдеби және рухани тұрғыдан аса жоғары калималары алдында шыдай алмай, басқалардың хабарынсыз тыңдауға келе беретін. Қызығы, таң атып қалғанда бір-бірін байқап қалып, тағы бірін- бірі айыптап, ұрысатын. Тағы да келмеуге ант ішіп кетсе де, бәрібір күнде сол тірлік қайталана беретін.

Олар тек нәпсілеріне бағынып, өздерін жоғары санап, басқа мүшріктердің өздерін айыптайтындығынан қорқып, иман келтірмеді. Басқаларға да кедергі болу үшін көшеде «Мұхаммед сиқыршы» деп айқайлайтын…

Үш күндік аштық

Пайғамбарымыз бір күні кешкісін үйіне кіріп былай бұйырды:

-Ей Айша! Үш күн бойы дәм татпадым. Жейтін бір нәрсең бар ма?

Сол кезде есік қағылып хазіреті Әбу Бәкір келді. Не үшін келгендігін сұрағанда былай жауап берді:

-Ей Расулаллаһ! Үш күн бойы дәм татпап едім, қасиетті жүзіңізді көріп, аштығымды ұмыту үшін келдім. Сол кезде хазіреті Омар мен Әли де кіріп келді. Оларда сол сөзді қайталады.

Хазіреті Әли айтты:

-Ей Расулаллаһ! Кеше Муаз бин Жәбәлдің бақшасынан ағашта пісіп тұрған құрмаларын көрдім.

Сонда пайғамбарымыз:

***-Қане онда, Муаздың үйіне барайық,**- деді.*

Бірігіп Муаздың үйіне келді. Муаз есікке қарай жүгіріп, қонақтарды ішке кіргізді. Пайғамбарымыз жағдайды түсіндіргенінде, қатты қамығып былай деді:

- Ей Расулаллаһ! Құрмаларды бүгін ғана жинап, біразын жедік те қалғандарын садақа ретінде таратып жіберген едік.

Сонда пайғамбарымыз хазіреті Әлиге үйден бір себет алып бақшаға баруын және құрма ағашына:

***«Расуллуллаһ сенен құрма беруіңді сұрады!»** деп айтуын бұйырды.*

Хазіреті Әли пайғамбарымыздың сөзін айтқанында ағаш бір сәтте құрмаға толып қалды. Себетті толтырып әкеліп, барлығы тойғанынша жегенінде де себеттегі құрмалар мүлдем азаймады.

Періште және шайтан

Сахабалардан Дихйа Кәлби хазіреттері өте әдемі болған. Сапарлардан қайтқанында хазіреті Хасан және Хусейнге сыйлықтар әкеліп оларды қуантатын еді.

Жәбірейіл алейһиссалам Расулуллаһқа көбінесе оның бейнесінде келетін еді. Тағы да бір күні осылай оның бейнесінде келгенінде хазіреті Хасан мен хазіреті Хусейн оны Дихйа деп ойлап қалталарына қолдарын салып, ешнәрсе таба алмады. Расулуллаһ оған былай бұйырды:

-Ей Жәбірейіл бауырым! Немерелерімнің бұл қылығын дөрекілік және әдепсіздік деп ойлама! Олар сені Дихйа екен деп ойлап қалды. Дихйа келген сайын сыйлық ала келетін. Бұларды соған үйретіп қойды.

Жәбірейіл алейһиссалам бұны естігенде қатты ренжиді. Дихйа бұлардың жанына келгенде сыйлықсыз келмейді де мен қалай құр қол келемін деп жаннат жемістерінен бір бау жүзіммен бір анар әкеліп балаларға берді. Балалар сыйлықтарын алып мешіттің бір шетіне барып жейін деп отырғанда мешіттің есігіне қолына ағаш таянған, үсті шаң басқан кәрі, ақсақалды біреу келіп:

-Ашпын жейтін нәрсе беріңдерші, -деді.

Хазіреті Хасан және хазіреті Хусейн қолдарындағы жемістерді оған берейін деп бара жатқанында, Жәбірейіл алейһиссалам орнынан тұрып:

-Берменңдер ол малғұнға! Ол Шайтан. Жаннат нығметтері оған харам қылынған - деді.

Кейін «жоғал бұл жерден!» деп шайтанды қуып жіберді.

Пайғамбар ахлақы (мінезі)

Бір күні пайғамбарымыз базарға азық-түлік сатып алуға бара жатқанда бір қызметші қыздың жылап отырғанын көреді. Оған жақындайды:

-Қызым, неге жылап отырсың?

-Мен бір яһудидің қызметшісімін. Базардан май алып, үйге кетіп бара жатқан едім. Ыдыс қолымнан түсіп кетті. Ыдыс сынып, май төгілді. Қожайыныма не айтатынымды білмей, жылап отырмын.

Пайғамбарымыз қызға ыдыс пен май сатып алуға ақша береді. Қыз енді

-Мені қожайыным неге кешіктің деп ұрады,- дейді.

-Қорықпа, бірге барып, неге кешіккеніңді айтамыз.

Алдымен ыдыс пен май алады. Екеуі бірге яһудидің үйіне барып, есікті қағады. Яһуди есікті ашып, пайғамбарымызды көріп сасып қалады. Пайғамбарымыз яһудиге қызметшісінің кешіккен себебін түсіндіріп, қызға еш нәрсе істемеуін және кешіруін сұрайды.

Яһуди бұл жағдайға таң қалып, расулуллаһқа

-Мыңдаған адамның бас тәжі болған пайғамбар! Бір қызметші қыз үшін мен сияқты міскіннің есігіне келдің. Йа, расулуллаһ! Бұл қызды сенің құрметің үшін азат етемін. Маған иманды, Исламды үйрет. Сенің қасыңда мұсылман болғым келеді,- дейді.

Пайғамбарымыз оған мұсылмандықты қысқаша түсіндіріп береді. Ол адам мұсылман болған соң үйіне барып, бала-шағасына болған оқиғаны айтып береді. Олар да мұсылмандықты қабылдайды.

Ашуланба!

Бір күні пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір тайпаның көсемі келеді. Қайтарында:

«Мырзам, маған бір насихат беріңіз!» деп сұрайды.

Пайғамбарымыз алейһисалам оған: «Мұқият бол, Ашуланба!» дейді.

Тайпаның көсемі бұл қысқа ғана насихатқа таң қалып, ауылына қарай беттейді. Ауылына келсе, ауыл тұрғындарының жасақтанып жатқанын байқайды. Олардан алаңдаумен сұрайды:

-Тыныштық па, не болды?

-Біздің жастарымыз көрші тайпаның малдарынан бірнешеуін ұрлапты. Олардың қаруланып бізге келетіндерін ойлап, қорғану үшін жасақтанып жатырмыз,- дейді.

-Демек бізге шабуыл жасамақшы ма,-деп айбаттанып, тайпаның көсемі де қаруланады. Дәл сол сәтте пайғамбары-

мыздың алейһисалам насихаты есіне түседі.

Дереу тәубе етіп, қару жарақтарын тастап, тұрғындарға былай дейді:

-Мен қазір арғы тайпаға барып сөйлесемін. Келіспесе де жоғалтарымыз жоқ.

Арғы ауылға жақындағанда, сол ауылдың тұрғындары таңырқап, оны көсемдерінің жанына алып барады. Көсемдерімен сәлемдесіп былай дейді:

-Біздің жастарымыз сендердің малдарыңа зиян келтіріпті. Қателік бізден. Барлық шығындарды мен өтеймін. Осының кесірінен қан төгілмеуі тиіс.

Арғы көсем бұл кең пейілділікке қатты риза болып:

-Олай болса мен де барлық нұқсандарды кештім,- дейді. Осылайша қан төгілмей араларында бейбітшілік орнайды.

Мен оған ғашық болдым

Құран кәрім оқып жатқан кезде сүйікті пайғамбарымыздың есімі өткенде дереу сол мүбәрәк есімді құрметпен сүю керек. Көп ниғметке қауышылады.

Мұса алеһиссаламның заманында ешкімнің жақсы көрмейтін, күнаһар бір кісі болатын. Сол кісі бір күні өледі. Айналасындағылар бұл да адам ба, деп оны қоқысқа тастап жібереді. Аллаһу та'ала Мұса алейһиссаламға: «Менің пәлен жердегі қоқыста әулие бір құлым бар. Оны ол жерден шығарып, тазалап, жаназасын оқып жерле» деп әмір етеді. Мұса алейһиссалам әлгі кісіні қоқыстың ішінен шығарып, жақсылап жуып, кебіндеп, жаназасын оқиды. Бұл жағдайды көрген халық таң қалады. Жерлегеннен кейін Мұса алейһиссалам әлгі кісінің үйіне келіп:

-Ей ханым, бұл кісі не істеген, қандай жақсы амал жасаған?- деп сұрайды. Әйел:

-Йа Расулаллаһ, ешкім оны жақсы көрмейтін, бәрі одан

қашатын еді, оның ешқандай жақсы амалы жоқ еді.

-Жақсылап ойлан, оның қайырлы бір амалы, жақсы бір ісі бар.

-Еш бір жақсылығы жоқ еді, үнемі күнә істейтін,- дейді. Үшінші рет сұрайды:

-Оның міндетті түрде бір игі ісі бар,

Аллаһу та'ала маған оны жерлеуімді айтты,- дейді. Сонда әйел былай дейді:

-Бір күні Тәурат оқып жатқан еді, оқып жатқан кезде Мұхаммед алейһиссаламның Ахмет деген

есімін кездестіреді. Бұл неткен әдемі есім деді, тағы да оқып, бұл неткен әдемі есім деді. Кейін, йа Раббым есімі осындай әдемі болған адамның кім білсін өзі де әдемі шығар, мен оған ғашық болдым деп есімін сүйген еді.

Мұса алейһиссалам болды, енді түсінікті дейді. Мұндай пайғамбарға үммет болу ең үлкен нигмет.

Бір адам сеніп Мұхаммед алейһиссаламды бір рет көрсе, жанынан тіпті арқасынан көрген болса да, немесе егер көзі көр болып дауысын бір рет істеген болса және иман келтірсе бүкіл ілімдер (жаратылыстану және дін үкімдері және бүкіл үстемдіктер) соған беріледі. Бұл нәрсе бояуға батырылған матаның бояуды сіңіріп алуына ұқсайды. Бүкіл үстемдіктер және ілімдер оған өтеді. Сол себепті сахабалардың барлығы мүжтәһид еді, олардың дәрежесіне еш кім жете алмайды, бұл үстемдіктер оларға тән.

Жаннатты сатып алды

Бір күні өте кедей бір кісі Мұса алейһиссаламға:

«Йа Мұса, жылдар бойы ғибадат етудемін, бірақ кедейліктен өлуге айналдым. Аллаһу та'алаға дұға ет, маған көп мал-мүлік берсін. Жағдайымды түзеп алайын» дейді. Мұса алейһиссалам Тур тауына барып Аллаһу та'алаға

дұға етеді. Аллаһу та'ала: ***«Ол құлымнан сұра! Байлықты дүниеде берейін бе, ахиретте ме?»*** *дейді. Мұса алейһиссалам кедейге келіп сұрайды. Кедей:*

«Мен байлықты дүниеде қалаймын» деп жауап береді. Мұса алейһиссалам: «Үш күндік дүниені не қыласың? Бір күні барлығын тастап кетесің ғой. Сен байлықты ахиретте сұра, ол жақ мәңгілік» деп кеңес береді. Кедей: «Таңдау маған берілді, мен дүниеде қалаймын» дейді. Мұса алейһиссалам кедейге: «Өзің білесің» деп, Тур тауына барып Аллаһқа: «Йа Раббым, Өзің білетініңдей ол құлың байлықты дүниеде қалады» дейді. Аллаһу та'ала:

«Қалауы осы болса, байлықты дүниеде бердім» *дейді.*

Кедей аз уақыттың ішінде өте бай болады, ақшасы сансыз көп болады. Ақшаларын үнемі жақсы нәрселерге жұмсайды. Ақшасын таратқан сайын арта береді. Қаншалықты көп берсе, соншалықты көп ақшасы болады. Қай жерде кедей адам болса, соған барып көмектеседі. Қай жерде қарызға батқан адам болса, барып оның қарыздарын төлейді. Жетімдерге қамқорлық жасайды. Оларды қуантады. Үйі болмағандарға үй әпереді, үйленгендерге көмектеседі. Өзіне ешнәрсе жаратпайды. Бар мүлкін өзгелерге таратады.

Уақыты келіп, бір күні ол адам қайтыс болады. Мұса алейһиссалам түсінде оны жаннатта зәулім сарайлардың ішінде көреді. Қызығып, мұның хикметін сұрайды: «Йа Раббым, бұл құлың байлықты дүниеде қалады, сен бердің. Ахиретте зәулім үйлерге қалай ие болды?» Аллаһу та'ала былай дейді:

«Иә, ол байлықты дүниеде қалады, мен бердім. Бұл сарайларды ол сол байлығымен сатып алды. Менің берген барлық ақшамды ол осы жерге жұмсады. Ол дүниеде зәулім сарайлар сатып алған жоқ, дүниеде мал-мүлік иесі болмады. Оған берген барлық мүмкіншіліктерді менің разылығым үшін, менің құлдарыма, менің сүйгендеріме таратты, (осылайша) жаннат пен зәулім сарайларға қол жеткізді.»

Періштелер де қызығып қарайды

Сүйікті пайғамбарымыз, Аллаһты жақсы көру туралы, дін туралы әңгімелесіп отырған жерлерге періштелердің де қызығып қарайтынын былай білдірген:

«Аллаһу та'аланың жер бетінде жүретін періштелері бар. Дін туралы әңгімелесіп отырған бір жамағатты көрген кезде достарын шақырып былай дейді:

-Келіңдер іздегеніміз мына жерде екен. Барлығы келіп, мейіріммен оларды қоршап алады. Көптігі соншалық, көкке дейін жетеді. Құлдарының әрбір ісін білуші Аллаһу та'ала олардан сұрайды:

-Құлдарым не істеп жатқан еді?

-Олар Саған шүкір, тәсбих айтып, зікір етіп жатқан еді.

-Менен не сұрап жатыр?

-Жаннатты сұрап жатыр.

-Олар жаннатымды көрген бе?

-Жоқ көрмеген.

-Егер көргенде не істейтін еді?

-Жаннатты көргенде одан да көп сұрайтын еді.

-Олар неден қашып жатыр?

-Тозақтың отынан.

-Тозақтың отын көрген бе?

-Жоқ көрмеген.

-Егер көргенде не істейтін еді?

-Егер оны көргенде, одан да қатты қорқатын еді.

-Ей періштелерім, сендер куә болыңдар, мен оларды кешірдім.

Періштелер:

-Олардың арасындағы біреуі, ілім үйрену немесе ғибадат ниетімен емес, басқа бір мәселемен келген еді, ол да кешіріле ме?

Аллаһу та’ала былай дейді:

*- **Олар сондай бір жамағат, олармен отырған адам шақи (тозақтық) болмайды, жаһаннамға кірмейді.***

Бұл сүйіншіге қауышу үшін, бірнеше адам жиналған кезде маңызды діни білімдер туралы сөйлесу керек. Мұндай мүмкіндікті ғанибет деп білу керек.

Анашым! анашым! Бізді Аллаһ көріп тұр

Хазреті Омар халифалығы кезінде бір түні қаланың тыныштығын тексеріп, қадағалау үшін көшелерді аралап жүр еді. Қарауытқан түнде келе жатып бір үйден қатты шыққан дауыстарды естиді. Бір ана қызына былай деп жатқан еді:

-Қызым ертеңгі сатылатын сүттерге су араластырып қой!

-Анашым халифа сүтке су араластыруға тыйым салды емес пе?

-Қызым мына түннің уағында халифаның қайдан хабары болсын, ол қазір төсегінде жатыр.

-Анашым! Анашым! Халифа ұйықтап жатыр, хабары жоқ дейсіз! Алайда барлық нәрсені білетін, көріп тұрған, барлық нәрсеге құдіретті Аллаһу та’ала бізді көріп тұр, халімізді біліп тұр! Қулығымызды адамдардан жасыра алармыз, бірақ барлық нәрсені білетін және көретін Аллаһтан қалай жасырмақсыз?

Хазреті Омар бұл қыздың көркем мінезіне қатты қайран болды. Бұл жағдайды әйеліне де айтып берді. Кейін ол қызды ұлы Асыммен үйлендірді. Асымның бұл әйелден бір қызы болды. Бұл қыздан әділеттілігімен аты әйгілі болған хазреті Омар бин Абдулазиз хан туылды.

Хазреті Әбу Бәкір

Басқа бір риуаят бойынша Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) пайғамбарымызға пайғамбарлығы білдірілместен бұрын сауда мақсатында Йеменге барған. Сол сапарында Йемендегі Азд тайпасынан көп кітап оқыған бір қарт адамға жолығады. Бұл қария хазіреті Әбу Бәкірге қарап: «Сен Мекке халқынансың ғой шамасы» дейді. Хазіреті Әбу Бәкір: «Иә, солай» деп екеуі әңгімені былай жалғастырады:

- *Сен құрайыштансың ба?*
- *Иә.*
- *Бәни Темимненсің бе?*
- *Иә.*
- *Тағы бір белгі қалды.*
- *Ол не?*
- *Ішіңді аш, көрейін*
- *Мақсатың не, айт.*

- Кітаптардан оқыдым, Меккеде бір пайғамбар шығады. Оған екі адам көмектеседі. Бірі жас, екіншісі егде адам. Жасы небір қиындықтарды жеңілдетеді. Көптеген бәле-жалаларды жояды. Ал егде адам болса ақ құба, ашаң тұлғалы, қарнында бір қара меңі бар болады. Мен сол адамды сен деп ойлаймын. Ішіңді аш, көрейін.

Содан соң хазіреті Әбу Бәкір ішін ашады, кіндігінің үстіндегі қара меңді көргенде: «Уаллаһи, сол адам сенсің» деп, Әбу Бәкірге көп насихаттар айтады.

Хазіреті Әбу Бәкір жұмысын бітіргеннен кейін қоштасуға жаңағы адамға барады. Пайғамбарымыз туралы бірнеше өлең оқуын сұрайды. Ол кісі он екі шумақ өлең оқиды. Хазіреті Әбу Бәкір оларды жаттап алады.

Хазіреті Әбу Бәкір сапардан Меккеге оралғанда Уқба ибни Муайт, Шәйба, Әбу Жәхл, Әбул Бухтари сияқты құрайыштың

алдыңғы қатарлы адамдары оның үйіне барады.

Әбу Бәкір оларға: «Бір жағдай болды ма?» деп сұрады. Олар: «Мынадай жағдай болды, Әбу Тәліптің жетімі пайғамбарлық туралы айтуда, сендер және ата-бабаларың жалған дінненсіңдер дейді. Егер сен болмағанда оны бұл кезге дейін тірі қалдырмас едік. Сен Оның жақын досысың. Бұл істі сен шеш» дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір оларды жіберіп, пайғамбарымыздың Хадиша анамыздың үйінде екенін есітіп, барады. Пайғамбарымыз оны қарсы алғанда: «Йа, Мұхаммед! Сен туралы айтылып жатқандар не сөз?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз:

«Мен Хақ та'аланың пайғамбарымын. Саған және бүкіл адамзат баласына жіберілдім, иман келтір, сонда Аллаһу та'аланың ризалығына қауышасың және жаныңды тозақтан қорғайсың» *дейді. Әбу Бәкір: «Бұған дәлелің бар ма?» деп сұрайды. Расулуллаһ:* ***«Ана Йеменде көрген қарт адамың туралы оқиға дәлел»*** *дейді.*

Хазіреті Әбу Бәкір: «Мен Йеменде көптеген қарт пен жас адам көрдім» дейді. Пайғамбарымыз:

«Ол қарт саған он екі шумақ өлеңді тапсырып, маған жіберді» *деп, сол өлеңдерді оқиды. Хазіреті Әбу Бәкір: «Мұны саған кім айтты?» деп сұрағанда:* ***«Менен бұрынғы пайғамбарларға келген періште айтты»*** *дейді. Осыны естігеннен кейін Хазіреті Әбу Бәкір: «Қолыңды берші» деп, пайғамбарымыздың қолынан ұстап:* ***«Әшһәдуән Ла илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһ»*** *деп мұсылман болады.*

Мәжусидің (отқа табынушының) шағымы

Хазреті Омар халифа кезінде шығыс майданның қолбасшысы болған хазреті ***Са'д бин Әби Уаққас*** *Куфа қаласында бір ғимарат тұрғызбақшы болады. Құрылыс болатын жерге көршілес тұрған мәжусидің үйін де сатып алу керек болады. Мәжуси үйін сатқысы келмейді. Үйіне барып әйелімен кеңеседі. Әйелі «бұлардың Мәдинада бір әміршілері бар, соған барып шағымдан» дейді. Мәдинаға келіп Халифаның сарайын іздейді. Сұрастыру барысында адамдар "Оның сарайы жоқ" дейді. "Ал өзі қазір қайда?" дегенінде "қала сыртына кеткен" деседі.*

Іздеп барады. Еш жерден әскерлер, қорғаушылар көрінбейді. Топырақ үстінде ұйықтап жатқан адамды көріп "Халифа Омарды көрдің бе?" дейді. Бұл адам хазреті Омар еді. "Оны неге іздеп жүрсің?" деп сұрайды. Сонда мәжуси "Оның қолбасшысы менің үйімді зорлықпен тартып алмақшы. Соған шағымдануға келдім." деп жауап береді.

Хазреті Омар мәжусиді ертіп үйіне келеді. Қағаз сұрайды, бірақ қағаз табылмайды. Күрек сүйекті көріп бетіне "бисмилләдан" кейін ***"Ей Са'д бұл мәжусиді ренжітпе немесе дереу қасыма кел!"*** *деп жазады.*

Мәжуси сүйекті алып үйіне келеді. "Босқа әуре болыппын, мына сүйекті қолбасшыға көрсететін болсам, мазақ қылып тұр деп ашуланса керек" дейді. Әйелінің көндіруімен Са'дқа барады. Са'д әскерлерінің арасында мәз-мәйрам отырған еді. Көзі ұзақта келе жатқан мәжусидің қолындағы сүйекке түседі. "Әмирул муминин" Омардың жазуын танып, сол мезетте жүзі бозарып кетеді. Реңінің кенеттен өзгеруіне барлығы таң қалады. Са'д мәжусидің жанына барып: "Не қаласаң да орындайын, бірақ мені Омардың алдына жіберме! Оның жазасына шыдай алмаспын." дейді. Мәжуси қолбасшының бұлай жалбарынуын көргенде таңданысынан есінен танып қалады.

Есін жиғанында кәлима айтып мұсылман болады. Мәжусидің мұсылман болғанын естіген достары: "неге мұсылман болдың?"-деп сұрайды. Сонда ол "Әміршілерін көрдім, жамаулы шапанын киіп толырақ үстінде ұйықтап жатқан еді. Қолбасшыларының одан қорқып қалтырап қалғанын да көрдім. Бұлардың хақ дінде екендігін түсіндім. Мен сияқты отқа табынатын адамға мұншалықты әділдік танытылу тек хақ дінге сенетіндерде ғана болады." дейді.

Хазреті Осман

Хазіреті Османның айтып бергені: "Менің бір әпкем бар еді. Өте ілімді кісі болатын.

Бір күні маған былай деді:

-Саған бір сұлу бұйырып тұр. Сен одан бұрын ешқандай қызбен болмайсың, ол да сенен бұрын ешқандай еркекпен болмайды. Сұлу реңді және өте діндар қыз, бір ұлы пайғамбардың қызы болса керек.

Мен бұл сөздеріне қайран болдым. Кейін маған қарап:

-Бір пайғамбар келді. Оған уахи түсті.

-Ей әпке! Мұндай хабар қалада әлі естілмеді. Анықтап түсіндіріп айтшы!

-Мұхаммед бин Абдуллаһқа пайғамбарлық берілді. Халықты дінге шақырып жүр. Көп уақыт өтпей Оның дінімен әлем нұрланады. Оған қарсы шыққандар Жаһаннамға түседі.

Бұл сөзі маған қатты әсер етті. Қобалжып кеттім. Әбу Бәкір екеуміздің арамызда достық бар еді. Бір-бірімізден еш айрылмайтынбыз. Екі күннен кейін қасына бардым. Әпкемнің айтқандарын оған айтып бердім. Хазіреті Әбу Бәкір маған былай деді:

-Сен ақылды адамсың. Еш көрмейтін, естімейтін, бізге пайдасы да зияны да тимейтін пұттар қалай құлшылыққа лайық болады? Сенің айтқандарың рас. Сенің әпкең де саған дұрыс айтқан.

Хазіреті Әбу Бәкір екеуміз осылай сөйлесіп отырғанда, Расулуллаһпен хазіреті Әли жанымызға келді. Хазіреті Әбу Бәкір тұрып Расулуллаһқа бірдеңе айтты.

Пайғамбарымыз келіп жанымызға отырды, маған қарап былай бұйырды:

"ЕйОсман!МенРаббымыздыңпайғамбарымын. Аллаһ сені жаннатқа шақыруда. Сен де бұл шақыруды қабыл ет!"

Бұл сөзі маған қатты әсер етті. Сол сәтте шаһадат калимасын айтып Исламға келдім. Қысқа уақыттан кейін, уаһи келіп, пайғамбарымыз қызы Руқаямен некелестірді. (Ол қайтыс болғанда Умми Гүлсүммен некелестірді.)

Әпкем менің иман етуіме қатты қуанған еді."

Хазреті Әлидің дәрежесі

Бір күні Сахабалар хазреті Әлидің мәртебесін білу үшін Пайғамбарымыздан былай деп сұрады:

-Ей Расулаллаһ! Хазреті Әлиге деген мұншалықты сүйіспеншілігіңіздің себебін айтасыз ба?

Пайғамбарымыз:

-Олай болса Әлиді шақырыңдар!- деді.

Біреуі Хазреті Әлиді шақыруға кетеді. Қалғандарынан пайғамбарымыз былай деп сұрайды:

-Бір адамға жақсылық жасасаңдар, ал ол адам сендерге жамандық жасаса, не істейсіңдер?

-Жақсылықпен жауап береміз.

-Қайталап жамандық жасаса, тағы жақсылық етесіңдер ме?

-Йә, Жақсылық етеміз.

-Сендерге үшінші рет жамандық етсе не істейсіңдер?

Үшінші рет сұрағанында ешкім жауап бермеді. Үнсіз бастарын төмен қаратты.

Хазреті Әли келгенде Пайғамбарымыз одан да дәл осы

сұрақтарды сұрады:

-Ей Әли! Бір адамға жақсылық етсең, ол саған жамандық жасаса не істейсің?

-Жақсылық жасаймын.

Пайғамбарымыз жеті рет сұрағанында да осы жауапты алды.

-Бәрібір жақсылық етемін Ей Расулуллаһ! Әуре болмаңыз, қанша сұрасаңыз да берер жауабым осы.

Сахабалар бұл жауапты естігеннен кейін қайран қалып пайғамбарымызға былай деді:

-Ей Расулуллаһ! Хазреті Әлиге неліктен мұншама сүйіс-пеншілік артуыңыздың себебін енді түсіндік.

Біз де оны қатты жақсы көреміз...

Императордың қайран қалуы

Абдуллаһ Бин Хүзафе және оның сексенге жуық жолдасы Византиялықтарға тұтқынға түседі. Оларға император тарапынан діндеріңнен қайтыңдар деп қатты қысым жасалады. Әсіресе Абдуллаһ Бин Хүзафені қатты қинайды. Бірақ Абдуллаһ Бин Хүзафе өз дінінен қайтпайтынын айтып табан тіреп тұрып алады. Император:

-Діндеріңнен қайтпасаңдар қазанға қайнатып өлтіремін,- дейді. Мұсылмандар діндерінен қайтпайтындарын айтады.

Қазанға май құйып, астына от жағып, бір тұтқын мұсылманды әкеліп:

-Дініңнен қайт!-деп соңғы рет ескертеді. Сонда мұсылман оларға қарап күліп тұрып:

- Дәл қазір, шәһиттерге уәде етілген жұмақтағы зәулім үйлер көз алдымда тұр. Әттең жаным көп болғанда, жұмақта көп зәулім үйлерге қауышар едім– дейді. Мұны естіген Византиялықтар ол мұсылманды қайнап тұрған қазанға тастайды.

Хазреті Абдуллаһқа да дәл солай:

-Дініңнен қайт!- деп соңғы рет ескерткенде,

«жоқ» деп жауап қайырған Хазреті Абдуллаһтың да қазанға тасталуы әмір етіледі. Қазанға

тастауға алып бара жатқанда Хазреті Абдуллаһ өксіп жылайды. Мұны көрген император оны алдына алып келуін бұйырады.Императордың алдына келген Хазреті Абдуллаһ былай дейді:

***«Мені осындай халге түскенім үшін жылап тұр деп ойлама. Олай емес. Менің, Аллаһ жолында құрбан ететін жалғыз ғана жаным бар. Шашымның санындай көп жаным болғанда, барлығын қуана-қуана Аллаһ жолында құрбан етер едім...»** - дейді.*

Мұндай күшті иманнан әсерленген император, бір сылтау тауып Хазреті Абдуллаһты бостандыққа жібергісі келеді.

-Менің басымнан сүйсең, бостандыққа жіберемін.

-Жоқ!

-Дініңнен қайтып, менің қызыма үйленсең, мал- мүлкімнің жартысын саған беремін.

-Жоқ!..Жоқ!

-Басымнан сүйсең, сені қасыңдағы 80 жолдасыңмен қосып бостандыққа жіберемін.

Хазреті Абдуллаһ императордың бұл ұсынысына келісіп, импертордың басынан сүйеді де 80 жолдасын алып Мәдинаға қайтады. Оларды Мәдинадағы Сахабалар құшақ жая қарсы алады. Хазреті Омар Сахабаларға қарап: «Барлығың Абдуллаһтың басынан сүйіңдер» – дейді.

Хазреті Омар өзі бастап артынан бүкіл мұсылмандар Хазреті Абдуллаһтың басынан сүйеді....

Абдуллаһ Бин Хүзафе Хазреті Османның дәуірінде Мысырда қайтыс болады.

Ніл өзенінің суы

Хазірет Омардың "радиаллаһу анһ" заманында Мысырдың халқы әмірлері болған хазірет Амр бин Асқа келіп:

"Ніл өзенінің бір әдеті бар. Бұл әдеті орындалмаса, суы тартылып қалады. Осы айдан 12 күн өткеннен кейін, бір қыз табамыз. Жанұясына ақша беріп разылығын алып, ол қызды әдемілеп, сәндеп Ніл өзеніне лақтырамыз" дейді.

Амр бин Ас: "Ислам бұрынғы бұрыс әдеттерді жойған" деп қабыл етпейді. Осыдан 3 ай өтіп Ніл өзенінің суы халықтың айтқанындай тартылып қалады. Ніл өзенінің айналасындағы Мысыр халқы көше бастайды. Бұл жағдайды көрген Амр бин Ас хат жазып, жағдайды хазіреті Омарға баяндайды. Хазіреті Омар хатты оқып былай деп жауап береді:

«Олардың әдеттерін орындамағаның дұрыс болған. Хаттың ішіндегі қағазды Ніл өзеніне таста.»

Хаттың ішіндегі қағазда былай деп жазылған еді: «Аллаһтың құлы Омар бин Хаттабтан Ніл өзеніне! Егер бұдан бұрын өзім ағып тұрған едім деп ойласаң, ақпа! Егер де сені жалғыз және қаһһар болған Аллаһу та'ала ағызған болса жалғыз және қаһһар болған Аллаһу та'аладан сені ағызуы үшін дұға етемін, ағызуын сұраймын...»

Амр бин Ас ол қағазды Ніл өзеніне тастайды. Ертеңіне су аға бастайды және бұдан кейін еш тоқтамайды.

Аяққа қадалған жебе

Пайғамбарымыздың сүйікті күйеу баласы хазреті Әли (радиаллаһуанһ) намазоқып жатқанда дүние астаң-кестең болса да хабары болмайтын. Бір соғыста хазреті Әлидың аяғына садақтың жебесі қадалып қалады. Жебенің сүйекке кіргені

соншалық шығару мүмкін болмайды. Дәрігерлерге де көрсетеді. Дәрігерлер: «Бұл жебені алу үшін адамды есінен тандыратын дәрі қолдану қажет. Сонда ғана алуға болады. Әйтпесе шыдау қиын болады» - дейді. Сонда хазреті Әли: «Ондай дәрінің қажеті қанша. Одан да намаз уақытын күтейік. Намаз оқыған кезде аларсыңдар» - дейді. Намаз уақыты кіргенде хазреті Әли намаз оқуға тұрады. Сол кезде дәрігер хазреті Әлидің аяғын кесіп жебені алып тастайды. Жараның бетін байлап болған соң хазреті Әли намазды бітіріп: «Алып тастадыңдар ма?» - деп сұрайды. Дәрігер: «Иә, алып тастадым» - дейді. Сонда хазреті Әли: «Еш нәрсе сезбедім» - деген екен. Мұнда таң қаларлық не бар! Өйткені Юсуф пайғамбардың сұлулығын көрген Мысыр әйелдерінің қайран қалғандығы соншалық өздерін ұмытып кетіп, қолдарын кесіп алғанынан да хабарлары болмаған. Егер Аллаһу та'аланың құзырында тұру, махабатына бөленген ғашықтарын өз-өзін ұмытатындай халге түсірсе, оған таң қалудың қажеті жоқ. Мүміндер де жан тапсырар кезде пайғамбарымызды көріп өлімнің қиыншылығын сезбейді.

Абдуллаһ бин Аббас

Абдуллаһ бин Аббас *- ұлы сахабаладың бірі. Хижрадан 3 жыл бұрын дүниеге келді. Пайғамбарымыз қайтыс болған кезде 13 жаста болатын. Екі рет Жәбірейіл алейһисселамды көрді. Пайғамбарымыз оған Аллаһу та'ала даналық берсін деп, дұға еткен. 71 жасында Таифта қайтыс болды.*

Бір күні мешітке бара жатып, жолда бір әдемі әйелді көреді. Нәпсісінің оған бет бұрғанын байқады. ***«Ей, Раббым! Сен маған көзді бір нигмет етіп бердің. Бірақ, мұның бір бәле болуынан қорқамын. Көзімді көргізбе»*** *деп дұға етеді. Көздері көрмей қалады. Бауырының баласы оны мешітке апарады, бір тіректің түбіне құбылаға қаратып отырғызады. Бала ойнауға кететін, керек кезінде баланы шақырып алатын.*

*Бір күні дәрет алу керек болды. Баланы шақыртады. Ойынға беріліп кеткен бала келе қоймайды. Маңайды ластайтынынан қорқып, **«Ей, Раббым! Көзімді нығмет ретінде бердің. Бәле болатындығынан қорқып көргізбей қойдың. Енді киімім мен мешіттің ластануынан қорқамын»** дейді. Сол кезде көрмейтін көздері қайтадан ашылады.*

Зайд бин Хариса

Йеменде анасы екеуі бір жерге бара жатқан жерінен тұтқынға алынып құлдыққа жіберіледі. Меккеге алып келіп хазіреті Хадиша анамыздың жиеніне сатылады. Жиені кейін оны хазіреті Хадишаға, ол да пайғамбарымызға сыйға береді.

Әкесімен нағашысы ізіне түсіп, оны іздеп Меккеге келеді. Ол кезде әлі пайғамбарлығы жарияланбаған Расулуллаһтың алдына келіп балаларын сұрайды. Пайғамбарымыз:

-Зайдтің өзінен сұрайық. Сізге барғысы келсе барсын, менің жанымда қалғысы келсе осында қалсын!-дейді.

Әкесі мен нағашысы бұл ұсынысқа қатты қуанады. Өйткені балаларының өздеріне қайтатынын ойлады. Зайдті шақырып пайғамбарымыз жағдайды түсіндіреді. Сонда ол былай деп жауап береді:

-Мен ешкімді сізге ауыстырмаймын. Менің әкем де нағашым да сізсіз. Сіздің қасыңызда қалғым келеді.

Әкесі бұл жауабына ашуланып:

-Сен бостандықты, әке-шешеңді, нағашыңды құлдыққа ауыстырып отырсың!

-Әкетайым, мен мына кісіден сондай жақсылықтар көрдім, енді одан айрылғым келмейді!

Пайғамбарымыз бұған өте қуанып, Зайдті Қағбадағы хажарул асуад тасының жанына алып барып, ол жерде болғандарға былай деп жариялады:

-Бәрің куә болыңдар! Зайд бүгіннен бастап менің балам.

Әкесімен нағашысы бұл жағдайды көргенде ашулары басылып, көңілдері толған күйде елдеріне қайтады.

Зайд бин Хариса Расулуллаһтың пайғамбарлығын естуімен иманға келді. Алғашқы иман келтірген 4 адамның бірі болды. Мекке кәпірлері оған өте көп азаппен қорлық көрсетеді. Хижретке рұқсат келуімен Мәдинаға көшті. Расулуллаһ та оны азат еткен болатын.

Сахабалардың ішінде хазіреті Зайдтен басқа ешкімнің есімі Құран кәрімде анық айтылмаған. 630 жылы қолбасшы ретінде қатысқан Мута соғысында шәйіт болды. Ұлы Усама хазіреттері де пайғамбарымыздың қолбасшы етіп тағайындаған сахабалардан болған.

Сатып алынған құдық

Мұсылмандар Мәдинаға хижрет еткен кезде ауыз су мәселесі қиындау болған еді. Құдық көп болатын. Бірақ, сулары онша жақсы еместі. Руме деген құдықтың суы өте керемет еді. Бұл құдық бір яһудидің құдығы болатын. Яһуди мұсылмандарды қинау үшін құдықтан әрдайым су бере бермейтін. Берген күнде де қымбат бағаға сататын, сондықтан барлық адам ала алмайтын және кедей мұсылмандар алуға қиналатын.

Пайғамбарымыз мұны көріп ренжитін. Бір күні былай деді: ***«Руме құдығын кім алып, өз шелегін мұсылмандардың шелегімен тең ұстаса жұмақтағы шелегі бұдан қайырлы болады».***

Мұны естіген Хазреті Осман дереу яһудиге барып, саудаласа бастайды. 12000 дирхамға (күміс теңге) құдықтың жарты үлесін сатып алады. Сөйтіп, құдықтың басында бір күн яһуди, бір күн Хазреті Осман тұрып су сататын. Яһуди тағы да жоғары бағаға сатады, ал Хазреті Осман тегін беретін. Мұсылмандар Хазреті Османның кезегінде екі күндік суларын алып алатын. Ертеңіне яһудиге ешкім бармайтын. Яһуди енді

құдықтың қалған жартысын да сол бағаға Хазреті Османға сатқысы келеді. Бірақ, Хазреті Осман оған көнбейді. Біраз уақыт өткен соң тағы барып, арзан баға ұсынып, сатады. Осылайша, құдық толығымен мұсылмандардың қажеттілігіне жұмсалады.

Ол айтқан болса, дұрыс айтқан!

Пайғамбарымыз миғраж оқиғасынан кейін Қағбаның жанына барып, халыққа миғражсын айтып береді. Оны естіген кәпірлер оны мазақ етті: «Мұхаммед ақылынан адасыпты» деді. Мұсылман болуға ниеттеніп жүргендер де райларынан қайтты. Кәпірлердің біразы қуанып, Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһ) үйіне барды. Өйткені, оның ақылды, тәжірбелі және абыройлы саудагер екенін білетін. Олар: «Ей Әбу Бәкір! Сен Құдысқа көп барасың. Меккеден Құдысқа барып келуге қанша уақыт кетеді?» деп сұрайды. Әбу Бәкір:

«Бір айдан көп» дейді. Кәпірлер бұған қуанып:

«ақылды адамның сөзі осындай болады» дейді.

«Сенің досың Құдысқа бір түнде барып келдім дейді» деп, Әбу Бәкірге құрмет көрсетеді.

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың атын естіген соң: «Егер Ол айтса, дұрыс айтқан, сенемін! Бір сәтте барып келген!» деп ішке кіреді. Кәпірлер не болғанын түсінбей қалады. Сосын:

«Әй, Мұхаммед, қандай сиқыршы едің, Әбу Бәкірді сиқырлап тастапты» дейді.

Әбу Бәкір дереу киініп, Расулуллаһтың қасына барады. Топ адамның арасында тұрып: ***«Ей Расулаллаһ! Миғражыңыз құтты болсын! Аллаһу та'алаға шексіз шүкіршілік етемін. Бізді сіз сияқты ұлы пайғамбарға қызмет етуге бұйырды. Сіздің жарқын жүзіңізді көріп көңілді жаулайтын сөздеріңізді еситуді бұйырды. Ей Расулуллаһ, сіздің барлық***

сөзіңіз шын, ақиқат. Мен сенемін. Жаным сіз үшін пида» *дейді. Әбу Бәкірдің сөзіне кәпірлер таң қалысты. Айтатын сөз таппай, тарай бастады. Күмәні бар, иманы әлсіз адамдардың жүрегіне сенім ұялатты. Расулуллаһ сол күні Әбу Бәкірге* ***“Сыддық”*** *деген ат тағады.*

Хазреті Әбу Бәкірдің кебіні

Билал Хабеши хазреттері Расулуллаһтың қайтыс болуынан біраз уақыт өткен соң Мұсылмандардың анасы Айша анамыздың үйіне барып есігін қағады. Сонда Айша Сыддық анамыздың іштен жылап тұрып:

-Айрылыс отымен жанып тұрған жүректің есігін қаққан кім?- деген дауысын естиді.

-Расулуллаһтың қызметшісі Билалмын... Халіңіз қалай?

-Ей Билал! Судан ұзақта қалған балықтың халі қалай болушы еді? Бүгін түнде Расулуллаһты түсімде көрдім, періштелермен жүр еді. Қайда бара жатқанын сұрадым. Әкемнің рухын күтіп алуға бара жатқандығын айтты.

Хазреті Билал дереу Әбу Бәкір Сыддықтың жанына барып Айша анамыздың түсін айтып береді. Хазреті Әбу Бәкір оған:

-Аллаһу та’аланың атымен ант етемін, түнде мен де осы түсті көрдім. Мен қызымның қасына барайын, мені бір рет тағы көріп қалсын.

Айша анамыз әкесін қарсы алып:

-Әкешім! Саған керек болар деп таза кебін алып келдім.

-Қызым ол кебінді қоя тұр! Мұсылман болған күнімдегі киімімді маған кебін қылыңдар! Өйткені көп уақыттарымды Аллаһ сүйіспеншілігінің берген қорқуымен жылап, көз жасымды сол киімге сүртетін едім. Аллаһу та’ала сол көз жастарымның құрметіне бәлкім маған мейірім етер.

Хазреті Әбу Бәкір сол түні қайтыс болды.

Пайғамбарымыздың немересі

Хазреті Мұхаммед Бақыр әһли бәйттен (пайғамбарымыздың ұрпағынан) хазреті Хусейннің немересі және үлкен ғалымдардан болған.

Бір күні сахабалардан хазреті Жабирдің жанына барады. Хазреті Жабирдің кәрілік халімен көздері көрмей қалған еді. Мұхаммед Бақырдың сәлемін алғаннан кейін "Сен кімсің?" деп сұрады.

-Мұхаммед бин Әли бин Хусейнмін

-Ей расулуллаһтың немересі жаныма кел! Мүсафаха (қолын алып) жасап көріскеннен кейін:

-Расулуллаһ маған айтқан еді: «Ей Жабир! Сен менің балаларымнан біреуін көріп сөйлескенге дейін өмір сүресің. Баламның аты Мұхаммед бин Әли бин Хусейн. Аллаһу та'ала оған нұр және хикмет береді. Оған менен сәлем айт!»

Хазреті Жабир аманат болған бұл сәлемді иесіне жеткізгеннен кейін біраз күннен соң қайтыс болды.

Хз. Әбу Бәкір мен хз. Әлидің бір-біріне құрметі

Бір күні Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың (алейһиссалам) үйіне келеді. Ішке кірмекші болғанында Әли бин Әбу Талиб (радиаллаһу анһ) та келеді. Хазіреті Әбу Бәкір артқа шегініп «Йа Әли! Сен кір» – деді. Ол да жауап беріп, араларында ұзақ әңгіме өтеді:

***Әли** – Йа Әбу Бәкір! Сен кір, өйткені әр жақсылықта, әр қайырлы істе алда болған, бәрінен де озған сенсің.*

***Әбу Бәкір** – Сен кір Йа Әли, Расулуллаһқа сен жақынырақсың.*

***Әли** – Мен, сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені,*

Расулуллаһтан, «Үмметімде Әбу Бәкірден жоғары ешкімге күн тумады» дегенін естідім.

***Әбу Бәкір** – Мен, сенің алдыңнан қалай өтемін? Расулуллаһ қызы Фатима-туззәһраны (радиаллаһу анһа) саған бергенінде, «Әйелдердің ең жақсысын еркектердің ең жақсысына бердім» деген еді ғой.*

***Әли** – Мен сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулуллаһ «Ибраһим алейһиссаламды көргісі келгендер Әбу Бәкірдің жүзіне қарасын» деп айтқан.*

***Әбу Бәкір** – Мен сенің алдыңнан өте алмаймын, өйткені Расулуллаһ айтқан: «Адам алейһиссаламның һилм (жұмсақ мінезділік, ашуланбау, сабыр) сипатын және Юсуф алейһиссаламның әдемі мінезін көргісі келгендер Әли Муртазаға қарасын!»*

***Әли**–Сененбұрынкірмеймін.Өйткені,Расулуллаһ*

«Йа Раббым! Мені ең қатты жақсы көретін және асхабымның ең ұлысы кім?» деп сұрағанда, Хақ та'ала «Йа Мұхаммед (алейһиссалам) ол Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ)» деп жауап берген.

***Әбу Бәкір** – Мен сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Расулымыз «Ілімді бір кісіге беремін, Аллаһу та'ала оны жақсы көреді, мен де оны қатты жақсы көремін» деген. Осы ілім қаласының есігі сен болдың.*

***Әли** – Сенің алдыңда жүре алмаймын. Өйткені, пайғамбарымыз «Жәннаттың есіктерінде Әбу Бәкір Хабибуллаһ деп жазылған» деген.*

***Әбу Бәкір** – Сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, пайғамбарымыз Хайбар соғысында байрақты саған беріп, «Бұл байрақ, мәлики ғалибтың Әли бин Әбу Талибқа берген сыйлығы» деп айтқан.*

***Әли** – Сенің алдыңнан қалай өтемін? Өйткені, пайғамбарымыз «Йа Әбу Бәкір! Сен менің көретін көзім мен білетін көңілімнің орнындасың» деген.*

***Әбу Бәкір** – Сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулымыз айтқан «Қиямет күні Әли Жәннат жануарларының біріне мініп келеді. Сонда Хақ та'ала: «Йа Мұхаммед (алейһиссалам)! Сенің әкең Ибраһим Халил (алейһиссалам) – қандай тамаша әке! Сенің бауырың Әли бин Әбу Талиб қандай тамаша бауыр!»*

***Әли** – Сенің алдыңнан өтеалмаймын. Өйткені, Расул айтқан: «Қиямет күні Жәннат періштелерінің басшысы болған Ридуан есімді періште Жәннатқа кіреді. Жәннаттың кілтін алып келеді. Маған береді. Кейін, Жәбрейіл алейһиссалам келіп, Йа Мұхаммед, Жәннаттың және Жаһаннамның кілттерін Әбу Бәкір Сыддыққа бер. Әбу Бәкір қалағанын Жәннатқа, қалағанын тозаққа жіберсін дейді».*

***Әбу Бәкір** – Сенен бұрын кірмеймін. Өйткені, Расулуллаһ айтқан: «Әли қиямет күні менің жанымда. Кәусардың қасында менімен бірге. Сыраттың үстінде менімен бірге. Жәннатта менімен бірге. Аллаһу та'аланы көретін кезде де менімен бірге.»*

***Әли** – Сенен бұрын кіре алмаймын. Өйткені, Расул «Әбу Бәкірдың иманын бүкіл мүминдердің имандарының қосындысымен салыстырса, Әбу Бәкірдың иманы ауыр басады.» деп айтқан.*

***Әбу Бәкір** – Сенің алдыңнан қалай өтемін? Өйткені, Расулымыз «Мен ілім қаласымын. Әли – бұл қаланың есігі» деген.*

***Әли** – Сенің алдыңда қалай жүремін? Өйткені, Расулуллаһ «Мен садықтықтың (шыншылдықтың, туралықтың, адалдықтың) қаласымын. Әбу Бәкір*

–оның есігі»- деген.

***Әбу Бәкір** – Сенің алдыңнан өте алмаймын. Өйткені, Расулуллаһ айтқан: «Қиямет күні Әли әдемі атқа мінгізіледі. Көргендер «бұл қай пайғамбар?» деп сұрайды. Аллаһу та'ала «бұл Әли бин Әбу Талиб» деп жауап береді»*

***Әли** – Сенің алдыңда жүрмеймін. Өйткені, пайғамбарымыз «Мен және Әбу Бәкір бір топырақтанбыз. Қайтадан бір боламыз.» деп айтқан.*

Әбу Бәкір *– Сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулымыз айтқан: «Аллаһу та'ала: Ей Жәннат, сенің төрт бұрышыңды төрт адаммен безендіремін. Бірі, пайғамбарлардың ең ұлысы Мұхаммед (алейһиссалам). Бірі, Аллаһтан қорқатындардың ең ұлысы Әли. Үшіншісі, әйелдердің ең ұлысы Фатима-туззәхра. Ал төртінші бұрышында тазалардың ең ұлылары Хасан мен Хусейн»*

Әли *– Сенің алдыңда қалай жүремін? Өйткені, Расулуллаһ: «Сегіз жәннаттан мынадай дауыс шығады: Ей Әбу Бәкір, жақсы көргендеріңмен бірге кел, бәрің бірге Жәннатқа кіріңдер!» деген.*

Әбу Бәкір *– Сенен бұрын өтпеймін. Өйткені, Расулуллаһ «Мен бір ағашқа ұқсаймын. Фатима – бұл ағаштың діңі. Әли – бұтағы. Хасан мен Хусейн – жемістері.» деп айтқан.*

Әли *– Сенің алдыңнан өтпеймін. Өйткені, Расулуллаһ айтқан: «Аллаһу та'ала Әбу Бәкірдің бүкіл кемшіліктерін кешірсін. Өйткені ол қызы Айшаны маған берді. Хижретте маған жәрдемші болды. Билал Хабешиді мен үшін алып азат етті.»*

Расулуллаһ (алейһиссалам) бұл екі сүйікті досының есік алдында осылай сөйлескендерін іштен тындап тұрған еді. Хазіреті Әлидің сөзін бөліп іштен сөйледі:

«Ей бауырларым Әбу Бәкір және Әли *(радиаллаһу анһума)!* ***Ішке кіріңдер! Жәбрейіл алейһиссалам келіп: «Жердегі және жеті қабат аспандағы періштелер сендерді тыңдауда. Қияметке дейін бір-біріңді мақтасаңдар да, Аллаһу та'аланың алдындағы құрметтеріңді жеткізе алмайсыңдар!»*** *– деді. Екеуі қол ұстасып, бірге Расулуллаһтың алдына кірді. Расулуллаһ:*

«Аллаһу та'ала екеуіңе де жүз мыңдаған рахмет жаудырсын! Екеуіңді жақсы көргендерге де жүз мыңдаған рахмет жаудырсын және дұшпандарыңа да жүз мыңдаған лағнет болсын.» *деді. Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық: «Йа Расулуллаһ! Мен Әли бауырымның дұшпандарына шапағат етпеймін» деді.*

Хазіреті Әли де: «Йа Расулуллаһ! Мен де Әбу Бәкір бауырымның дұшпандарына шапағат етпеймін және басын қылышпен шабамын.» деді. Әбу Бәкір: «Мен сенің дұшпандарыңды сырат көпірінен өткізбеймін» деді.

Сену және сенбеу

Хазреті Әли “кәрималлаһу уәжһәһ” былай деген: «Өлгеннен кейін қайта тірілуге сенбейтін біреуді көрсең оған былай де: Мен сенемін, иман келтіргенмін. Сенің айтқаның дұрыс болса, мен бұдан еш зиян көрмеймін. Менің айтқаным дұрыс шықса, сен мәңгілікке отта жанасың!» Яғни сенетін адам дінге мойынсұнып, ешкімнің құқығын таптамай, ешкімнің ақысын жемей адал өмір сүріп, көркем мінезімен дүниеде жақсы адам болғанындай ахыретте де мұның жемісін көреді. Ал сенбейтін адамның дүниеде шектеулері болмағанындай ахыретте азапқа ұшырайды. Сенбейтін имансыз бір адам өлсе, өзінің сенімі бойынша жоқ болады. Ал сенетін иманды адамның көзқарасы бойынша, ол жаһаннамда мәңгі азап шегеді. Сенетін иманы бар адам өлсе имансыздардың көзқарасы бойынша жоқ болады, ал өз сенімі бойынша шексіз ләззаттар, нығметтер ішінде өмір сүреді. Ақылы, білімі бар адам осы екеуінің қайсысын таңдайды? Әлбетте екіншісін емес пе? Дүние істеріндегі және әлемдегі жүйелілік пен заңдылықтар, ақыл иелеріне Аллаһу та’аланың бар екенін хабар беріп көрсетіп тұр. Ал ахиреттің бар екенін де Аллаһу та’ала хабар беріп тұр. Олай болса, ақылы, ілімі бар адамның Аллаһу та’аланың бар екеніне және бір екеніне сенуі қажет. Сенбеу, ақымақтық және нағандық болады. Исламға мойынсұнған адам дүниеде рахат және бақытты өмір сүреді. Барлық адамдарға жақсылық жасайды. Аллаһу та’ала құлдарына көп мейірім еткені үшін, пайдалы нәрсені жасауды әмір еткен. Бұл әмірлерге «парыз» делінеді. Зиянды нәрселерге тыйым салған. Оған «харам» делінеді. Парыздар мен харамдардың барлығына

«Ислам үкімдері» делінеді. Исламға сенген және мойынсұнған адам дүниеде және ахиретте Аллаһу та'аланың жақсылығына қауышады, бақытты болады. Сенбеген адам ақылы мен дүниеде пайдалы болған үкімдеріне ұйыса, тек дүниеде бақытты, рахат өмір сүреді. Қазір европалықтардың бір бөлігі осы себептен рахат және бақытты өмір сүруде, исламға ұйымаған мұсылмандар төмен, қор күйде өмір сүруде.

Йа Рабби мені бұл жағдайдан құтқара гөр!

Хазреті Малик бин Динар "рахметуллаһи алейһ" былай дейді:

Бір жылы Қажылыққа бара жатқан едім. Елсіз далада аузында наны бар құстың бір жерге қонып ұшып кеткенін кейін тағы нан әкеліп қайта ұшып кеткенін көрдім. Құстың бұл әрекеті қайталана берді. Менің бұған назарым ауып құстың қонып жатқан жеріне бардым. Қарасам бір шұңқырда аяқ-қолы байлаулы кісі жатқан екен. Оны босатып не болғанын сұрадым. Ол кісі былай деді: «Мен де сен секілді қажылыққа бара жатқан едім. Жолда бізді қарақшылар тонап, мені байлап осында тастап кетті. Менің бұл жерде екенімді ешкім білмейтін еді. Байлаулы, аш, сусыз күйде осында жаттым. Бұл шұңқырдан ешкім мені көрмес те еді. Менің өлген жерім осы екен деп ойлай бастадым. Осы шарасыз күйде Аллаһу та'алаға "Йа Раббым, сен барлық нәрседен хабардарсың. Мен сенің үйіңді зиярат үшін жолға шыққан едім. Басыма осы пәлекет келді. Мені бұл жағдайдан құтқара гөр" деп жалбарынып дұға еттім. Дұға еткеннен кейін осы құс нан әкеліп аузыма тастай бастады. Қайдан алса да бір ыдыспен су әкеліп кеудеме қонып, тұмсығымен ыдысты идіріп су ішкізді. Бірақ жерге (қазыққа) байлаулы болғандықтан құтыла алмаған едім. Аштықтан және сусыздықтан өлмей күтуде едім сен келдің»

Нағыз достар

Мәшһүр хадис ғалымдарынан Уақиди "рахметуллаһи алейһ" хикаялайды:

«Бір кездері ақшасыз қалып, әбден қарызданған едім. Айт мейрамы да жақындаған болатын. Әйелім шағымданған үнмен "Бізді қойшы жоқшылыққа әйтеуір сабыр етерміз. Бірақ мына балаларымыздың халі не болмақ? Олар көршілердің балаларын сәнді, мінсіз киімдерімен көреді. Біздің балалардың болса мына тозығы жеткен, жыртық киімдері ғана бар. Бұлардың киімдеріне жарататын қаражаттың қамын қарастырсаңыз." деді.

Сол бойда Хашими деген досыма барып, жағдайымды айтып, көмектесуін сұрадым. Ол маған мың дирхем (күміс ақша) салынған аузы мүһірлі қалтаны берді. Ол жерден шығып келе жатқанымда басқа бір досыммен кездестім. Ол да маған шұғыл ақшаға қажеттілігі бар екенін айтты. Мен қолымдағы мүһірлі қалтаны оған бердім. Әйелімнен ұялғанымнан ол түнді мешітте өткіздім. Таңертеңгісін үйге барып, болғандарды айтқанымда, әйелім менің бұл ісімді жақсы қабылдады, мені жазғырмады. Мен осылай шарасыз күйде отырғанымда досым Хашими әлгі мүһірлі қалтамен шыға келді. "Шыныңды айтшы менің саған берген ақшамен не істеп едің?" деді. Мен басымнан өткендерді айтып бердім. Сонда ол маған: "Сен менен көмек сұрап келгеніңде саған берген мына ақшадан басқа ешнәрсем жоқ еді. Өзімнің де қажеттіліктерім бар еді. Сен кеткеннен кейін қарызға ақша табу үшін сыртқа шықтым. Біраз жүргесін досыммен кездестім. Оған жағдайымды айтқанымда ол да маған мүһірлі қалта берді. Сөйтсем сен бұл ақшаларды оған берген екенсің."» Осылайша ақшалар еш жаратылмастан үш қолда айналып бастапқы иесіне қайта келген болды.

Уақиди "рахметуллаһи алейһ" былай деп жалғастырды: «Бұл болған оқиға халифа Мәмнунға жеткенде мені шақыртып жағдайды сұрады. Мен болғандарды айтып бергенімде мен үшін жеті мың динар айлық берілуін әмір етті. Әрбіріміз үшін екі мың динардан және біздің әйел үшін мың динардан айлық жазды.»

Яһуди көрші

Көршіге қиянат жасамау керек, сонымен қатар көршінің жасаған қиянатына сабыр ету керек. Көршінің мал-мүлкіне көз тікпеу (дәметпеу) керек, бірақ өзіңде мал-мүлк болса, одан көршіңе де ұсыну керек.

*** *** ***

Малик бин Динар хазреттерінің яһуди көршісі бар еді. Бұл яһуди дұшпандық ойлап үйінің әжетхана шұқырын Малик хазреттерінің бөлмесінің артына тақап жасайды. Бөлмесіне әжетхананың суы өтіп, жағымсыз иістер шығып мазасын қашыратын еді. Малик бин Динар хазреттері күнде өткен суларды құрғатып сүртіп, жаман иістерді кетіру үшін әдемі иісті нәрселерді сеуіп қоятын.

Яһуди, Малик бин Динар хазреттерінің мазасызданып жүргенін білетін. Бірақ шағымданып келмегеніне аң таң еді. Шыдамы жетпей көршісінің үйіне өзі барады. Жаман иісті сезгенінде:

- Ей Малик, мынау ненің иісі?- деді.

- Бұл бөлмеге иісі шығатын нәрселер сеуіп жүрмін.

- Жоқ, бұл әжетхананың иісі, қара, дуалдан тамшылап тұр. Неге маған айтпай жүрсің?

- Егер айтсам сен ренжитін едің. Біздің дінімізде көршіні

ренжітпеу және одан келген қиыншылықтарға төзу деген бар. Көршімен ұрыс керіс болмайды.

Бұл сөздерді естігенде яһудидің төбесінен су құйылғандай болды. Кейін былай деді:

- Бүгінге дейін Ислам дініне дұшпан едім. Қазір болса Ислам дініне қайран қалдым. Мұндай әдемі және көркем мұсылман болу үшін не істеу керек болса, бәріне дайынмын.

Яһуди шәһадат кәлимасын айтып мұсылман болды.

"Бисмилләһ" сөзінің үстемдігі

Ибраһим Гүлшани хазіреттері бір күні шәкірттерімен сұхбаттасып отырған еді. Шәкірттерінің бірі былай деп сұрады:

- Ұстазым! Аллаһу та'аланың рахымдылығымен қабірдегі өлілердің азапта немесе нығмет ішінде екендігін білуге бола ма? Дұға ету арқылы бұлардың азабын тоқтатуға бола ма?

Ибраһим Гүлшани хазіреттері былай деп жауап берді:

- Аллаһу та'аланың сүйген құлдарының бірі бір қабірге қарағанында қабірдегі адамның азап ішінде болғанын көреді. Арадан біраз уақыт өтіп тәуәжжуһ етіп тағы бір қарағанында азаптың тоқтағанын байқайды. Таңданысынан ойға түсіп кетеді. Сол кезде бір дауыс естіледі. ***"Бұл қабірде жатқан адамның кішкентай баласы бар еді. Анасы ол баланы ілім үйренуге жіберді. Бала «Бисмилләһиррахманиррахим» сөзін үйренгенінде, осы сөздің құрметіне әкесінің азабы тоқтатылды."***

Шайтанның айласы

Атақты әулиелердің бірі Баязид Бистами бір күні қатты ұйқы басып, таң намазына тұра алмайды. Бұған қатты қайғырып, тәуба етіп, жылап жатқан кезінде бір дауыс естиді: «Ей, Баязид, бұл кемшілігіңді кешірдім, осы көз жасымен жасаған тәубаңның берекеті үшін саған тағы да жетпіс мың намаздың сауабын бердім». Бірнеше ай өткен соң тағы да таң намазында ұйықтап қалады. Шайтан келіп: "Тұр, намазың қазаға қалып қояды, тұр"- деп оята бастайды. Сол кезде хазреті Баязид: "Ей, лағынеттелген шайтан, сен бұл істі қалайша істеп тұрсың? Сен әркімнің намазын оқымауы үшін, қазаға қалдыруы үшін тырысатын едің, мені қалайша оятып тұрсың?"- дейді. Шайтан былай жауап береді: "Сен өткенде, таң намазын қаза етіп қойған күні, жылап жетпіс мың намаздың сауабын алған едің. Бүгін соны ойлап, бірақ уақыт намаздың сауабын алсын деп сені ояттым, оның орнына жетпіс мың намаздың сауабын алып қоймасын дедім."

Зұлымдық көрген адамның дұғасы

Хорасан әкімі Абдуллаһ бин Тахир өте әділетті адам еді. Адамдары бірнеше ұрыны ұстап, оған хабарлайды. Ұрылардың бірі қашып кетеді. Ол кезде хираттық бір ұста Нишапурға барған болатын. Бір күні түнде үйіне қайтып келе жатқанда оны ұры деп ұстап алады. Ұрылармен бірге әкімге алып барады. Ол «қамаңдар» дейді.

Ұста түрмеде дәрет алып, намаз оқиды. Қолын, жайып, «Иә, Раббым. Кінәлі емес екенімді тек сен ғана білесің. Мені бұл зынданнан сен ғана құтқара аласың» деп дұға етеді. Әкім түнде түсінде төрт күшті адам келіп, тағын теріс аударай-

ын деп жатқанын көріп оянады. Дереу дәрет алып, екі рәкат намаз оқыды. Қайтадан ұйқыға жатты. Тағы да сол түсті көріп, оянады. Өзінен зұлымдық көрген адамның наласы бар екенін түсінеді.

Дереу сол түні түрменің бастығын шақырып, «түрмеде зұлымдық көрген адам бар ма?» деп сұрайды. Ол «білмеймін, бірақ, біреуі намаз оқып, көп дұға етеді» дейді. Оны алдырып, жағдайын сұрап, кінәсіз екенін білді. Кешірім сұрап, былай деді:

– Кешір, мың күміс сыйлығымды ал және қандайда бір тілегің болса маған кел.

– Кешірдім, сыйлығыңды қабылдадым. Бірақ, тілегімді сенен сұрап келе алмаймын.

– Неге келе алмайсың?

– Өйткені, мен сияқты бір кедей үшін сен сияқты сұлтанның тағын бірнеше рет теріс аударған иемді тастап, тілегімді сенен сұрауым дұрыс бола ма? Намаздан кейін оқыған дұғаларым арқылы мені қаншама қиыншылықтан құтқарды. Қаншама мақсатыма жеткізді. Қалайша мен басқа адамға сыйынамын, оған қалай барамын?

Ұста сұлтанның қасынан кетіп, еліне қайтты.

Фаридуддин Гәнжи-Шекер

Үндістанда жетілген әулие ұлыларынан болған. Негізгі аты Фаридуддин Масуд. Туылмай тұрып кереметтері байқалатын. Рамазанның басталғанын білдіретін жаңа ай көрінбей, халық ертеңіне ораза тұтарын не тұтпасын білмей тұрған еді. Гәнжи Шекердің әкесі Жемаледдин Сулейманнан фәтуә сұрауға келеді. Сол мезетте бір кісі шығып “неге абыржып жатсыңдар? Бүгін түнде Жемаледдин Сулейманның үйінде бір бала туылды. Егер бала бүгін түннің жартысынан кейін анасын ембеген болса, онда ай көрінді дегенді білдіреді” деді. Сәре

уақытында Жемаледдин Сулейманның үйіне барып анасынан түн ортасынан кейін баланың ембей қойғанын сұрап білген жұртшылық ауыздарын бекітті. Рамазан айы бойынша бұл бөпе күндіз анасын ембеді. Тек қана ауыз ашатын уақытпен сәре уақыттары арасында ғана еметін.

Неге Шекер Гәнж деп атаған?

Бір күні қатты шөлдейді. Құдықтан су тартатын шелегі болмағандықтан не істерін білмей тұрғанында екі киік келіп, құдықтағы судың көтерілгенін көреді. Киіктер су ішіп ол жерден алыстап кетеді. Гәнжи Шекер құдыққа жақындағанда суы қайтадан төмендеп кетеді. Бұған таңданып "Ей Раббым, бұның хикметі не?" дейді. Мындай дауыс естиді: "Жануарлар рахметіме сеніп, суға қауышты. Сен шелекке сенгенің үшін судан мақұрым қалдың." Бұған қатты өкінеді. Тәубе етіп, истиғфар айтып, 40 күн ораза тұтады. Содан кейін аузына салғандары шекерге айналады.

·Мешітке келе жатып аяғы тайып лай толы шұңқырға құлап түседі. Аузына кірген балшықтар шекерге айналып кетеді. Ұстазы Құтбиддин Бахтияр былай деген екен: "Лай аузыңда шекерге айналғанына қарағанда Аллаһу та'ала сені тәтті адам қылады. Жағымды тәтті сөйлейтін боласың." Осы оқиғадан кейін адамдар оны Шекер Гәнж (бала) деп атай бастаған.

·Көп ораза тұтатын және кейде ауыз ашарда жейтін нәрсе таппай қалатын. Бір түні қарны аш кезінде аузына кішкентай тастарды салады. Бұлар шекерге айналып кетеді. Ұстазы оны: "Гәнжи Шекер" (шекер қазынасы) деп атайды.

·Түйелеріне қап қап шекер тиеген саудагерге не алып бара жатқанын сұрағанында саудагер қалжыңдап "Тұз" деп айтқан. "Жарайды тұз болсын" деп бұйырады. Саудагер Дели қаласына келіп шекерлерінің тұзға айналғанын көріп аң-таң

болады. Артқа қайтып Гәнжи Шекерден кешірім сұрады. Ол "жарайды шекер болсын" дегенде тұздары қайтадан шекерге айналады.

Халал және харам табыс

Бір жас жігіт Қағбада «Ей дұрыстардың көмекшісі болған Аллаһым! Ей харамдардан сақтанғандардың көмекшісі болған Аллаһым саған шүкір етемін!» деп қайталай береді. Біреу келіп «неге қайта қайта бір дұғаны қайталай бересің одан басқа ешнәрсе білмеймісің?» деп сұрайды. Оған былай деп түсіндіреді:

"Осыдан 7-8 жыл бұрын Қағбада жүргенде ішінде мың алтыны бар қалташық тауып алдым. Ішімнен бір дауыс «бұл алтындармен мына мына нәрселерді жасайсың!» деп құтыртып жатқан еді. Өз-өзіме «жоқ, бұл менiңкі емес, біреудің затын қолдануым харам болады" дедім. Осы кезде біреу «Мынадай қалташық тауып алған адам бар ма?» деп айғайлап жүр еді. Оны шақырдым. Қалташықтың қандай екенін суреттеді және ішінде 1000 алтын бар» деп айтты. Қалташығын бердім. Ол да маған қалташықтан шығарып 30 алтын берді.

Базарға бардым. Таза реңді бір жас тұтқын баланы мақтап сатып жатқан еді. Ол жас баланың тазалығы менің назарымды тартты. «Бұл тұтқын үшін қанша сұрайсың?» дедім. 30 алтын деп жауап берді. Алтындарды беріп ол жас баланы сатып алдым. Арадан бір-екі жыл өтті. Жас бала өте еңбекқор және әдепті еді.

Бір күні онымен кетіп бара жатқанда алдымыздан үш кісі келе жатқанын көрдік. Жас жігіт маған «Мырзам, мен Фас әміршісінің баласымын. Мына келе жатқандар әкемнің адамдары. Мені іздеп жүргендер. Сенен мені сатуыңды сұрайды. Сен жақсы адамсың, 30 000 мың алтыннан төмен сатпа!» деді. Үш кісі қасымызға келіп «бұл тұтқынды бізге сатасың

ба?» деді. «Сатамын бірақ 30 000 алтыннан төмен болмайды» дедім. Біраз саудаласып болмаған соң амалсыз қабыл етті. Алтындарды беріп жас жігітті алып кетті.

Мен бұл алтындармен жұмыс орындарын ашып саудасаттықпен айналысып одан да байып кеттім. Бір күні туыстарым «Өте бай бір отбасының жақсы бір қызы бар. Әкесі жақында қайтыс болды. Онымен сені үйлендірейік» деді. Мен де «болады» деп жауап бердім.

Неке қиылды. Түйеге артылып қыздың жасауын алып келді. Жасауының арасынан бір қалташық менің назарымды тартты. Жұбайыма «бұл не?» деп сұрадым. «Ішінде 970 алтын бар, әкем бір кездері Қағбада жоғалтқан екен. Тапқан адамға 30 алтынын беріпті. Қалғанын маған сыйлады, жасауыңа қосарсың деді.» деп жауап берді.

Демек бұл алтындар менің рызығым екен. Қайтарып бермегенімде харам жолдан келер еді. Қазір болса халал жолдан қайта өзіме келді. Маған көмектесіп харамдардан қорғаған, көптеген ниғметтер сыйлаған Раббыма шүкір етемін... Ащы да болса шындықты айтыңдар. Бәрібір тағдырға жазғанын көресің... Несібеңнен артығын көрмейсің...

“Бисмилләһ” сөзіне құрмет

Бишри Хафидің (рахметуллаһи алейһ) дұрыс жолға түсуі былай болған:

Бір күні мас күйде келе жатып жерден “Бисмилләһиррахманиррахим” деген жазуы бар бір қағазды көреді. Бұл жағдайға көңілі разы болмай, жерден алып сүйіп, кейінң балшықтарын тазалайды. Тазалап болғаннан соң әдемі иіс сеуіп, үйінің дуалына іліп қояды.

Сол түні ғалым және әулие бір кісіге түсінде “Бишриге барып айт, есімімді тазалағаныңдай мен де сені тазалаймын. Есімімді жоғары көтергенің үшін мен де сені көтеремін.

Есімімді әдемі иістендіргенің үшін, мен де сені әдемі етемін. Ұлылығыммен ант етемін сенің есіміңді дүниеде және ахыретте таза және әдемі етемін!" деп бұйырылды.

Бұл түс үш рет қайталанды. Ғалым кісі таңертеңгісін Бишри Хафиді сыраханадан тапты. Өте маңызды хабарым бар деп сыртқа шақырды. Бишри келгенінде "Саған Аллаһу та'аладан хабарым бар" деп айтуымен Бишри егіле жылай бастады. "Маған ашулы ма, қатты азап береді ма?" деді. Түсті тыңдап болғаннан соң достарына бұрылып "Мені шақырып жатыр, бұдан былай мені бұл жерлерде көрмейсіңдер!" деді. Сол жерде тәубе етті. Бұл кезде аяғында аяқ киімі болмағаны үшін кейін де мүлдем аяқкиім кимеді. Себебін сұрағандарға "Сөз берген кезімде жалаң аяқ едім, енді қазір киюге ұяламын." деген екен. Аяқкиім кимегені үшін «жалаңаяқ» деген мағынада «Хафи» деп аталып кетті. Бишри Хафи хазіреттері өмірінің қалған бөлігін ілім үйрену және үйретуменен өткізді.

Шырақтың жарығы

Баязид Бистами хазірет бір түні бірнеше шәкірттерімен бір адамның үйінде қонақ болады. Үй иесі үйдің жарық болуы үшін бір шырақ жағады. Баязид Бистами хазірет үй иесінен былай деп сұрайды:

- Мына шырақ жанып тұр бірақ жарық бермей тұр. Мұның хикметі не болды екен?

- Ұстаз, біз бұл шырақты бір түн қолдану үшін көршіден аманатқа алған едік. Сіздер қонаққа келген соң бүгін екінші түн қолданып отырмыз, бәлкім содан болар.

Баязид Бистами хазіреттері шырақты өшіріп:

- Шырақты иесіне қайтарып беріңдер. Егер оларға керек емес болса, бір түн тағы қолданып тұруға рұқсат сұраңдар! –дейді.

Үй иесі шырақты көршісіне алып барып, болғандарды ай-

тып, шырақты тағы бір түн қолдануға рұқсат алады. Үйге келіп шырақты қайта жағады. Бұл жолы бөлме өте жақсы жарықтанады. Баязид Бистами хазірет:

- Міне енді жарықты көріп тұрмын- дейді.

Яһудиді құтқарған дәрет

Имам Жафар Садық хазіреттері жолда кетіп бара жатып бір яһуди ғибадатханасын көрді. “Бәлкім мұсылман болар” деген оймен насихат айту үшін ғибадатхананың есігінің алдына келді. Есік жабық еді. Дауыстап еді яһуди жауап беріп, біраз күттіріп барып ашты. Имам Жафар Садық хазірет ішке кірген соң яһудиден былай деп сұрады:

- Жауап бергеніңде неге есікті дереу ашпадың?

- Сенің дауысыңды естігенімде көңілімде бір қорқыныш пайда болды. Тұрып алдымен дәрет алдым. Өйткені Таураттан: “Бір адамнан немесе бір нәрседен қорыққан адам дәрет алсын, оған ешнәрсе зиянын тигізбейді. Оған ешкім жамандық жасай алмайды.” деп оқыған едім. Сондықтан есікті кешіктіріп аштым.

Жафар Садық яһудиден бұл сөздерді естігенде таң қалды. Оған Исламды түсіндірді. Яһудидің көңіл көзі ашылыды мұсылман болу қалауы көбейіп сол мезетте Шаһадат Калимасын айтып мұсылман болды.

Имам Ағзамның ақылы мен ғылымы

Бір атеист (Құдайға сенбейтін адам) христиан елінен Ислам өлкесіне келеді. Барған жерінде пікір-сайыстарда алдына шыққандардың барлығын жеңіп жүреді. Басра қаласына келіп, маған жауап бере алатын бірде бір ғалым таба алмадым дейді. Хазіреті Хаммад: «Сен алдымен біздің балалармен таласып көр» деп алдына ол кезде әлі жас болған Нуман бин Сабитті

(Имам Ағзам) шығарады.

Атеист ашуланып мінберге шығады да: «Ғалымдарың қайда? Маған соларды шақырыңдар!» дейді. Жас Нуман бин Сабит: «Не болды? Менен қорықтыңыз ба?» дегенде, шыдай алмай бірінші сұрағын қояды:

- Бар нәрсенің басы мен соңы болмауы мүмкін ба?

- Әрине мүмкін

- Қалай?

- Санауды білесіз ғой, бірдің алдында қандай сан бар?

- Ештеңе жоқ.

- Осы жалғандағы бірдің алдында ештеңе болмағанда, шынайы Бірдің алдында қалайша бір нәрсе болсын?

Атеист бұл жауап алдында сасып қалады, кейін былай деп сұрайды:

- Кез келген нәрсенің бір бағыты болады. Сен айтқан шынайы Бірдің жүзі қай жаққа қарап тұр?

- Шамды жаққанда жарығы қай жақа түседі?

- Белгілі бір жақ деуге болмайды.

- Жалғандағы жарықтың бағытын таппағанда, мәңгілік нұрдың бағытын қалай таппақсың?

Атеист тағыда бір сұрақ сұрайды:

- Бар болған нәрсенің бір орны болу керек-қой.

- Иә, жаратылғандар солай.

- Онда шынайы Бар деген Құдайдың орны қайда? Неге оны көрмейміз?

- Жаратқанмен жаратылғанды салыстырып болмайды. Бірақ, мына сүтте май көріп тұрсың ба?

- Жоқ.

- Бар екенін білсең де көрмей тұрмын деп жоққа шығара аласың ба? Сенің ақылың бар ма?

- Әрине, бар.

- Бар болса көретін едік дейсің, ақылың бар болса көрсет қане?

- Жарайды, бар болған сол Құдай дәл қазір не істеп жатыр?

- Сен маған бүкіл сұрақтарынды мінберде тұрып сұрадың, енді сен ол жерден түсіп менің орныма кел, мен мінберге шығайын саған сол жақтан жауап беремін.

Атеист мінберден түсіп жатқанда жас Нуман былай деп мінберге шығады: ***«Аллаһу таала сен сияқты бір имансызды мінберден түсіріп, мен сияқты имандыны мінберге шығарды, Оның қазіргі ісі осы».***

Кейін Рахман сүресінің ***«Олай болса, Раббыңның қай ныгметтерін жоққа шығара аласың?»*** *деген 28-аятын оқыды. Бұл жағдайдан кейін атеист айтатын сөз таппай жеңіліп, масқара болып, ол жерден алыстап кетті.*

Юнус Эмре

Юнус Эмре – сопылық өкілі, Хаққа ғашық тұлға. Өлеңдері ғасырлар бойы құмартып, ғибратпен оқылған. Қысқасы Орталық Азия халықтары үшін хазреті Ахмет Яссауи қандай орын тұтса, Юнус Эмре де түркиялықтармен балкандықтар үшін сондай қадірлі. Кесенесі Ескишехирдің Михалычжык ауданына қарасты Юнус Эмре деген ауылда. Басқа жерлерде де мазары бар екендігі айтылады.

1948 жылы Анкара-Ескишехир темір жолы салынып жатқан жылдарда жол Юнус Эмренің қабірі үстінен өтетін болғандықтан бұзылатын болды. Бірақ, жұмысшылар қанша тырысса да мұны жүзеге асыра алмайды. Тіпті, бір жолы төселген рельстердің ажырап, 8-10 метр жерге ұшып түскені байқалған.

Осыған орай, жақын жердегі төбеге көшіру ойластырылады. Бұл істі бес адамнан тұратын бір кеңес жоспарлаған еді. Басқа ешкімнің хабары жоқ болатын. Дайындық жұмыстары аяқталады. Ертеңіне таңертең ерте ешкімге айтпастан оны көшіреміз деп ойлайды. Таңертең қабірдің қасына барған бес

кісілік кеңес 30 мыңнан астам адамның сол жерге жиналғанын көреді. Бұл адамдар қалай естігенін түсіне алмай қалады. Юнус Эмренің қабірі мұқият түрде ашылады. 700 жыл өтсе де, денесі еш шірімеген. Бір қолы бетінде, бір қолы жүрегінің үстінде, дәл бір ұйықтап жатқан адам секілді еді. Денесі ол жерден алынып, табытқа салынып, 100 метр жердегі мазарға көшірілді. 100 метрлік жерге 3 сағатта әрең жетеді.

Аналарың ембесін

Әли Самарқанди хазірет сонау Самарқаннан Анкара-Чамлыдереге алғаш келгенінде, ауыл тұғындары сиырларын бағатын падашы іздеуде болатын, алайда ешқандай адам табылмай жүреді. Жергілікті халық хазірет Әли Самарқандиді жақсы танымайтын еді. Адамдардың осы қиыншылығын көрген Әли Самарқанди оларға: ***"Сиырларыңызды мен бағайын, жалақысын да талап етпеймін"*** *дейді. Ауыл адамдары бұл ұсынысқа қатты қуанады. Ауылдарына жаңадан келіп, барлығына дін туралы иман туралы сұхбаттар жүргізген бұл кісіге олар:*

"Біз сиырларымызбен қоса бұзауларымызды да жайылымға қосқымыз келеді. Егер бұзаулардың аналарын ембестен жайылуын қамтамасыз етсеңіз разы болар едік" *дейді.*

Ол да бұл сөздеріне келісімін білдіреді. Ертеңіне сиырлармен бұзауларды бірге өріске алып келген Әли Самарқанди хазірет, сиырларға бұрылып:

"Ей, сиырлар мен төлдері! Кешке дейін бірге өрістеңдер! Бірақ бұзаулар аналарын ембесін, аналары да төлдерін емізбесін!" *дейді.*

Осы сөзден кейін кешке дейін сиырлар бұзауларын емізбейді. Бұзаулары да емуге әрекеттенбейді. Кеш батуын уайымдай күткен тұрғындар сиырлардың емшектері сүтке толып келгенін көргенде аң-таң боп қалады. Мұндайды бұрын соңды естімеген де, көрмеген де еді. Мұның Әли Самарқанди

хазіреттің кереметі екенін және оның үлкен әулие кісі екендігін түсінеді.

Көре алмаушылықтың соңы

*Бұрынғы заманда бір ғалымды елдің патшасы қатты қадірлейтін болады. Бұл ғалым патшаға үнемі былай деп насихат айтады екен:**«Патшам, жақсылық қылған адамға жақсылық жасаңыз! Жамандық жасаған адамға жаза ретінде өзінің жамандығы да жеткілікті.»** Бұл ғалымды уәзірлерінің бірі көре алмай патшаға шағымданыпты:*

- Патшам! Ана ғалым сіздің аузыңыз сасиды деп айтып жүр.

- Сөздеріңнің дұрыстығына қалай сенемін?

-Ғалымды қасыңызға шақырыңыз, егерде сізге жақындағанда мұрынын жабатын болса, сөзімнің растығы белгілі болады.

Көре алмай жүрген уәзір патшаның алдынан шыға салып ғалымды асқа шақырады-да сарымсақ қосылған тағам ұсынады.

Біраздан соң ғалым патшаның алдына барғанында, патша оған қасына жақындауын айтады. Ғалым жақындағанда сарымсақтың иісі бар екені есіне түсіп, қолымен аузын жабады. Патша уәзірім дұрыс айтыпты деген шешімге келеді. Бір қағазға “Мына хатты әкелген адамның басын шап!” деп хат жазып, орап ғалымға хатты бас уәзірге апарып беруін және одан бір сыйлық алуын айтады. Ғалым бұл хатты алып келе жатып жолда баяғы уәзірді көреді. Патшаның бұйрығымен сыйлық алу үшін бас уәзірге бара жатқанын айтады. “Сыйлық” деген сөзді естіген уәзір “хатты маған берсеңіз, мен апарсам” деп жалынған соң, ғалым хатты оған бере салады. Сөйтіп хатты апарған көре алмаушы уәзірдің басы шабылады.

Ғалым әдеті бойынша қайтадан патшаның қасына барады. Патша оны көріп таң қалып, сұрайды:

- Сен хатты не істедің?

- Хатты алып бара жатқанымда сіздің уәзірлеріңіздің бірі хатты беруімді сұрады, соған бердім.

- Кеше сол уәзір маған, сенің "Әміршінің аузы сасиды" деп айтып жүргеніңді жеткізді. Сол рас па?

- Мүлдем ондай ештеңе айтпадым.

- Олай болса неге кеше алдыма келгеніңде аузыңды жаптың?

Ғалым сол уәзірдің оны асқа шақырып сарымсақ қосылған тамақ бергенін және сарымсақтың иісімен патшаның мазасын алмау үшін аузын жапқанын айтқанда, патша айтқандарың дұрыс екен деп ғалымның сөздерін қайталап шықты: ***«Жаманға өзінің жамандығы жеткілікті болды. Көре алмаған уәзір жазасын тартты.»***

Аманатқа қиянат жасамау

Әбу Абдуллаһ Шариф Тлемсани хазірет, аманатқа өте мән беріп қарайтын еді. Бір рет Құсантина қазысы Хасан бин Бадис, Әбу Абдуллаһқа бір қалта алтын аманатқа беріп кетеді. Ол үйіне апарып қояды. Кейін кері сұрағанында үйден алып келе жатып қалтаның бетінде 100 алтын деп жазылып тұрғанын көреді. Қалтадағы алтындар түгел ме екен деген оймен санап шығады. 75 алтын болғанын көріп азайып қалған екен деген оймен өз алтындарынан 25 алтын қосып иесіне береді. Бір-екі күн өткеннен кейін қазы Әбу Абдуллаһқа қайта келіп:

1 Қалтада 75 алтын болуы керек еді, орнына 100 алтын шықты, мұның хикметі не екен?- деп сұрады. Ол былай деп жауап берді:

2 Қалтаны сенен алған кезде ішндегілерді санамаған едім. Саған берер кезде, бетіндегі жазуды оқығаннан кейін санадым. Аз шыққанын көріп өз алтындарымнан 25 қосып, 100-ге толықтырдым. Бұл 25 алтынды жоғалтып алған екенмін деп ойлаған едім.

Мұны естіген Хасан қазының көздеріне жас толып, мұндай адамдардың жер жүзінде бар болуына Аллаһу та'алаға шүкір етті.

Мен түйелерімді көңіліме (жүрегіме) байламаймын...

Бір адам Имам Ағзам Әбу Ханифа хазреттеріне «рахметуллаһи алейһ» келіп: «Ей Имам мен намаздарымды таза көңілмен оқи алмай жүрмін. Намаз оқып жатып түйелеріме қарап, бағып, ойым сол жаққа ауып кетеді. Сіз болса менен де байсыз, сіз қалай ғибадатыңыздың ләззатына қауышып, намазыңызға толығымен көңіл байлап жүрсіз?» деп сұрайды. Имам Ағзам Әбу Ханифа хазреттері «рахметуллаһи алейһ» «Мен түйелерімді көңіліме байламаймын, астауға байлаймын...» деп жауап берген екен.

Имам Ағзам Әбу Ханифа хазреттерінің айтқандары:

Дін ілімдерінің сауда-саттық бөлімін білмейтін адам харам нәрсе жеуден құтыла алмайды және ғибадаттарының сауабын таба алмайды. Еңбектері зая кетіп, азапқа душар болып, қатты өкінеді.

Барлық кезде Аллаһу та'аладан қорқ, жамандықтардан аулақ бол! Аманатқа қиянат жасама! Үлкен-кіші, бай-кедей барлығына жақсылық жасап насихат айт. Ешкімді өзіңнен төмен санама. Кішіпейілді бол барлық адамдарды қадірле. Саған қонаққа келгендерді жақсы қарсы ал. Сұрап келген мәселелеріне жауап бер. Егер ол сұраған мәселесін үйрену үшін сұраған болса, ілімі артады, жай сұраған болса, саған құрметі, сүйіспеншілігі артады. Ұстаздарыңа құрмет ет, оларға тіл

тигізбе. Адамдардан тартын. Аллаһ үшін жасырын халіңде қалай болсаң, адамдар арасында да солай бол.

Көп күлме. Өйткені көп күлу қалбты (көңілді) өлтіреді. Қарапайым күйде жүр. Асығып үсігіп, теңселіп жүрме, істеріңде асықпа. Сөйлегенде дауысыңды көтерме, айғайлама. Әрқашан өзің үшін салмақтылықты және үнсіздікті таңда.

Нәпсіңді үнемі бақылап, уысыңда ұста. Өлімді есіңнен шығарма. Ұстаздарыңа саған ілім үйреткен адамдарға дұға ет, Аллаһу та'аладан оларды кешіруін тіле. Құран кәрім оқып жүр. Қабірлерді, әулиелерді және қасиетті жерлерді көптеп зиярат ет.

Мутазила, жабрия және атеист

Имам Ағзам хазреттеріне үш адам келеді. Біреуі атеист, екіншісі мутазила сектасының, үшіншісі жабрия сектасының өкілі. Атеист былай деп сұрақ қояды:

“Аллаһ бар дейсің, ал бар болған нәрсе көрінуі керек. Бар болса, дәлелдеп бер.”

Ақылдысымақ болған мутазила сектасының өкілі болса былай деп сұрайды:

“Жаһаннамда отпен азап беріледі. Ал шайтан оттан жаралған. Шайтанға от қалай әсер етпек? От отты күйдіре ме?”

Жабрия сектасының өкілі де былай дейді:

“Сен «ирада-и жузия бар. Адам тағдырына мәжбүр емес, ерікті» дейсің. Барлық нәрсенің жаратушысы Аллаһ жазған болса, адам неге есеп-жауап береді?”

Имам Ағзам хазреттері жерден үш уыс нәмді топырақ алып домалақтап әр қайсысына бір-бірден ұрып шығады. Үшеуі де жағдайды қазыға айтып шағымданады. Қазы Имам Ағзам хазреттерінен неге балшықпен ұрғанын сұрайды.

Имам Ағазам хазреттері былай деп жауап береді:

*Бұлар маған сұрақ қойды, мен де оларға жауап бердім. **Атеист** Аллаһ бар болса, бар болған нәрсе көрінуі керек деген еді. Топырақ басымды ауыртты деді, ауру бар екен, олай болса ауруды көрсетуі керек. Ауруын көре алмаған адам, Аллаһты қалай көреді. Атеисттің ақылы жоқ, бар болса көрсетуі керек. Рух та ақыл сияқты көрінбейді, бірақ жасағандарынан аңғарылады. Ғаламның бар болуы да оның бір жаратушысы бар екендігін көрсетеді.*

***Мутазила** болса, өзі топырақтан жаратылған болса да топырақтан таяқ жеді. Топырақ топырақтан әсерленгені секілді от та оттан әсерленеді. Темір кесетін ара темірді кескені секілді от та отты күйдіреді.*

***Жабрия** болса, барлық істі Аллаһ жасатады деген еді. Олай болса ол топырақты мен емес Аллаһ лақтырды, неге енді маған шағымданады? Ол осы шағымдануымен өзінің өтірігін өзі ашқан болды.*

Абдулхаким Арваси

Битлис қаласына жолға шыққан бір жас жігіт қыста боранға тап болып жолынан адасып қалады. Әбден қиналып үмітін үзер кезде жалбарынады:

“Иа Раббым! Осы заманның әулиесін көмегіме жібер!”

Сол сәтте қара сақалды бір кісі алдынан шығады. Атының тізгінінен ұстап “былай жүретін болсаң қалаға шығасың!” дейді.

Жас жігіт өзіне жол көрсеткен кісінің жүзін жадына сақтап қалады. 30 жылдан кейін Баязид мешітінде кездейсоқ уағызында болады. “Мен бұл кісіні бір жерден көргенмін” деп ойлайды. Уағыздан кейін мешіттің есігінен шығарда Абдулхаким хазреттерінің жанына барады. Ол сөйлемей тұрып Абдулхаким хазреттері “Битлис жолындағы дауыл

есіңе түсті ме?" деп жай ғана құлағына айтады. Ол көз жасын ұстай алмай дереу қолына жабыса кетеді.

Абдулхаким Арваси хазреттерінің айтқандары:

· Көрген әрбір қиыншылығымыз келген пәлекеттер, ашуланудың, еткен зұлымдықтардың және жеген ақылардың жазасы.

· Әулиелердің ғибратты оқиғаларын тыңдау махаббатты арттырады.

Сахабалардың өмір хикаяларын тыңдау иманды қуаттандырады, күнәларды жояды.

· Үнсіз күйімізден пайда аламайтындар, сөйлеуімізден де пайда аламайды.

· Ұлылардың сөзі, сөздердің ұлысы.

· Ілім надандықты жояды, ақымақтықты емес.

· Адамзат қаншама тер төгіп тырысқанымен жақсы көріп жақсы

көрілмейінше қиыншылықтан және пәлекеттен құтыла алмайды.

· Таза және жаңа киім киіңдер! Барған жерлеріңде жақсы мінездеріңмен, сөздеріңмен, киімдеріңмен Исламның шырайын және құндылығын көрсетіңдер!

· Хақты жақсы көрмейінше, Хақ та'аланы әмір біліп оған құлшылық етпейінше адамдар бір-бірін жақсы көре алмайды.

· Қоғамдағы рухани аурулардың себебі иман кемшілігінен туындайды.

· Әулиенің сөзінде илаһи әсер бар.

· Бір уақыт намазымды жоғалтқаннан гөрі бүкіл дүниені жоғалтуды қалаймын.

· Аллаһу та'алаға сенген адам неден махрұм қалды? Аллаһтан махрұм қалғандар неге қол жеткізді?

Худаи жолы

Азиз Махмуд Худаи хазреттері (1541-1628) ұстазы Уфтаде хазреттерінің қайтыс болуынан кейін Хожа Саадеттин ұстаздың айтуымен Бурсадан Стамбулға келіп қоныстанады. Фатих медреселерінде фиқһ, хадис, тәфсир ілімдерінен дәріс береді. Ускудардан жер алып ол жерде медресе (текке) ашады. Стамбулдықтар дәрістеріне және сұхбаттарына ағылып келіп жатты. Аты барлық жаққа жайылады. 4 Сұлтан (III Мұрат, I Ахмет, II Осман және IV Мұрат Хан) есігіне келеді. Күн өтуімен Хақ ғашықтары медресеге сыймайтын болып дәрістерін Сұлтан Ахмет Мешітінде өткізеді. Сұлтан Ахмет мешітінің ашылатын күні Жұма хұтбасын оқу міндеті беріледі. Бірақ сол күні теңіз аңғарына симай, толқындар жүргізбейді. Худаи хазреттері дауылға қарамай Бисмилләмен бастап қайығымен шығып кетеді. Қайық жүріп өткен жолдар тынышталады. Шәкірттері бір тунельден өткендей болып артынан еріп бұғаздан өтеді. Қаншама жылдар Ускудар қайықшыларының дауыл кезінде сенімді болып өтіп жүрген бұл жол ***"Худаи жолы"*** *деп аталып кетті.*

Худаи хазреттері бір күні сарайдағы сұхбаттан кейін намаз уақыты таяп дәрет алмақшы болады. Сұлтан Ахмет Хан құманмен су құяды, ханзадалар жайнамазын төсейді. Сұлтанның анасы басқа бөлмеден сүлгі дайындап тұрып "Ах, осы Мүбәрәк кісінің бір кереметін көрсем еді" деп ойлайды. Бұл жағдай Худаи хазреттеріне мәлім болып:

"Таң қаламын! Кейбіреулер әлі керемет көргісі келіп жүр. Халифаның өзі біз секілді ешкімі жоқ адамға су құйып, анасы сүлгі дайындап тұр. Бұдан асқан керемет бола ма?" *деген екен.*

Бір күні Падишах өзінен дұға сұрайды. Сонда былай деп дұға етеді:

"Йа Рабби! Бізді жақсы көргендер теңізге батпасын, қартайғанда мұқтаж қалмасын, имандарын сақтап өлсін және өлетін кездерін білсін!"

Баязид Бистами

Баязид Бистами хазреттері жаңбырлы күні жұма намазына бару үшін үйінен шығады. Қатты жауған жаңбырдан жолдар балшық болған еді. Жаңбыр тоқтағанға дейін бір үйдің дуалына паналап тұрды. Балшықты аяқкиімін үйдің дуал тастарына сүртіп тазалайды. Жаңбыр бәсеңдегенде мешітке қарай жүре бастайды. Бір кезде мәжусидің (отқа табынатын адам) дуалын кірлеткені есіне түсіп өкінеді. «Онымен халалдаспай (разылығын алмай) қалай намаз оқи аласың? Біреудің дуалын кірлеткен күйде қалай Аллаһу та'аланың алдында тұрасың?» деп ойлайды.

Дереу артқа қайтып сол мәжусидің есігін қағады. Есікті ашқан мәжуси:

- Бір бұйымтайыңыз бар ма?-деп сұрайды.

- Сізден кешірім сұрауға келдім.

- Кешірімі несі? Сенімен ешқандай сауда-саттық жасағаным жоқ.

- Біраз бұрын сіздің дуалыңызды байқаусыз кірлеттім. Жаңбырдың қаттылығы бұл маңыздылықты ұмыттырды.

- Несі бар, бәрібір дуалым балшық ішінде, сіздің аяғыңыздан жағылған балшықтан да келер зиян жоқ еді.

- Бірақ бұл да болса құл ақысы және иесінің разылын алу керек. Бәрібір кір деп, менің де кірлетуге ақым жоқ еді.

- Сізге бұл нәрсені дініңіз үйретті ме?

- Ия, дініміз және бұл діннің пайғамбары Мұхаммед алейһиссалам үйретті.

Сонда мәжуси «олай болса біз неге бұл дінге кірмей жүрміз?» деп мұсылман болды.

Жақсылық жасап теңізге таста

Бір күні Хазреті Жунәйд Бағдади теңіздің жағасын кезіп жүріп балықтарға жем лақтырып отырған мәжусиді (отқа табынатын адамды) көреді. Араларында мынадай әңгіме болады: -Не істеп отырсың? -Сауап жинау үшін балықтарға жем лақтырып отырмын. -Сенің сауап жинауың үшін алдымен иман келтіруің керек. Сен мұсылман емессің ғой, қандай сауап туралы айтып отырсың? -Жарайды менің бұл балықтарға жем тастап отырғанымды сенің Аллаһың көріп тұр ма? -Ол білмейтін, Ол көрмейтін ешнәрсе жоқ. -Онда маған сол да жеткілікті. Арадан 3-5 жыл өткеннен кейін Хазреті Жунәйд Бағдади қажылыққа барып тауаф етіп жүріп баяғы теңіз жағасындағы балықтарға жем лақтырып отырған мәжусидің де тауаф етіп жүргенін көреді. Хазреті Жунәйд Бағдади одан сұрайды: -Мұнда не істеп жүрсің? -Ол мені көрді. -Қалай көрді? -Сен кеткеннен кейін ішімде бір нұр жарқырай бастады. Бір қарағанымда балықтардың барлығы "шәһадат кәлимасын" айтып жатты. Ағаштарға қарадым олар да "шәһадат кәлимасын" айтып тұрды. Одан кейін мен де "шәһадат кәлимасын" айта бастадым. Сенің Раббың мені көрді, Ол көргені үшін мен осында келдім. Саған бір насихат айтайын: Жақсылық жаса теңізге таста, балық көрмесе де Халиқ (Жаратушы) көреді.

Шынайы жолаушы

Өмірді танығысы келген бір жас жігіт дүниені аралап, саяхаттап жүрген елдерінің бірінде мәшһүр бір ғалымның үйіне қонаққа барады.

Саяхатшы ғалымның тұрған үйінің дуалдарының кітаптарға толы екендігін көреді. Қатты таң қалады әрине.

Бірақ мұның мәнісіне бара алмайды. Үйде жерге төсеулі бір кілем, дуалдың түбінде бір төсек, ортада тұрған бір столмен орындықтан басқа ешнәрсе болмайды. Таңданысын жасыра алмай сұрайды:

- Неліктен ешқандай заттарыңыз, жиһаздарыңыз жоқ?

Ғалым қолымен әлгі заттарын меңзеп жауап береді:

- Бар, міне олар!..

- Енді... Айтайын дегенім басқа жиһаздарыңыз, бұйымдарыңыз қайда?

Ғалым бұл сұрағына сұрақпен жауап береді:

- Балам сенің де артықша ешқандай заттарың жоқ. Тек мына арқалап жүрген сөмкең ғана бар. Ал сонда сенің заттарың қайда?

Жас жігіт бұл күтпеген сұраққа былай деп жауаптайды:

- Бірақ көріп тұрсыз ғой мен жолаушымын...

Ғалым күлімдеп дұрыс айтасың дегендей болып басын изейді де:

- Мен де!.. Мен де ақырет жолаушысымын... - дейді.

Үш жігіт

Хазреті Юсуф Хамадани жылда бір айға Бағдат қаласына келіп уағыз-насихат айтады екен. Бір күні уағыз тыңдауға үш дос бірге келеді. Біреуінің көңілінен мына ой өтеді:

«Йа Раббым! Бұл не деген қуаныш, бұл не деген бақыт. Бұл өлкеге бір Аллаһтың адамы келіпті, бізге уағыз-насихат айтуда. Біздің жолымыз болған екен.»

Екіншісінің ойы мынадай болады:

«Ақыры келген екен достарыммен отырып тыңдайын бәлкім пайдасын көрерміз. Бірақ онсыз да мұнда молдалар аз емес еді, бұл жердегі молдалар жетпей қалды ма екен халыққа? Қазір мен оған бір сұрақ қоямын. Көрейік жауап бере алар ма екен?»

Ал үшіншісінің ойы мынадай болады:

«Бұл молдалар ақша, абырой табу үшін сонау ұзақ өлкелерден осында келіп жатады. Оған қазір бір сұрақ қоямын мүлдем жауап бере алмайды.»

Бірі толығымен тәслім, екіншісі ортада, ал үшіншісі қарсы шығуда болады. Олар сұрақтарын қоймай тұрып, хазреті Юсуф Хамадани оларға қарата біріншіге айтады:

«Ей Абдулқадир! Бұл әдебіңнің көркемдігімен Аллаһу та'аланы және расулын разы еттің. Мен сенің үлкен әулие, ғұлама болатыныңды, сенің ғасырыңда сенен асқан әулие болмайтынын көріп тұрмын. Бағдатта мінберде отырғаныңды және өте жоғарғы ғылымдарды түсіндіріп жатқаныңды көріп тұрмын...

Екіншісіне қарап былай дейді:

«Сенің сұрайын деп ойлаған сұрағың мынау еді, оның жауабы мынау. Бірақ сен өзіңше сынамақ болып әдепсіздік танытқаның үшін өмірің өкінішпен өтеді.»

Үшіншісіне былай дейді:

«Обалың жоқ сенің ей Ибн-ус-Саққа! Сенің сұрамақшы болған сұрағың мынау, жауабы мынадай. Сенен күпірдің иісін сезіп тұрмын, сен мүртәд боласың. Үлкен ғалым боласың әрі дінсіз боласың.»

Ибн-ус-Саққа үлкен ғалым болады. Тигр өзенінің жағасында Аллаһтың бар және бір екеніне 300 дәлел келтіріп береді. Константинопольге барып ол жақта жаман адамдарға қосылып исламнан шығады. Христиан болады. Тіпті бұл жолы Тигрдың жағасына келіп, 3 құдайдың барына 300 дәлел келтіруге тырысады. Ықыласcыздығы, әдепсіздігі, тәкаппарлығының кесірінен құрдымға кетеді.

Хазреті Абдулқадир Гәйлани "қуддиса сиррух" захири және батини ілімдерде әулиелердің ең үстемі болады. Қажы Юсуф Хамадани хазіреттің кереметі осылай ортаға шығады.

Ұстасыз жасалған қайық

Имам Ағзам бір атеистпен айтысу үшін сағат онда кездесуге келіседі. Хазреті Имам әдейі ол жиынға кешігіп барады. Кешіккенінде атеист «қараңдар Имамдарың қорқып келмей жатыр» дейді. Келген кезінде не үшін кешіккенін сұрайды. Ол ***«қайық жоқ еді, өзеннен өте алмай тұрдым, бір қарағанымда, ағаштың бұтақтары өздігінен жиналып қайық болып тұра қалды, сол қайықпен өзеннен өтіп келдім, сондықтан кешіктім»*** *дейді. Атеист күле бастайды «көрдіңдер ме қалай өтірік айтып тұр, ұстасы болмай өз-өзінен бір қайықтың жасалуы мүмкін бе?» дейді. Хазреті Имам дереу сөзін құптап:* ***«Ей атеист, бір қайық та ұстасыз өздігінен жасалмайтын болғанда, мына үлкен әлем қалай өздігінен бар болады»*** *деп атеистпен айтысты бастамай жатып-ақ жеңіп шығады.*

Дұғалардың нәтижесі

Бір күні бір шәкірті Ибраһим Әдхәм хазіреттен былай деп сұрайды: “Аллаһу та’ала: «Ей құлдарым! Менен сұраңдар! Қабыл етейін, берейін!» деп бұйырған. Бірақ қанша сұрасақ та қабыл болмай жатыр?” Сонда Ибраһим Әдхәм: · Аллаһу та’аланы шақырасыңдар, бірақ Оған бағынбайсыңдар!

· Пайғамбарын танисыңдар, оған ұйымайсыңдар!

· Құран кәрім оқисыңдар, көрсеткен жолымен жүрмейсіңдер!

· Құдайдың нығметтерінен пайдаланасыңдар, бірақ шүкір етпейсіңдер!

· Жәннаттың ғибадат еткендер үшін екенін білесіңдер, дайындығын істемейсіңдер!

· Жаһаннамды әмірлерге қарсы шығушылар үшін жаратқанын білесіңдер, одан сақтанбайсыңдар!

· Бабаларыңның, аталарыңның не болғандарын көріп, ғибрат алмайсыңдар!

· Өз айыптарыңа қарамай, басқалардың айыптарын іздейсіңдер! Мұндай адамдар, үстілеріне тас жаумағанына, жер жұтып кетпегеніне, көктен от жаумағанына шүкір етсін! Тағы не сұрайды? Дұғаларының нәтижесі, тек осы болса, жетпей ме?

Арыстаннан құтқарды.

Хазреті Имам Раббанидің шәкірттерінің бірі былай деп хикаялайды:

Хазреті Имам Раббанидің інісі Сурунч қаласында еді. Інісін қасына шақырып алу үшін бір хат жазды. Хатты інісіне мен апаратын болдым. Жолға шығарда – аман-есен жетуім үшін дұға қылып, Фатиха сүресін оқыды. Содан соң маған:

***«Жолда Құрейш сүресін көп оқы – қауіп-қатерден құтыласың. Егер жолда қиыншылыққа тап болсаң - бізді есіңе ал.»** деді.*

*Қасыма екі адам алып жолға шықтым. Сурунч қаласына екі тоқтам жер қалғанда, алдымыздан шөлдала шықты. Осы шөлдаланы қолданып қасымдығылардан алыстау жерге барып таһарет сындырдым. Дәрет алып екі рәкәт намаз оқиын деп тұрғанымда, алдымнан бір арыстан шыға келді. Маған жақындай түсті. Сол кезде есіме ұстазымның: **«Егер жолда қиыншылыққа тап болсаң бізді есіңе ал»** деген сөзі түсті.*

*Ішімнен: **«Ей ұстазым! Аллаһу та'аланың рұқсатымен көмегіме кел, мені мына арыстаннан құтқар»** дедім. Сөзімді бітірер-бітірмес қасыма Хазреті Имам Раббани келді де, арыстанға менің қасымнан кет дегендей белгі берді. Арыстан қашып кетті. Ал хазреті Имам Раббани көзден ғайып болды.*

*Бұл оқиғаны көрген қасымдағылар: **«саған көмектескен адам - кім?»** деп сұрады. Мен барлық жағдайды түсіндіріп,*

маған көмектескен хазреті Имам Раббани екенін айттым. Қасымдағылар хазреті Имам Раббаниді жақсы көретіндер қатарына қосылды.

Харун Рашид

Харун Рашид Аббаси халифаларының бесіншісі. Мұхаммед Мәһдидің ұлы Жафар Мансурдың немересі. Қабірі Тус қаласында. Бауыры Мұса Хади қайтыс болғанында халифа болады. Әкесінің заманында екі рет Римдіктермен соғысып қаһармандық танытқан. Халифа кезінде Ерегли қаласына дейінгі жерлерді жаулап алды. 9 рет қажылыққа барып, Мекке және Мәдина халқына көп сияпаттар жасады. Ілім және қолөнер иелеріне аса мән берді, олардан көмегін аямады. Өте әділетті еді. Харун Рашид 809 жылы Бағдатта қайтыс болды.

Имам Әбу Юсуф былай айтып береді:

Әкем қайтыс болғанында мен кішкентай едім. Хазреті Имам Ағзамның дәрістеріне қатысуды жалғастыра бердім. Бір күні анам ұстазымызға келіп айтты: "Ұстаз біз мұқтажбыз. Баламның жұмыс істеп ақша табуы керек." Сонда ұстазымыз:

- Сен оған тиме. Ол мұнда сары май, пісте және бадам езбесін жеуді үйреніп жатыр. Оның табатын ақшасын мен беріп тұрайын.

Анам бұны мақұл көріп қайтып кетті. Аллаһу та'ала маған ілімде көп нәрселер нәсіп етті. Кейінірек маған қазылық лауазымы берілді. Бір күні Аббаси халифасы Харун Рашидпен дастархан басында отыр едік. Дастарханға сары май, пісте және бадам езбесін алып келді. Мен күлгенімде себебін сұрады. Хазреті Имам Ағзаммен байланысты болған осы оқиғаны айтып бердім. Харун Рашид "Шынында да ілім адамды биікке көтереді." деп бұйырды.

Дүние сүйіспеншілігі

Имам Ағзам бір күні шәкірттеріне сабақ беріп жатқанда бір адам келіп,

– Саудаға жіберген заттарыңыз артылған кеме суға батыпты,-дейді.

Бұл хабарды естіген имам біраз тұрып, «әлхамдулилләһ» дейді.

Біраздан кейін тағы бір адам келіп,

– Мырза бір қателік болыпты, ол кеме сіздің кемеңіз емес екен,-дейді.

Біраз ойланып, «әлхамдулилләһ» дейді Шәкірттерінің бірі қызығушылықпен екі хабарға да неге «әлхамду-лилләһ» дегенін сұрайды.

– Батқан хабар келген кезде жүрегімді тыңдадым. Ешқандай қынжылу байқалмады. Хабардың қате екенін естігенде де жүрегімді тыңдадым. Ешқандай қуаныш сезімін байқамадым. Екеуіне де «әлхамдулилләһ» деу себебім дүниелік нәрселерге жүрегімде ешқандай сүйіспеншілік жоқ екенін түсінгендіктен,- дейді.

Садақа бермеген адамның дұғасы қабыл болмайды

Бір аймақта жаңбыр жаумай, құрғақшылық қиындық туғыза бастаған еді. Адамдар жаңбыр жауы үшін қанша дұға етсе де жаңбыр жаумайды. Әулиелердің бірі не істерін білмей абыржыған халыққа былай дейді:

— Мұның бір шарасы бар. Себептеріне жабыспайынша жаңбыр жаумайды.

— Ұстаз шарасы қандай да болса айтыңыз! Мына пәлекет-тен тезірек құтылайық.

— Бермей тұрып сұрауға болмайды. Аллаһ үшін де бермей тұрып сұрауға болмайды. Менің мына шапанымнан басқа еш нәрсем жоқ, мен бұл шапанымды беремін, әркім садақа ретінде бір нәрселер әкелсін.

Мұны естіген адамдар бере алатын нәрселерін әкеліп ортаға қойды, көп нәрсе жиналды. Әулие кісі бірнеше адамға бұларды сол аймақтағы кедейлерге таратуын айтты. Барлығын таратып болған соң мүбәрәк кісі былай деп дұға етті:

— Уа Раббым, құлдарыңды қуантқан адамдардың дұғасын қабыл ететініңді білдірудесің, біз сенің кедей құлдарыңды қуанттық, сен де жаңбыр ихсан етіп біздерді қуант!

Осыны айтқаннан соң жаңбыр жауа бастады. Кейін әулие кісі халыққа былай дейді:

— Міне көргендеріңдей садақа бермеген адамның, адамдарды қуантпаған адамның дұғасы қабыл болмайды.

Халал азық

Харам жейтін адамнан керемет күтілмейді, мұндай нәрсе болмайды, мүмкін де емес. Халал азық көңілді нұрландырады, адам оңай ғибадат ететін болады. Ал харам азық адамды шайтанның ойыншығына айналдырады. Бір күні адамдар хазреті Ибраһим Әдхамге келіп былай дейді:

– Ұстаз, бір жас жігіт бар, күнітүні ғибадат етеді, "уәжд" халіне кіріп, өзінен кетіп қалады. Әрбір әрекеті керемет, ұшуды да әдетке айналдырған.

Хазреті Ибраһим Әдхам:

– Мұнда бір мәселе бар,- дейді.

– Жүріңіз сіз де көріңіз, өзі бір ғажап жігіт!

– Жарайды барып көрейік.

Барып көргенінде тура айтқандары секілді еді, "Йа Раббым! Иншаллаһ шайтаннан емес шығар" деп ойлайды да жігітке айтады:

– Балам сен жақсы жігіт екенсің. Кешкісін маған кел бірге тамақтанайық.

Әлгі жігіт кеш батысымен келеді. Хазреті Ибраһим Әдхам дорбасынан бір үзім нан шығарып “ал балам мынаны же!” дейді. Жігіт “бисмилләһ” айтып нанды жегенінде бүкіл өзіндегі халдер жоғалып кетеді, ешнәрсе қалмайды. Таң қалып сұрайды:

– Ұстаз сен маған не істедің?

– Мен ешнәрсе істегенім жоқ, тек қана нан бердім.

– Мендегі кереметтер не болды?

– Сенің ол керемет деп ойлап жүргендерің шайтаннан келетін. Айналаңның бәрі шайтан басқан еді. Халал азық жегеніңде негізгі жағдайың ортаға шықты.

Алма және Имам Ағзамның әкесі

Шәмседдин Сиуасидің «Мәнаких-и Имам Аъзам» атты еңбегінде былай жазылған:

Имам Ағзамның әкесі Сабит (рахметуллаһи алейһ) кіші жасынан бері мінезі таза, тақуа және уәра иесі еді. Жүзі өте нұрлы болып, зухды, халы және ілімі өте терең еді.

Бір күні ол өзен жағасында дәрет алып отырғанында суда ағып келе жатқан бір алманы көрді. Дәреттен кейін, суда шіріп кетпесін деп алманы алып жеді. Бірақ түкірігінде қан көрді. Осы кезге дейін мұндай жағдай көрмегені үшін түкіріктегі қанның осы алмадан болғанын жобалады. Жегеніне өкінді. Алманың иесін тауып халалдасу (разылығын алу) үшін өзен жағасымен жүрді. Бір кезде жеген алмасына ұқсаған алмалары бар бақша көрді. Бақшаның иесін сұрастырды. Сол маңайдағы адамдар бақша иесінің өте жомарт және ихсан иесі екенін, тіпті ағаштағы бүкіл алмаларды жинап алып кетсе де ештеңе демейтінін, бір алманың еш маңызды емес екендігін айтты. Бұған қарамастан Сабит (рахметуллаһи алейһ) алманың иесін

тапты, мәселені түсіндірді, не ақшасын алуын, не халал етуін сұрады.

Бақша иесі жас жігіттің жағдайын көрген кезде тақуа мен уәрасының дұрыс болып-болмағанын анықтау үшін былай деді:

- Жеген алма үшін не бересің?

- Алтын, күміс, не бар болса барымды берейін.

- Мен алтын, күміс сұрамаймын, бірақ егер қияметте саған шағымдануымды қаламасаң бір ұсынысым бар, соны қабыл етуің керек.

- Ұсынысыңыз қандай?

- Орындайтын болсаң айтайын.

- Дінімізге қарсы болмаса істей аламын.

- Соқыр, кереӊ, тілсіз және сал болған қызым бар, онымен үйленуге разы болсаң, сол кезде ғана алманы саған халал ете аламын.

Хазреті Сабит ахиретке құл ақысымен кетпеу үшін бұл ұсынысты қабыл етті. Үйлену тойының дайындықтары жасалды. Хазреті Сабит алғашқы түні бөлмеге кіруінен шығуы тез болды. Бірден қайын атасына жүгіріп: «Мырзам бір қателік бар, іште сіз айтқан қасиеттерге лайық болған қыз жоқ, толығымен терісі!» деді. Қайын атасы күлімдеп: «Балам, ол менің қызым, сенің халалың. Мен саған соқыр дегенім, ол ешқашан харам көрмеген. Кереӊ дегенім, ол еш уақыт харам естімеген. Тілсіз дегенім, ол ешқашан харам сөз айтпаған. Сал қалған дегенім, ол ешқашан харамға аяқ баспаған. Бар, халалыңның жанына, Аллаһу та'ала құтты және бақытты қылсын.»

Міне осы некеден, яғни осындай ата-анадан Имам Ағзам Әбу Ханифа дүниеге келді...

Ең үлкен ұры

Адам табиғаты жақсылыққа, сый-сияпатқа қатты әсерленгіш келеді. Барлық адамдар, кімнен жақсылық көрсе, соны жақсы көре бастайды.

Бір әулие кісінің үйіне ұры түседі. Ары іздейді, бері іздейді, бірақ ұрлайтын ештеңе таппайды. Ұры ештеңе таппағандықтан, қайғырып, не істерін білмей қарап тұрғанда, әулие кісі ұрының артынан келіп «Асықпа» деген екен. Ұры шошып кетеді. Әулие:

– Таңертең көршілер маған май, бал сияқты азық-түліктер әкеледі, Соларды бірге жейміз. Одан кейін ақша, алтын сияқты заттар әкеледі, олардың бәрін саған беремін... Бірақ бір шартым бар, таңға дейін менің айтқандарымды істейсің» дейді.

– Не істеуім керек?

– Дәрет ал, таңға дейін бірге намаз оқимыз.

– Мен намаз оқи алмаймын, ешқашан оқып көрмегенмін.

– Ештеңе етпейді, сен менің істегендерімді қайталайсың.

Осылайша таң атады. Таңертең көршілер таңғы асқа тағамдар әкеледі. Әулие кісі «Сөз бердім ғой, кел, бірге тамақтанайық» дейді де, бірге тамақтанады. Ұрының қарны тояды. Біраздан соң бір атты кісі келеді, атынан түспей алыстан «Атааа» деп шақырады да, бір дорба алтынды лақтырады, «Мынау сенікі» деп кетіп қалады. Ішінен тура 250 дана алтын шығады. Әулие кісі «Мә, ала ғой, бұл сенікі, саған сөз бердім ғой, ала бер» дейді. Ұры таң қалып, ойланып тұрып, былай дейді: «Ата, мен ұрымын, бірақ сіз менен асқан ұры екенсіз. Тіпті әлемде сізден асатын ұры жоқ. Сіз менің жүрегімді ұрладыңыз. Енді мен бұл жерден ешқайда кетпеймін. Сізге бұл жерде қызмет етемін» деген екен.

Ахирет табысы

Малик бин Динардың «рахметуллаһи алейһ» айтып бергені:

«Бір жылы нәпіл қажылық жасауға ниет еткен едім. Сол жылдың бір күнінде қираған үйдің жанынан өтіп бара жатып, сол үйге кірген бір әйелді көріп қалдым. Шығарда біреулерден жасырынғандай жан-жағына қарап, бір өлген тауықты қолтығына қыстырып қиранды үйден шығып кетті. Әлгі әйел үйіне келгенге дейін мен де артынан қалмай жүрдім. Есіктен кіре бергенінде бірнеше бала алдынан жүгіріп шығып: «Анашым! Бізге жейтін нәрсе әкелдіңіз бе?» деп сұрады. Анасы: «Иә, сендерге бір тауық алып келдім. Қазір пісіріп беремін, жейсіңдер» деді. Бұл жағдайды көріп таң қалдым. Әлгі әйелдің не үшін бұлай істегенін білгім келді. Оған: «Қазір сенің артыңнан андып келдім. Өлген тауықты алғаныңды көрдім. Өлген тауықты жеу күнә ғой. Неге бұлай істедің?» деп сұрадым. Ол: «Қанша күннен бері үйде бірде-бір жейтін нәрсе жоқ. Көршіміз ет пісірген еді, сол еттің иісі балаларымды мұңайтты. Сосын өлі тауық болса да алып келдім»,- деді. Мұны естіп жаным ашып кетті, қажылыққа деп жинап қойған шамамен он мың дирхам ақшамды соған бердім.»

Қажылар қажылықтан қайтқан кезде Маликті көріп: «Сен қашан келдің? Біз сені Минада және Арафатта көрген едік қой» дейді. Малик: «Бұл қызық екен! Мен Куфада (Ирак) едім» деп жауап береді. Сол арада бір кісі Малик бин Динардың жанына келіп: «Сіз Малик бин Динарсыз ба?» деп сұрайды. Малик: «Иә» дейді. Әлгі кісі: «Мына ақшаларыңызды санап алыңыз, сізге беруім керек болған аманатыңыз. Қажылықта Минадағы шатырда отырған кезде бір кісі келіп: «Сіздер Куфалықсыздар ма?» деп сұрады. Мен «иә» дегенімде, «Куфаға барғаныңда мына әмиянды Малик бин Динарға беріп қойсаңыз»?- деп кетіп қалды. Малик ақшаны алып санап қараса тура он мың дир-

хам шығады. Сол түні түсінде бір дауыс естиді: «Бұл сенің дүниелік табысың, игі ісіңнің дүниедегі қайтарымы. Одан басқа ахиреттегі табысың да сақталуда».

Шынайы махаббат

Бір күні әулиенің бірінен шәкірттері: ***«Махаббаттың тек сөзін ғана иемденгендермен, шынайы махаббатқа қауышқандардың арасында қандай айырмашылық бар?»****- деп сұрайды. Сонда әулие кісі:*

– Қараңдар, көрсетейін! деп әуелі махаббатты тек ауызбен айтып, көңілдеріне орналастыра алмаған адамдарды шақырып, оларға дастархан әзірлейді. Барлығы орындарына жайғасып болғаннан соң алдарына сорпа мен сабы бір метрдей ұзын қасықтар әкеліп береді. Әулие кісі оларға:

– Тамақты осы қасықтың тек ұшынан ұстап ішіңіздер!- дейді.

Дастархан басындағылар қасықтың ең ұшынан ұстап тамаққа кіріседі. Бірақ сорпаны қанша ішуге тырысса да, ұзын қасықтың қолайсыздығынан қасықтағы тағамды ауыздарына апара алмайды. Осылайша дастархан басынан аш күйде тұрып кетеді.

Олардан кейін шынайы махаббатқа қауышқандар дастарханға шақырылады. Олар да келіп жайғасып болған соң, оларға да осы нәрсе айтылады. Сонда әр қайсысы ұзын қасықтарды сорпаға толтырып, қарсы алдындағы досына береді. Осылайша бәрінің қарындары тойып, шүкір етіп дастархан басынан тұрады. Соңында әулие былай дейді:

– Міне, кім бұл дастарханда тек өзінің қарнын тойдыруды ойласа, ол адам аш қалады. Және кім бауырын ойлап, оны тойдырса, өзі де бауырының арқасында тояды. Мына нәрсені де ұмытпаңдар, дүниеде алған адам емес, берген адам олжалы болады.

Сөз тыңдаған ұтады

Хазреті Азиз Махмуд Худайидің ұстазы хазреті Уфтада бір күні медреседе уағыз айтып отырып: «Жаңа піскен жүзім болса, соны жесек... Кім барып баудан жүзім жинап әкеледі?» дейді. Қыс мезгілі еді, сыртта қар тізеге дейін. Шәкірттері: «Мынадай қыстың ызғарында жүзім болмайды ғой... Ұстазымызға бір нәрсе болды-ау, Истиғрақ халі көрінген болса керек, не болса да біраздан кейін өтер.» деп ойлайды. (Истиғрақ – Аллаһ махаббатымен дүниені ұмытып өзінен кету деген сөз.)

Осы кезде шәкірттерінің бірі Қазы Махмуд, «Мұның бір хикметі бар, біз үшін ұстазымыздың сөзі маңызды» деп ойлайды. Рұқсат сұрап, бауға кетеді. Бұтақтарының бірін сілкиді, қар төгілгеннен кейін бұтақтан шоқ шоқ жүзім көреді. «Бұл ұстазымның кереметі» деп, бір себет жүзім жинап медресеге қайтып бара жатқанында шұңқырға құлап түседі. Шұңқырда тамағына дейін суға батады. Айналада ешкім жоқ. Себет суланбасын деп жоғарыда ұстап, Аллаһу та'алаға жалбарынып жатқан кезде, шұңқырдың бас жағынан дауыс естіледі: «Ей Махмуд! Қолыңды әкел жоғары тартайын!» дейді. Басын көтергенінде бір адамның оған күлімдегенін көреді. Қолын созады. Жоғары шыққан сәтінде ол адамды көре алмай қалады. Қайтадан себетін иығына асынып, асыға медресеге келеді.

Достары қызыға жүзімге қарап жатқан кезде, хазреті Уфтада:

«Балаларым, білемін, бұл мезгілде жүзім болмайды. Мақсатым жүзім емес, менің сөзіме ме, әлде жүзімге ме мән беретіндіктеріңді түсіну еді. Жүзімді көздегендер жоғалтады, еш жерден жүзім таба алмайды. Сөзімізді «жарайды» деп құптағандар, тапса да ұтады, таппаса да ұтады. Осыны ұмытпаңдар, дінге қызмет етуде, ұстазына қызмет етуде көптеген қиындықтар болады. Достарыңның шұңқырға түсіп,

оны Хызырдың (Қыдыр ата) құтқаруы сияқты... Қиыншылығы көп, бірақ сауабы да көп» деді.

Осылайша Қазы Махмуд ұстазының сөзіне мән беріп Қазы Махмуд болып жүріп хазреті Азиз Махмуд Худайи болды.

Сырри Сәқати

Ұлы әулиелердің бірі, хазреті Сырри Сәқати бір жерге бара жатқанда, жолдағы жанды-жансыз барлығы, тіпті ауадағы құстар да оған анық тілде сәлем беретін. 40 рет жаяу қажылыққа барған. Осыған қарамастан кейбіреулер одан былай деп сұрайды:

– Йа, Шәйх! Сіз өміріңізде бір рет те болса қателік жасадыңыз ба?

Сонда басын иіп былай деп жауап береді:

– Ей, бауырларым! Бір қателік жасадым. Сол қателігімнің оты жүрегімді 30 жылдан бері өртеп келеді. Әр еске алғанымда жүрегім тоқтап қалады деп ойлаймын...

– Ұстаз, ол қандай қателік еді?

– Осыдан отыз жыл бұрын Бағдат қаласында үлкен өрт шыққан еді. Менің де дүкенім орналасқан базар толық жанып кетті. Ол кезде мен басқа жерде едім... Хабаршылар барлық көршілерімнің дүкені жанып, тек менің дүкенім ғана жанбағанын айтып сүйіншіледі!... Қуанғанымнан: «Әлһамдулиллаһ!» деп Аллаһу та'алаға шүкір еттім... Бірақ артынша өзге мұсылмандарды қалдырып, тек өзімді ғана ойлағаным үшін қатты ұялдым... Бірден тәубе етіп, кәффарат ретінде дүкенімдегі заттарды садақа ретінде таратып жібердім, - дейді.

Батаменен ел көгерер...

Адамдардың разылығын, игі дұғасын, батасын алуға тырысу керек. Ренжітуден, қарғыс алудан міндетті түрде ұзақ болу керек. Дұға - қаза мен тағдырды өзгертеді. Бір игі дұғамен өмір жасы ұзаруы мүмкін. Ал қарғыспенен, әсіресе ата-ананың, салих туыстардың қарғысымен өмір қысқаруы мүмкін. Сондықтан аузымыздан шығатын сөздерге мұқият болуымыз керек. Аталарымыздың да «Жақсы сөз - жарым ырыс» деген хикметті сөздері бекер емес.

Убайдуллаһ Ахрар «құддиса сирруһ» хазреттері өте кішіпейіл адам еді. Кіммен кездессе де, міндетті түрде одан дұға етуін сұрайтын. Өзінің айтып бергені:

Үлкен, кіші, құл, қожайын кімді көрсем де, оны танымасам да: «Маған дұға етші!» деп жалынатынмын. Егер дұға етсе, қуанғанымнан төбем көкке жететін. Бір күні басымнан мынадай жағдай өтті:

Анамыздың өнімді, құнарлы егіншілік жері бар еді. Анам егіннен бидай орып алған кезде менің үлесімді де жіберетін.

Бір жылы әдеттегідей үлесімді жіберген еді. Мен ол бидайларды қоймаға апарып қойдым. Қайтып келгенімде бидайды әкелген кісі кетіп қалыпты. Не үшін оның дұғасын алмадым, деп қатты өкіндім, тіпті жыладым да. Артынан жүгіріп жетіп:

- Маған дұға етші! Бәлкім Раббым сенің дұғаңмен мені кешірер, және менің жағдайым сенің дұғаң арқылы түзелер,- деп жалындым. Ол таң қалып:

- Сен не айтып жатырсың? Мені басқа біреуге ұқсатып жатқан боларсың, - деді.

- Жоқ сені ешкімге ұқсатпадым. Маған дұға етші,- дедім. Ол тағы да таң қалып:

- Мен жаһил адаммын. Тіпті бетімді дұрыс жууды да

білмеймін. Бірақ сұрадың ғой, қолыңды қайтармайын, саған бір дұға етейін,-деді. Қолдарын жайып: «Йа Раббым, Мына жігіттің көңіл көзін аш!», - деп шын көңілмен дұға етті. Дұғасы бірден қабыл болып, мұратыма қауыштым.

Мас көрші

Имам Азам хазреттерінің бір көршісі бар еді. Үйлері тиіп тұратын. Әр күні түнде үйіне ішіп келіп, таңға дейін ән айтып, саз шалып, шулап имам Азам хазреттерінің мазасын қашыратын. Имам Азам оған ештеңе демерестен, сабыр ететін. Бір күні түнде әлгі жігіттің дауысын естімеген Әбу Ханифа (раһметуллаһи алейһ) таңырқап, таңертеңгісін көршісінің есігін қағады. Есікті ашқан көршісінің әйеліне:

- Күйеуіңіздің дауысы шықпағанынан алаңдап едік, әйтеуір ештеңе боп қалмады ма екен? - деп сұрайды. Әйел мұңайғанымен қоса ұялып:

- Оны түнде базардан мас күйде келе жатқан жерінен сақшылар түрмеге қамап қойыпты,- дейді.

Мұны естіген Имам Ағзам дереу әкімнің үйіне барады. Әкім оны көрісімен орнынан тұрып құрметпен сәлемдеседі, кейін:

- Уа имам! Келген себебіңізді айтасыз ба, бір қалауыңыз бар ма?- деп сұрайды. Имам Ағзам:

- Әкім мырза, біздің бір көршіміз бар еді, түнде мастығы үшін қамауға алынған екен. Соны босатуыңызды сұраймын,- дейді. Бұдан кейін әлгі жігітті босатып, Имам Ағзамға тапсырады. Жолда хазреті Әбу Ханифа:

- Ренжіме кеше бұл жағдайдан хабарымыз болмады және бала-шағаңа напақа бере алмадық, мына ақшаларды ал да олардың напақасын қамтамасыз ет!- дейді.

Көрші жігіт қатты өкініп, ұялғанынан қызарып кетті. Шын көңілмен тәубе етті. Өлгенге дейін Имам Ағзамнан айрылмады. Оның садық шәкірттерінен болып, көптеген ихсандарға қауышты.

Теңізшінің нәзірі

Сәйидат Нәфиса хазреттерінің дәуірінде Мысырда, төрт қызынан басқа ешкімі жоқ кәрі бір әйел өмір сүреді. Олар жіп иірумен күнелтетін. Әр жұма күні әйел иірген жіптерін базарға шығарып, жиырма дирхемге сататын. Он дирхеміне жіп жасауға қажетті мақта, қалған он дирхеміне азық-түлік сатып алатын. Сол алған нәрселерін келесі жұмаға дейін үнемдеп жеткізетін. Бір жұма күні, қарт әйел бір апта бойы иірген жібін бір қызыл матаға орап, базарға қарай жолға шығады. Түйіншегін басына қойып кетіп бара жатқан кезде үлкен бір бүркіт келіп, жіптер салынған түйіншекті жұлып алып ұшып кетеді. Әйел сол бойы құлап, есінен танып қалады. Есін жиғанында, болған жағдай есіне түсіп жылай бастайды. Жанына жиналған адамдарға жағдайын айтып: «Енді балаларым бір апта бойы нәпақасыз не істейді?» деп шағымданады. Адамдар: «Пәлен жерде Сәйидат Нәфиса деген әулие бір әйел бар. Жағдайыңды соған айтып көр» дейді. Әйел Сәйидат Нәфиса хазреттеріне келіп жағдайын түсіндіреді. Ол қолдарын жайып дұға етіп болған соң: «Енді сіз үйіңізге барыңыз. Аллаһу та'ала барлық нәрсеге құдіретті» дейді. Әйел үйіне кетеді. Біраз уақыттан кейін Сәйидат Нәфиса хазреттеріне біреулер келіп: «Біз теңізде едік. Бір кезде кемемізге су кіре бастады. Не істесек те су кіріп жатқан жерді жаба алмадық. Сізді уәсилә етіп (себепші қылып) Аллаһу та'аладан бізді сол қиыншылықтан құтқаруды сұрадық. Сол кезде аспанда үлкен бір бүркіт көрінді. Тұмсығында бір қызыл түйіншегі бар еді. Кемеміздің үстіне келгенде түйіншекті тастап ұшып кетті. Түйіншектің ішінде көп жіптер бар екен. Солармен кемеге су кіріп жатқан тесіктерді жақсылап бітедік. Осылай аман-есен елімізге оралуымыз нәсіп болды. Осы халімізге шүкір ету үшін сізге сыйлық ретінде бес жүз дирхем алып келдік, өтініш

қабыл алыңыз» деп кетіп қалады. Сол кезде Сәйидат Нәфиса хазреттері Аллаһу та'алаға шүкір етіп жылайды. Кейін әлгі кәрі әйелді жанына шақыртады. Әйел келгенде оған: «Бүркіт әкеткен жіптерді қаншаға сатасыз?» дейді. Әйел: «Жиырма дирхемге» дегенде, Сәйидат Нәфиса хазреттері оған бес жүз дирхемді беріп, болған оқиғаны айтып береді және «Аллаһу та'ала сіздің әр бір дирхеміңізге 25 есе артық ихсан етті» дейді.

Күнделікті өмірден

Байдың шұлығы

Өте бай кісі өлімінің жақындағанын сезгенінде баласын жанына шақыртып ең маңызды өсиетін айтыпты. «Балам мені мазарға шұлығыммен көміңдер!» депті. Баласы түсінбегенімен жарайды деп қабыл етеді. Әкесі қолына тағы бір хат береді. «Мен өлгеннен кейін бірінші қиналған кезіңде хатты ашып оқы!» дейді.

Күндер өтіп ажалы келген әкесі жан тапсырады. Ал бұл кезде баласын бір ой мазалап жүреді. «Мен енді әкемді шұлықтарымен бірге қалай көмемін...» Қанша молдаға, имамға барса да алғаны бір жауап «жоқ, дінімізде ондай нәрсе болмайды!». Бала шарасыз отырғанда есіне әкесінің «бірінші қиналған кезіңде ашып оқы» деп берген хаты түседі. Дереу хатты тауып оқиды. Хатта былай жазылған болады:

«Балам байқағаныңдай мен мұнша бай болсам да өзіммен бірге бір шұлықты да алып кете алмадым. Енді қалғанын өзің ойлан...»

Билет ақшасы

Анам және әкеммен циркке билет алу үшін кезекте тұрған едік. Сәлден соң кезегіміз жылжып билет кассасымен арамызда бір ғана жанұя қалған еді. Бұлардың 12 жасқа жетпеген 8 балалары бар еді. Баршылық ішінде өмір сүрмейтіні жағдайларынан белгілі еді. Үстеріндегі киімдері бағалы еместі, бірақ таптаза еді. Балалар әкесінің артынан екі-екіден қол ұстасып, тәрбиелі түрде қатармен тұрды. Жүздерінен қуаныш, қобалжу сезімдері білініп тұрды. Пілдерді көретінін, қызықты, ерекше нәрселер болатынын бір-біріне айтып жатты. Бұрын соңды циркке бармағандары сөздерінен біліну тұр. Аналарымен әкесі мақтанышпен қол ұстасып ең алда тұрды. Кассир әкеге қанша билет керектігін сұрады. Әке: «Екі ересек билеті және сегіз балалар билетін беріңіз» деді. Кассир билеттердің құнын айтқанда анасының қолы әкенің қолын жібере салды. Басы салбырап мұңая түсті. Әкенің еріндері дірілдеп кассирге жақындай түсіп «қанша дедіңіз?» деп сұрады. Кассир билеттердің бағасын қайталап айтты. Ол кісінің оншалықты ақшасы жоқ еді. Енді балаларына бұрылып оларды циркке алып кіретін ақшасы жоқ екенін қалай айта алар еді?..

Әкем мұны сезіп қалтасынан 20 доллар шығарып жерге түсірді. Әкем жерге еңкейіп жатып әлгі кісіні түртті «Кешіріңіз мына ақша қалтаңыздан түсіп қалды.» деді.

Кісі мән жайды түсінген еді. Әкемнің көздеріне қарап тұрып қалды. Әкем жерден алған ақшаны оның қолына ұстатты. Еріндері дірілдеген күйі «Рахмет, көп көп рахмет мырзам. Бұл ісіңіздің мен және жанұям үшін маңызы өте зор» деді.

Цирктен кейін әкеммен машинамызға мініп үйге қайтқанымызда қуанышымыз бұрынғыдан да арта түсті.

Құбыла бағыты

Бір жолаушы автобус келгенше автовокзалдың коридорын аралап жүреді. Қолын жуу үшін әжетханаға барғанда жұмысшы киімін киген бір жас адам оған:

– Намаз оқиын деп жатырсыз ба? Дәрет алатын жеріміз де бар,-дейді.

Жолаушы қолындағы темекінің күлін алдындағы адамның аяғының қасына түсіріп,

– Сен қызметші боларсың. Бұл жерде не істейсің? – дейді тәкаппарланып.

– Тазалықшымын. Қол жуғыш пен әжетхананы тазалаймын.

– Мен намазды сен сияқты тақыр кедейлерге қалдырдым. Бұл сендерге сондай жарасады...

Тазалық қызметшісі ол адамның әрекетіне мән бермеді. Бірақ, намазға жасалған құрметсіздік оны қатты қинады. Қандай жауап қайтаруды біраз ойланғаннан кейін үндемеуді жөн көрді!

Біраздан соң әлгі жолаушы келе жатып басының айналғанын сезді. Қолына шешіп алған пальтосы да зіл басып барады . Жеген екі кәуабы оның қан қысымын көтеріп, өзін әлсіз сезінді. Бірнеше қадам аттағаннан кейін нашарлап, тізерлеп отырып қалды. Қолындағы пальто одан бұрын жерге түсіп, киімінің кірлеуіне кедергі болды. Жүрелеп отырса да қатты айналған басын жерге сүйеп, біраз демалды. Тұрған кезінде тағы да басы айналып, әрекетін қайталады. Бірақ, өзін басқа адамдар көреді деп абыржыған еді. Сол үшін оңға, солға қараған кезінде шәй тасушы бір жас жігіт қарсы алдынан шығып, құрметпен амандасып:

–Намазыңызды Аллаһ қабыл етсін, бірақ құбыла біраз оң жақта еді,-дейді.

Құрыдым, масқара!

Жұмысқа жаңадан кірген жас инженер жиналыс кезінде үстел үстіндегі газетке қарап отырып, кенеттен орнынан ұшып тұрып «Құрыдым, масқара» деп, жүгіріп бөлмесіне кіріп кетеді де есігін құлыптап алады.

Барлығы не болғанын білмей абдырап қалады. Фирма басшысы жиналысты тоқтатып:

– Оған бір нәрсе болып қалды ма? Абайлаңдар, өзін өлтіріп жүрмесін,- деп алаңдаушылық білдіреді.

Қалғандары өз пікірлерін айта бастайды:

– Білесіздер, бүгін биржа тұрақсыздыққа ұшырады. Оның үлкен үлесі болған шығар.

– Пайыз бен репо болуы да мүмкін. 200 пайыздан асты.

– Кеше доллар ауыстыратынын айтқан болатын. Бүгін доллар курсы күрт көтеріліп кеткендіктен миллиардттар жоғалтқан болуы керек.

– Сіздер қателесіздер. 3 күн бұрын аванс алған болатын. Мұндай нәрселерден проблемасы жоқ. Не болса да әйелімен ұрысқан шығар.

– Солай. Әйелін кеше көрдім. Дөрекі біреу болатын.

Фирма директоры:

– Әңгімемен уақытты жоғалтпайық. Бір сәтте тапаншаның даусы шығуы мүмкін іштен.

Директордың сөзінен кейін фирманың барлық қызметкерлері инженердің есігіне барады. Директор жылы сөзбен:

– Инженер мырза,- дейді, -Бауырым. Қате әрекет істеме. Білесің, бұл дүние өткінші. Бір күні онсыз да өлеміз.

Инженердің бөлмесінің есігі болаттан жасалғандықтан не істесе де сынбайды. Іштен ешқандай дыбыс та шықпайды. Өрт сөндірушілерге хабар беріледі. Алтыншы қабаттағы бөлменің терезелерінің астына брезент маталар керіліп, те-

ледидар операторлары тікелей эфир түсіруге дайындалып, адамның сыртқа секіруін тілеп тұрады. Инженер 10 минуттан кейін есікті ашады. Жүзі нұрланып тұрып, ешнәрседен хабарсыз түрде есіктің алдындағы тобырға қарап:

– Екінді намазының уақыты өтіп кетуге сәл-ақ қалыпты, достар. Әйтеуірі, үлгедім-ау деп жауап береді.

Көгерген көшет

Жаңадан үйленген екі жас алғашқы айларында-ақ тұрмыстарының өздері ойлағандай болмай шыққандығын түсіне бастады.

Негізі бір-бірін жақсы көретін. Екеуі де ажырасуды қаламайтын бірақ бұдан әрі де бұлай жалғасуын тоқтататын шешім іздеді.

Ері “маған бір ой келді” деді. “Бақшаға бір ағаш отырғызайық. Егер бұл ағаш үш ай ішінде қурап кетсе ажырасайық. Қурамай өніп кетсе бұдан былай бұл тақырыпты қозғамайтындай болайық. Ал бұл мерзім ішінде екеуміз екі бөлек бөлмеде тұрайық.”

Бұл пікір келіншегіне де ұнайды. Ертеңіне бір жеміс көшетін алып бірге бақшаға отырғызады. Арадан бір ай өтеді. Бір түні бақшада кездесіп қалады. Екеуінің де қолында су толы бидон бар еді...

Сый ақы

Қарт кісі жас жігіттің қалтасына бірнәрсе салып жатып “Аллаһ сенен разы болсын балам. Бұл атаңды жаңадан туғандай қуанттың. Мына кішкене ғана сыйымды қабыл алсаң одан да қатты қуантқан боласың!” деді.

Жас жігіт жасаған ісінің сыйапатын көретінін әуел бастан-ақ білетін. Жол шетінде жылап отырған 4-5 жас

шамасындағы баланың адасып қалғанын, жоғалғанын түсініп, қайда тұратынын сұрап білгеннен кейін такси жалдап үйіне алып келген еді. Бірақ жігіт іздеген үйін тапқанында өкініштен өңі бұзылып қоя берді. Жол бойы қиялдап келген ауласында бассейн, бағалы машина тұрған үлкен вилланың орнында ескі қирайын деп тұрған үйшік тұрады. Оның үстіне есікті атасы ашып қуаныштан немересін құшақтап кейін алғысын айтып жігіттің қалтасына бірнеше ғана тиын салған еді.

Жігіт сөз барысында баланың әке-шешесі жол апатынан қаза тапқанын біліп, бұл арада шалдың жылап тұрғанын пайдаланып қалтасын қолымен бір шолып шығады. 3-4 дана тиындар қалтасының бір бұрышын да толтырмаған еді. Үйдің жағдайына бір қарағаннан-ақ шалдың кедей тұратыны белгілі еді. Бірақ ең болмағанда таксидің қаражатын көтеретіндей сый ақы берсе болмас па еді?!

Қомақты сый ақымен шығатынын жоспарлап келген жігіттің қиялдары төңкеріліп ішінде бір от тұтана бастайды. Ойында өте сараң, шығымсыз шалға кезіккен еді және де оған міндетті түрде дәріс беруі керек еді. Қарт кісінің көзіне тік қараған бойда қалтасындағы тиындарды баланың аяқ астына лақтырып жіберіп: «Мә өзіңе кішігірім ойыншық ал! Осылайша жомарттықтың не екенін түсінерсің!» дейді.

Кішкентай бала тиындарды жинап алғанда, әлгі жігіттің көздері шарасынан шығып кетердей адырайып кетеді. Өйткені баланың кішкентай ғана алақанында 3-4 дана алтын тиындар жарқырап тұрған еді...

Өмірдің жаңғырығы

Бір кісі және баласы орманда серуендеп жүріп баласы шалынып құлап түседі. Ауырған жері жанына батқандықтан ***“Ахxx!”*** *деп айқайлап жібереді. Жандарындағы таудан* ***“Ахxx!”*** *деген дауыс естіге-нінде бала таң қалады.*

*Ешнәрсені түсінбеген бала **“Сен кімсің?”** деп айқайлайды. Алған жауабы тағы да “сен кімсің?” болып келеді.*

*Бұл жауапқа ашуланып **“Сен қорқақсың!..”** деп айқайлайды. Таудан келген дауыс **“Сен қорқақсың!”** деп жауап береді.*

*Бала әкесіне бұрылып сұрайды **“Әке не болып жатыр?”** Әкесі **“Балам тыңда және үйрен!”** деп тауға қарап **“Мен саған қайран қалдым!”** деп айқайлайды. Қайтқан жауап тағы да “**Мен саған қайран қалдым!”** деп келеді.*

*Әкесі қайтадан айқайлайды, **“Сен өте әдемісің!..”** Жауап тағы **“Сен өте әдемісің”** болып келеді. Бала қатты таң қалады, бірақ әлі не болғанын түсінбейді.*

*Әкесі оған түсіндіріп береді. Адамдар бұны **жаңғырық** деп атайды, бірақ негізінде бұл **өмір**. Өмір әрқашан сенің бергендеріңді өзіңе қайтарады. Өмір – жасаған мәмілеміздің айнасы. Өзіңді жақсы көргізгің келсе, алдымен өзің жақсы көр! Саған жақсы мәміледе болуын қаласаң, өзің басқалармен жақсы қарым-қатынаста бол! Адамдардан құрмет көргің келсе, адамдарды құрметте! Адамдардың сабырлы болуын қаласаң, сен де сабырлы болуды үйрен!*

Бұл қағида өмірдің барлық кезеңі үшін бірдей. Өмір кездейсоқтық нәрсе емес, жасаған әрекеттеріміздің айнадан кері шағылысуы.

Бүкіл дүниенің түзелуі

Бір апталық жұмыс күнінен қажыған адам жексенбінің таңында қолына газет алып шаршағанын басып, күні бойы үйде отыруды ұйғарады. Дәл осыны ойлап отырғанында баласы жүгіріп келіп паркке қашан баратынын сұрайды. Әкесі оған демалыс күні паркке алып баратына уәде берген болатын. Бірақ мүлдем сыртқа шығуға зауқы болмай бір сылтау іздейді. Кейін газет бетіндегі дүние жүзілік карта көзіне түседі. Картаны майдалап жыртып баласына «егер картаны құрасаң сені

паркке алып барамын» деді де өзі іштей «жақсы құтылдым-ау, ең мықты география профессоры да кешке дейін құрай алмас» деп ойлады. Арада он минут уақыт өтісімен-ақ баласы жүгіріп келіп:

- «Әке картаны түзедім, енді барсақ болады»- деді.

Әкесі алдымен сенбей барып көреді. Көргенінде таң қалып қалай түзегенін сұрайды. Сонда бала былай деп жауап береді:

- Маған берген картаның артында бір адамның суреті бер еді. ***Адамды түзеткен кезімде, бүкіл дүние жүзі түзеліп шыға келді.***

- !...

Жолдағы кедергі

Баяғы заманда бір патша сарайға кіретін жолдың үстіне үлкен тас қойдырып, өзі терезеден бақылап отырыпты. "Көрейік не болады екен?..."

Елінің ең бай саудагерлері, ең күшті керуеншілері, сарай қызметшілері жолда келе жатып тасты айналып өтіп ешнәрсе істемей кіріп кетеді. Кейбіреулері тасты көріп дауыстап тұрып патшаны сөге бастайды. "Халықтан қаншама салық жинайды бірақ жолдарын таза ұстай алмайды..." т.б.

Осы кезде бір ауыл шаруасы сарайға жеміс, көкөніс алып келе жатып жол ортасындағы тасты көргенде, арқасынан жүгін жерге қойып екі қолымен тасты итере бастайды. Қатты қиналып, қара терге батады, ақыры соңында тасты жолдың шетіне ығыстырып қояды. Жүгін қайтадан асынып жатқанда тастың жатқан жерінен бір қалта көреді.

Алып ішін ашады... Қалташық алтынға толы болады. Ішінен патшаның жазған хатын көреді: "Бұл алтын, тасты жолдан алған адамға берген сыйлығым. Патша."

Осылайша бұл шаруа бүгінгі күні де көпшіліктің онша мән бере бермейтін мәселелерінде адамдарға дәрс берді. Мұның сыйапатын дүниеде артығымен алды.

Жәннатты сатып алу

Соңғы сабақ аяқталған еді. Оқушылар қайту үшін сабырсыздық етуде. Дәптер кітаптарын сөмкелеріне салып қойған. Қоңырау шалынуымен сыртқа шығуға дайындалып отыр.

Тек Әли ғана шығуға асықпады. Заттарын ақырын жинастырып жатты. Бір жағынан көз қиығымен мұғаліміне қарап, бір жағынан достарының шығып кетуін күтіп тұрды.

Мұғалімі оның бұл жағдайын байқап қойды:

- Тыныштық па Әли, сен үйге қайтпайсың ба?

- Сізбен сөйлесейін деген едім ағай.

- Жарайды Әли не айтайын деген едің?

- Досым Ахметтің жағдайлары жақсы емес көрінеді. Анасы сөмкесіне тамақтануға жақсы нәрселер салмай жүр. Оған көмектескім келеді. Менің көмектескенімді білсе ренжиді. Күніне бір бәліш ақшасын жинап әр апта сізге беріп тұрсам, сіз оған бере аласыз ба?

Мұғалімі таң қалды. Бұл үздік және сүйкімді оқушысының қаншалықты жақсы ниетті екендігін ойлады.

- Сендердің де жағдайларың оншалықты жақсы емес Әли?

- Иә ағай, әкем жұмыс таба алмай жүргеніне біраз болды. Бірақ мен де жұмыс істеп жүрмін.

- Қайда істеп жүрсің?

- Бәліш сатып жүрмін.

Мұғалімі жақсылықтың мынадай түріне не айта алар еді? Оны бұл ойынан қайтару үшін бір шара табуы керек еді.

- Үлкейгенде кім болғың келеді Әли?

- Адамдарға бұдан да көп көмектесе алу үшін өте бай жұмысшы болғым келеді.

- Онда сен асықпа, өте бай болған кезіңде адамдарға көмектесесің.

- *Болмайды ағай.*
- *Неге болмайды?*
- *Үш себебі бар.*

Біріншісі: *Бұл ақша онсыз да менікі емес. Жақсылық істегенім үшін Аллаһ мені адамдарға сүйкімді етіп көрсетеді. Сондықтан олар менен көбірек бәліш сатып алады.*

Екіншісі: *Ағашты жастайынан отырғызу керек деп айтылған. Қазірден бастап жақсылық жасамасам үлкейген соң мүлдем жасай алмаймын.*

Үшіншісі: *Қазір тек бір бәліш ақшасындай ғана жақсылық істей аламын. Аллаһ Жәннатты күші жеткен мөлшерде жақсылық жасағандарға береді. Егер байымай тұрып өлсем, бірнеше бәліш ақшасының арқасында жәннатқа кіре аламын. Ақшаңды бұдан да пайдалы нәрсеге жұмсауға болмаса керек...*

Жан деген осылай құрбан етіледі!

Бір дәрігердің басынан өткерген оқиғасы:

Біраз жыл бұрын емханаға ауыр халдегі бір қыз түсті. Өмірін сақтап қалудың бір ғана амалы болды. Ол 5 жасар інісінен жедел қан құю еді. Кішкентай бала бұрын дәл осындай аурумен ауырып өлім аузынан қалған болатын және қанында бұл аурудың микроптарын жоятын антиденелер пайда болған еді.

Оған ол түсінетіндей тілмен жағдайды түсіндірдім және әпкесіне қанын беретінін әлде бермейтінін сұрадым. Кішкентай бала бір мезет үнсіз тұрып ойланды. Кейін терең дем алып “Егер әпкем бұл ауруынан жазылатын болса, мен қанымды қуана қуана беремін” деді.

Қан құйып жатқанда әпкесінің көздеріне қарап күлімдеп жатты. Қыздың беттерінен қан жүгіріп бозарған түсі қалпына келе бастады. Ал кішкентай баланың жүзі барған сайын солып күлімдеуі де азайып қала берді. Дірілдеген үнмен

менен сұрады:

- Дәрігер ағай, әпкем тұрмай жатып, оның жазылғанын көрмей жатып өлемін ба мен?

Сөйтсем бұл бала қанын бергенде әпкесі тірі қалып, өзі өлетінін ойлаған екен.

Марапат

Бұрынғы замандарда 3 кісі жолда жаңбырдың астында қалып бір үңгірге кіріп тығылады. Сол сәтте үлкен бір тас құлап үңгірдің аузын жауып қалады. Іштерінен біреуі мынадай ұсыныс жасайды:

“Келіңдер бәріміз ең жақсы әрекеттерімізді айтайық. Раббымыз осы жақсылықтарымыздың берекетімен бәлкім бізді бұл бәледен құтқарар.”

Сөйтіп біреуі былай деп бастайды:

“Менің бір жеке кәсібім, қолымда бірнеше жұмысшым бар. Бір жұмысшым түске таман келіп басқалар істегендей мөлшерде істеді. Оған да басқаларға бергендей ақша бердім. Бір жұмысшым бұған ашуланып ақшасын алмай кетіп қалды. Мен оның ақшасымен бір ұрғашы бұзау сатып алып бақтым. Біраз жылдардан кейін бір қарт кісі келіп бұрынғы жалақысын алмай кеткен жұмысшы екенін айтып ақшасын сұрады. Мен де көбейген сиырлардың барлығын оған бердім. Я Раббым, мен бұл істі сенің разылығың үшін жасадым. Осы жақсылығым үшін бізді бұл бәледен құтқар!..”

Тас кішкене ашылып, жарық көрінеді. Екіншісі кісі былай жалғастырады:

“Мен өте бай едім. Халық қиналған кезінде менен ақша сұрайтын. Бір күні бір әйел келіп ақша сұрады. «Маған берілсең ғана беремін» дедім. Ол көнбеді. Үшінші келгенінде көнгенімен қатты дірілдеп тұрды. «Не үшін дірілдеп тұрсың?» деп едім, «Аллаһтан қорқып тұрмын» деді. «Сен бұл кедей халіңмен Аллаһтан қорқып тұрсың. Мен байлығыммен қалай Аллаһтан

қорқпаймын?» деп бұл ниетімнен қайттым. Сұраған ақшасын бердім. Я Раббым, мен бұл жаман істен сенің разылығың үшін тыйылдым. Бізді бұл бәледен құтқар!.. ”

Тас тағы да ашылды. Үшіншісі былай айтып берді:

“Менің кәрі анам бар еді. Оған тамағын беріп, шайын ішкізіп қызмет ететінмін. Бір күні үйге кеш келдім. Сүт ыдысыммен жанына барғанымда ұйықтап қалғанын көрдім. Таңға дейін жанында күттім. Оянғанда тамағын беріп сүтін ішкіздім. Я Раббым мен бұл істі сенің разылығың үшін жасадым. Соның құрметіне бізді бұл бәледен құтқар!..”

Осыдан кейін тас толығымен ашалып үшеуі де ол жерден құтылды.

Қазір біліп келемін

Бір күні бір жұмысшы бастығына келіп шағымданыпты:

- Біз екі жұмысшымыз екеуміз де бірдей жұмыс істейміз, бірақ ана адамның айлығы менің айлығымнан үш есе артық бұның себебі неде? Бұл әділетсіздік емес пе? - деген екен. Сонда бастығы:

- Сен даладағы шығып жатқан дыбысты естіп тұрсың ба?

- Ия

- соны барып біліп келші не болып жатыр екен? - дейді. Барып келген жұмысшысы:

- Құбыр жарылған екен сондықтан жолды қазып жөндеп жатыр екен - дейді.

- Қанша уақыт жөндейді екен?

- Қазір біліп келемін - деп шығып кетеді. Барып сұрап келіп - бес күнге созылады екен - деп жауап береді.

- Жол ашық па екен, машиналар жүріп жатыр ма?

- Қазір біліп келем - деп қайта шығып барып келеді.

- Жабық екен.

- Енді бес күн бойы қай жақпен жүреді екенбіз?

- Қазір біліп келемін – деп қайта барып келіп - келесі жатқан бір тараптық көшені уақытша екі тараптық етіп ашыпты сол жакпен айналып жүре тұрады екенбіз - дейді.

Кейін екінші жұмысшысын шақыртып одан да дәл солай сұрайды:

- Даладағы дыбыстарды естіп тұрсын ба? Біліп келші не болып жатқанын. Барып біліп келіп:

- Құбыр жарылған екен соны жөндеп жатыр. Жөндеуге шамамен бес күн кетеді екен, соған байланысты жол жабылып уақытша келесі көшені екі тарапты етіп ашқан екен сол жақпен жүруімізге тура келеді.

Бастығы бірінші жұмысшысына қарап:

- Енді түсінікті болды ма себебі?..

Жақсылық пен Жамандық

Жасы үлкен ата мен оның немересі үйдің алдында ырсылдап, алпарысып жатқан екі итке қарап отырыпты. Иттердің біреуі ақ, екіншісі қара. 12 жасар немере өзін білгелі осы иттер үнемі атасының үйі алдында алпарысып жататын. Атасы көзін алмай қарайтын ірі иттер еді бұлар.

Немере: «Ата, иттеріңіз соншалықты үлкен - үйіңізді қорғауға біреуі де жетер еді ғой, неге екеуін ұстайсыз? Ал түстері ше - неге біреуі ақ, екіншісі қара болуын қаладыңыз?» деп сұрады атасынан.

Жасы 70-ке жеткен ата немересіне күлімдеп қарады да:

«Ол иттерім,» деді, «мен үшін екі таңба, балам.»

- Ненің таңбасы?

- Жақсылық пен жамандықтың. Тура осы иттер ұқсап, ішіміздегі жақсылық пен жамандық үнемі күресіп жатады. Иттерге қараған сайын соны ойлаймын. Сол үшін оларды қасымда ұстаймын.

Кішкентай бала, күрес болса онда жеңген мен жеңілген де болуы керек деп:

«Қалай ойлайсыз, осы күресті қайсысы жеңіп шығады екен?»

Атасы балаға құлімдеп қарап:

«Қайсысы дейсің ба, балам? Мен қайсысына көп тамақ берсем - сол!»

Жаспын, әдемімін, бірақ...

Туыстарымызбен бірге қайтыс болған нағашы әпкемнің жүзін соңғы рет көру үшін мазарға барған кезімізде имам бұл тілегімізді қабылдамады. Табытты ашты, бірақ кебіннің басындағы бауларды ғана шешті. Мәйіт қабірге түсірілгеннен кейін қатар-қатар тақтайлар қойыла бастады. Енді оның дүниемен байланысы қалған жоқ. Тек істеген істерімен бірге қалды. Әрбір тақтайды қойып жатқанда менің дүниеге деген сүйіспеншілігім жойылып жатқан еді. Топырақ тасталып жатқанда бұл дүниенің жалған екенін түсіндім. Мазардың беті топырақпен үйілген кезде ол әйелдің өмір сүріп-сүрмегендігі белгісіз болып қалған еді.

Біраздан кейін біз ол жерден кеттік. Ол жалғыздан-жалғыз қалды. Міне, сол кезде өз жағдайыма қарап, іштей қынжыла бастадым.

«Мен топырақтың астында жалғыз қаламын. Нағыз керек кезде қасымда ешкім болмайды. Олай болса дүниеде әркімнің сөзіне еріп, «сопы деп мазақтамасын» деп неге ғибадаттарымды жасамауым керек?"

Үйге келген соң анамнан «артық орамал бар ма?» деп сұрағанымда ол таң қалды. Оған «Жалғыз жерде есеп беруден қатты қорқамын, ана» дедім. Ол қатты қуанды. Ғибадат жасауды бастадым. Күйеуім де қуанды. Бірақ, айналамдағы адамдар маған «Жассың, әдемісің, не болып кеттің, өмір сүріп

қалмайсың ба?» дей бастады.

Не десем де оларды сендіре алмадым. Сосын оларға былай дедім:

«Бұл жерде маған ақыл айтуларыңа болады. Егер мазарда да мені жалғыз қалдырмайтындарыңа сөз берсеңдер, сендердің айтқандарыңды істейін...”

Келін-ене

Бұрынғы өткен заманда Қытайда Лили атты бір қыз тұрмысқа шығып, күйеуі, енесі үшеуі бір үйде өмір сүре бастапты. Бірнеше айдан кейін бітпей кеткен келін мен ене арасындағы ұрыс-керістер нәтижесінде әрі өзі үшін, әрі әйелімен анасының ортасында қалған күйеуі үшін де тұрмыс шыдамсыз бір халге келеді. Бір шара қолдану керек деп ойлаған келін, тура әкесінің бұрынғы досы болған емшіге барып дертін айтады.

Кәрі адам оған шөптерден бір қоспа дайындайды және оны үш ай бойы күнде аз-аздап енесінің тамағына қосып тұруын айтады. Уды аз-аздап берсе, осылайша оны келіннің өлтіргені белгілі болмайтын еді. Кәрі адам келіншекке ешкімнің және күйеуінің де одан күмәнданбауы үшін енесімен өте жылы қарым-қатынаста болуын, ол үшін ең дәмді тағамдар пісіруін де айтады.

Қуана қуана үйіне келген келін айтылғандарды бұлжытпай орындайды. Әр күн енесіне ең дәмді тағамдар дайындап беріп отырады. Онымен жақсы мәміледе болып, тамағына да аз-аздан уды тамызып отырады. Біраз күннен кейін енесі де қатты өзгеріп, келініне өз қызы сияқты қарай бастайды. Бұдан былай үйде сыйластық лебі есе бастайды. Бұл арада енесін өз анасындай жақсы көріп қалған келін, істегендеріне қатты өкінеді. Кешірілмес қатеге жол бергенін түсініп, баяғы емшіге қайта барады. Кәрі адамға, енесіне берген уларды таза-

лайтын бір дәрі табуын сұрап жалынады. Көзіне жас толған кәрі адам былай дейді:

“Қымбатты Лили, саған бергендерім тек витамин ғана еді. Нағыз у ол сенің басыңда еді. Сен оған жақсы мәміледе болған сайын, оның да саған деген ызасы құрметке айналды. Осылайша сендер нағыз ана мен қыздай болдыңдар.”

“Гүл берген қолда, гүлдің иісі қалады” дегендері осы болса керек.

Әсемдік кремі

Теледидардан тікелей эфирден репортаж жүріп жатыр. Диктор қолындағы микрофонды жас бір қызға ұсынды:

- Әсемдік тақырыбында бір зерттеу жүргізудеміз. Әсіресе, терінің сұлулығы неге байланысты деп ойлайсыз?

- Әлі жеткілікті мөлшерде табыс таппайтын болғандықтан бетіме қияр қабықтарын жапсырамын. Кейде қияр кремін қолданамын. Сондықтан жылтырап тұр, әрине.

Диктор жас әйелге барып:

- Сіз ше, ханым, сіздің де бетіңізге ерекше күтім жасайтын сияқтысыз? – деп сұрады.

- Мен қымбат кремдер қолданамын.

Орта жастағы әйел араласып:

- Бұрын мен де солай жасағанмын, қызым. Бірақ, терімнің ылғалдылығы көп кетіп қалған болу керек, 3-4 жылдан кейін терім босап қалды. – деп қарсы шықты.

- Бірақ, теріңіз жаман емес сияқты.

- Пластикалық операция дегенді естіп па едің? Терімді тарту үшін пышаққа аз түсті дейсің бе мені?!

Диктор маркеттің сөрелеріне зат қойып жатқан бір жасы үлкен әйелді көреді. Өзі жұмыс істейтін арнаға көп жарнама беретін косметикалық фирмаларды ренжітпеу үшін сол жаққа барып:

- Апай, тері күтімі туралы зерттеу жүргізудеміз. Сіз ұлғайған жасыңызға қарамастан осындай әдемі болып сақталған бетіңізге қандай крем жағасыз? -деп сұрады.

Әйел орамалын жөндеп:

- Мен бетіме крем сүртпеймін, балам. Мен бетімді жайнамазға сүртемін, -деді.

Екі сценарий

Жанұяңызбен таңертеңгілік ас ішіп отырсыз. Балаңыз кофеге тиіп кетіп, кофе сіздің көйлегіңізге төгілді. Оған ұрсасыз. Кофені төккені үшін қатты айыптайсыз. Бала ренжіп, жылай бастайды. Енді кезек әйеліңізге келіп, ыдысты үстелдің шетіне қойғаны үшін оған ұрсасыз. Бұдан соң қысқы тартыс өтеді. Ашуланып, көрші бөлмеге барып, көйлегіңізді ауыстырасыз. Қайтып келгенде балаңыздың тамағын ішпегенін, сабаққа кетуге дайындалмағанын көресіз және мектепке апаратын автокөлігінен қалып қояды.

Жұмысқа тез шығуыңыз керек. Асығып автокөлігіңізге барасыз. Балаңызды мектепке апаруыңыз керек. Кешіккендіктен жол ережелерін сақтамай, жол полициясы тоқтатады. Осыдан мектепке кешігіп барасыз. Балаңыз «сау бол» да деместен мектепке кіріп кетеді.

Жұмысқа бір сағат кешігіп барасыз. Сөмкеңізді үйде қалдырғаныңызды байқайсыз. Күніңіз жақсы басталған жоқ. Бұдан да нашар бола ма деп ойланасыз. Басыңыз ауырады. Кешке үйге қайтуға асығасыз.

Үйге барғанда таңертеңгі оқиғадан кейін араларыңызда салқындық туғанын байқайсыз.

Бұлардың барлығы таңертең қалай әрекет жасағаныңызға байланысты туындап отыр. Неге күніңіз жаман өтті?

А) Кофе себеп болды.
Ә) Балаңыз себеп болды.
Б) Полиция себеп болды.
В) Сіз себеп болдыңыз.

Жауап В. Күніңіздің жаман өтуіне сол 5 секунт ішінде балаңызға ұрсуыңыз себеп болды. Негізінде былай істеуіңіз керек еді:

Үстіңізге кофе төгілді. Балаңыз жылағалы тұр. Жай ғана «Жарайды, балам, әдейі істеген жоқсың ғой. Енді ұқыпты болуға тырыс» десеңіз, ешнәрсе де болмас еді. Көйлегіңізді ауыстырып, сөмкеңізді алған кезде терезеден балаңыздың мектеп көлігіне мініп бара жатқанын көретін едіңіз. Балаңыз сізге қолын көтеріп, әйеліңіз екеуіңіз бір-біріңізге жақсы тілек айтып уақытында жұмысыңызға барып, әріптестеріңізбен сәлемдесер едіңіз. Жақсы көңіл-күймен жұмысыңызды бастайтын едіңіз.

Екі сценарий. Екеуі де бірдей басталды, бірақ соңы әр түрлі. Бұған не дейсіз?...

Сұлтан Махмұд және Аяз

Сұлтан Ғазналы Махмұд заманында ауылдан келген бір жас жігіт, еңбекқорлығы және адалдығының арқасында бас уәзірлік дәрежесіне дейін көтеріледі. Оның тез арада осыншалықты дәрежеге көтерілгенін басқа уәзірлер көре алмай, сұлтанға бас уәзірі Аяздың әр күні түнде қазынадан алтын ұрлап сарайдың бақшасындағы бір бөлмеге кіріп, сақтайтынын айтады. Сұлтан да шағымданғандарға бір түні сол бөлмеге барып бақылауларын және нәтижені өзіне білдірулерін айтады.

Көре алмаушылықтың буына берілген уәзірлер әлгі бөлменің есігіндегі мықты құлыпты әрең бұзып ішіне кіреді, бірақ бүкіл ойлаған жаман ойлары босқа кетеді. Өйткені қабырғада

шарық (теріден жасалған жеңіл аяққиім) мен бір ескі шапан ілулі тұрған еді. Алтын іздеу үшін топырақты да қазып көреді, бірақ ештеңе таба алмайды. Кейін өздері ұялып, сұлтанның жанына барып:

– Біз қателесіппіз. Көре алмаушылық еткенімізге және жала жапқанымызға өкіндік. Бізге жаза беруіңізге разымыз,- дейді. Сұлтан жазаны Аязға қалдырады. Ол былай жауап береді:

– Сұлтаным! Сіздің алдыңызда жаза беру маған жараспайды. Олардың айыбы бар болса да, негізгі айып менде. Өйткені, егер мен бөлменің есігіне мықты құлып салмағанымда және жасырынып бұл жерге кіріп жүрмегенімде, бұл достарым менен күмәнданбас еді. Сұлтаным! Менің негізгі шыққан тегім белгілі. Сіздің арқаңызда түсімде де көре алмайтын нығметтерге қауыштым. Осы нығметтерге беріліп, тәкаппарланып кетпеу үшін, негізгі шыққан тегімді ұмытып қоймау үшін, ауылдан келгенімде киіп келген қойдың терісінен жасалған шапаныммен аяғымдағы шарықты қабырғаға іліп қойған едім. Әр күні соларға қарап өз-өзіме:

«Ей Аяз! Міне сенің негізгі түбің осы. Қауышқан нығметтер, дүниеліктер, мансаптарың негізгі шыққан түбіңді ұмыттырмасын! Бұл нығметтердің себебінен өткен өміріңді, ата-анаңды және Аллаһқа ғибадат етуді ұмытпа!» деп айтатын едім.

Сұлулық жеткілікті ме?

Франция императоры 3-ші Наполеон өз заманасында дүниенің ең әдемі әйелі саналған Теба графинясы Мария Евгениямен үйленуге шешім қабылдағанын жариялағанында көпшіліктің таңданысымен наразылығын туғызды. Тәжірибелі кісілер бұл шешімінің дұрыс еместігін айтты. Ал Наполеон айтылған сөздерге құлақ аспады және бұл шешімін жүзеге асырды. Екеуі де бірін-бірі қатты жақсы көретін. Екеуі

де танымал, әдемі, үлкен байлыққа ие еді. Бірақ, бірнәрсе жетіспейтін. Әйелі өте сұлу болғанымен өте жаман мінезді еді. Евгенияның ханшайым болуы да, махаббаттарының күші де, тақтың құдыреті де бұл отбасының құлдырауының алдын ала алмады. Евгения Наполеон үшін нағыз бас ауруына айналды. Күмәндар ішінде арпалысқан Евгения, Наполеонның ең босамайтын кезінде жанына баратын, ең маңызды кездесулерін үзетін, айқайлап, шу шығаратын. Ойына келгенін істейтін, әпкесінің жанына қашатын, күйеуінен шағымданып жылайтын, соңында Наполеонға қайтып келіп айыптауларын жаудыратын.

Алып салтанаттың, зәулім сарайдың иесі болған Наполеон, бір сәт ойларын жинақтау үшін бір бөлме табудан қалды. Әйелінің теңдессіз сұлулығы енді оның қорқынышты түсіне айналды. Бұрын оның жүзіне қарағанында рахаттанатын Наполеон енді оны көрмеген сәттерінде рахаттанатын болды.

Жаман мінездің улы әсері және әйел айқайы патшаны да үйінен қашырды.

20 жыл ажырасу істерімен айналысқан танымал адвокат былай дейді:

«Ер адамдардың өз үйіне ерте барудан қашып, қаңғырып кетулерінің ең маңызды себебінің үйдегі әйелдерінің ызыңы болуы екендігіне куә болым. Көп әйелдер өз отбасыларының мазарын осылай қазады...»

Жар таңдағанда отбасылық өміріңізді бақытты қылу және үйіңізді тозақ азабына айналдырмау үшін, барлық нәрседен бұрын әйелде жақсы мінез іздеу керек. Сүйікті пайғамбарымыз 1400 жыл бұрын отбасы бақытының формуласын былай деп білдірген:

«Әйел байлығы үшін, сұлулығы үшін немесе діні үшін алынады. Сіз діндар болғанын, жақсы мінезді болғанын алыңыз! Байлығы үшін алған, байлығына қауыша алмайды. Тек сұлулығы үшін алғандар да сұлулығынан мақрұм қалады.»

Мойны сынған еді

Бір патшаның баласы аттан құлап, мойын сүйектерін сындырып алады. Мойны пілдің мойнына ұқсап денесіне килігіп қалады. Басын бұру үшін бүкіл денесімен бірге бұрылып қарайтын еді. Еліндегі емшілердің бәрі қанша тырысса да оны емдей алмайды. Тек басқа елден келген бір емші ғана мойнын бұрынғы қалпына келтіріп, тамырлары мен сүйектерін жөнге келтіре алады. Егер бұл емші болмағанда, ханзада өмірінің соңына дейін мүгедек болып қалар еді, бәлкім өліп кетуі де мүмкін еді. Ханзаданың жағдайы жақсарғаннан кейін, оны емдеген емші, ханзада мен әкесін көруге барады. Тым болмағанда «рахмет» деген алғыс сөз күткен еді. Жақсылықты түсінбейтін патша мен ханзада оған еш көңіл бөлмей, қарамай қояды.

Емші өзіне көрсетілген бұл мәмілеге қатты ренжіп, патша мен баласы ұялатын жерде, дәрігердің өзі ұялып басы салбыраған күйде ол жерден кетіп қалады. Жолда өз-өзіне: «Егер мен оның мойнын емдеп, бұрынғы қалпына келтірмегенімде, бүгін менен жүзін бұра алмас еді» - дейді. Осындай жағдайға түскен дәрігер, патша мен ханзададан өш алуға шешім қабылдайды. Оған бір дәндер жібереді. Жанына мынадай хат жолдайды: «Ханзада мынаны бір ыдысқа салып өртесін. Шипалы және денсаулыққа өте пайдалы нәрсе.»

Ханзада емші жіберген дәнді өртегенінде түтүнінен түшкіріп жібереді. Түшкірген кезде басы қайтадан қисайып қалады. Патшаның бұйрығымен әлгі емшіні ұзақ уақыт бойы іздегенімен еш таба алмайды. Емшіден кешірім сұрамақ болады. Бірақ амал нешік... Болар іс болған еді.

Біздің де ертең махшар күні мойнымыз бүкірейіп тұрмауы үшін, Аллаһу та’алаға шүкір етуден бет бұрмауымыз керек...

Иман базарда сатылмайды

Иман – Пайғамбарымыздың Аллаһу та'ала тарапынан пайғамбар ретінде бүкіл адамдарға әкелген және білдірген әмірлерінің барлығына сену және иман келтіру дегенді білдіреді.

Аллаһу та'ала бүкіл адамдарға иман келтірулерін әмір етті. Адамдар арасынан қалағандарына мейірім етіп бұлардың ақылдарына мойынсұнып иман етулерін нәсіп етті. Бұл құлдарының көңілдерін иманмен толтырды. Юнус сүресінің жиырма бесінші аятында ***«Аллаһу та'ала құлдарын саламаттық, бақыттылық мекені болған жаннатқа шақыруда. Қалаған адамын бұл жолға қауыштырады.»*** *деп бұйырылды.*

Ақылдарына мойынсұнбай Аллаһу та'аланың шақыруын қабыл етпегендерден қалағандарын өзінің азғын халінде қалдыруда, қалағандарын тағы да ихсан (мейірім) етіп қалаған уақытында хидаятқа қауыштыруда. Өз халіне қалдырғандарынан ғафлеттен (қараңғылықтан) оянып дұрыс жолды іздегендерді де мейірім етіп хидаятқа қауыштыратынын уәде еткен. Анкәбут сүресінің соңғы аятында ***«Нәпсілеріне ергендерден дұрыс жолды іздейтіндерді бақытқа алып баратын жолдарға қауыштырамыз»*** *деп бұйырылды.*

Дұрыс жолды іздемей нәпістеріне еріп иман келтірмегендерді азғын залымдарды жаһаннамда мәңгі азаптайтынын білдірген. Исламды естімеген көп адамдар сәлим ақылға ие болғандығы үшін бұзылған, ойдан шығарылған діндердің өкілдеріне алданбаған, астрономияда, жаратылыстану (физика, математика т.б.) ғылымдарында, әсіресе медицина ғылымында көрген жүйелі, үйлесімді құбылыстардың бір-бірімен байла-

ныстарын ойланып жаратылыстың сырларын, бұл орасан-зор есепті жүйенің ақиқатын түсінгілері келген. Бұлар сәлим ақылдарының арқасында Исламның білдірген көркем мінезінің көбін тауып, Мұсылман сияқты өмір сүрген, өздеріне және басқаларға пайдалы болған. Және Аллаһу та'аланың Анкәбут сүресінде уәде етілгеніндей бұлар иман келтіруге себеп болатын хабаршыларға және кітаптарға қауышуда. Аллаһу та'аланың құлдарына ихсан еткен ең үлкен ниғметі – иман, яғни Мұсылмандық. Осы ең үлкен ниғметті таңдаулы құлдарына береді. Аллаһу та'аланың таңдауын ұнатпай өз ұнатқанын мақсат ету не деген ақымақтық. Адам осы ең құнды болған ниғметтің қадірін білмесе, бұл ниғмет қолдан алынады, яғни мүртәд болады, өзінің бұдан хабары да болмайды. Аллаһу та'ала бұл ең үлкен ниғметтің шүкірі қалай жасалатынын Құран кәрімде ***«Бір-бірлеріңді жақсы көріңдер»*** *деп бұйырып білдірген. Мұсылман мұсылманды жақсы көруі керек, тіпті бұл жақсы көрушілік ғашықтық дәрежесінде болуы керек. Өйткені Аллаһу та'ала бұл құлын таңдаған, оған иман ниғметін берген. Сол себепті бір мұсылман басқа мұсылманмен кездескенде оны ренжітіп алмау үшін, оған қарсы қате мәміледе болмау үшін жанталасуы, өте абай болуы тиіс.*

Аллаһу та'аланың бір құлына ихсан етіп берген бұл ең үлкен ниғметтің шүкірі – бұл ниғметпен мәртебеленгендерді яғни мұсылмандарды жақсы көру болып табылады. Бұл өте маңызды.

Ал енді иман ниғметіне қауышып мәртебеленген адамдардың, дұрыс иманмен мәртебеленуі болса одан да асқан ниғмет және ниғметтердің шыңы. Осы бақыттан басқа нәрселерден жұбаныш күту төмен, пәс болған нәрселерді қалау деген сөз және өзін құрдымға салу деген сөз. Аллаһу та'ала ***«Ниғметтерімнің қадірін білсеңдер көбейтемін, қадірін білмесеңдер қолдарыңнан алып, өздеріңе ауыр азап беремін.»***

деп бұйырған.

Сондықтан қауышқан нығметтерімізге шүкір етуіміз керек, қолымыздан кетпеуі үшін қатты қорқуымыз керек. Бұл хал Аллаһу та'аланың уәдесі, Аллаһу та'ала уәдесінен қайтпайды, міндетті түрде орындайды.

Барлық нәрсені ақшаға сатып алуға болады, бірақ иман ақшамен сатып алынбайды. Хазреті Сәййид Абдулхаким Аруаси шәкірттеріне жиі жиі «Аллаһ бір құлына иман берген болса, оған басқа не бермеді?.. Иман бермеген болса, оған не берді?..» дейтін.

Хазреті Хаким Тирмизиге:

– Иманның кетуіне ең көп себеп болатын күнәлар қайсы?- деп сұрағанында былай деп жауап береді:

– Үш күнә бар. Біріншісі: Иман нығметіне қауышқанына шүкір етпеу. Екіншісі: иманның кетуінен қорқпау. Үшіншісі: мұсылмандарды ренжіту және оларды жәбірлеу. Мынаны біліңдер, пайғамбарымыз ***«Ақысыз (әділетсіз) бір мұсылманды ренжіту Қағбаны жетпіс рет құлатудан да артық күнә»*** *деп бұйырған.*

Қорыта айтқанда иман нығметінің кетпеуі үшін қатты қорқу керек, иманды қорғауға тырысу керек. Өйткені иман және иман нығметімен мәртебеленген мұсылман өте құнды. Бұл нығметтердің қадірін білу керек. Өйткені иман базарда, дүкенде сатылмайды, мирас, мұра болып та қалмайды. Жақсылыққа бейім болмаған адам пайғамбарды көрсе де мұсылман бола алмайды. Иман нығметіне қауышқан адамдарды Аллаһу та'ала таңдайды. Мұсылман дегеніміз Хақ та'аланың таңдаған, Өзіне дос қылған адамы деген сөз. Осыны ескере әрекет ету керек және олардың (мұсылмандардың) қадірін білу керек.

Хазреті Яхия бин Муаз Рази былай дейді:

«Ең көп қуанған және ең көп жақсы көретін нәрсем Аллаһу та'аланың маған ихсан және икрам етіп берген иман нигметі. Ал ең көп қорқатын нәрсем ол иманның менен кетуі.»

Дұғаның қабыл болуы үшін

1. Мұсылман болу керек.

2. Әһли сүннет сенімінде болу керек. Сондықтан төрт мазһабтың біреуі көрсеткен жолмен жүру керек.

3. Парыздарды орындау керек. Қаза болған намаздарды, түнде және сүннеттердің орнына қаза ету керек.

Парыз намаздары қаза болған адамның сүннет, нәпіл намаздары және дұғалары қабыл болмайды. Яғни дұрыс болса да сауап берілмейді. Шайтан адамзатты алдау үшін парыз намаздарын маңызсыз етіп, сүннет және нәпіл намаздарына қатты көңіл аудартады. Намазды уақыт кірісімен оқу керек.

4. Харамнан сақтану керек. Халал жеген адамның дұғасы қабыл болады.

5. Әулиелердің құрметі үшін дұға ету керек.

Үндістан ғалымдарының бірі Мұхаммед бин Ахмед Заһид ***«Тарғибус салат»*** *атты кітабының 54 бөлімінде былай деген: «Хадис шәрифте:* ***«Дұғаның қабыл болуы үшін екі нәрсе қажет. Біріншісі, шын ықыласпен дұға ету керек. Екіншісі, жеп-ішкені және киген киімі халал болуы керек. Мүміннің бөлмесінде харам жолмен табылған бір жіп болса бұл бөлмеде сұралған дұға қабыл болмайды»*** *- делінген. Ықылас – Аллаһу та'аладан басқа еш нәрсені ойламай, жалғыз Аллаһу та'аладан ғана тілеу. Сондықтан да әһли сүннет ғалымдары білдіргеніндей иман келтіру, Ислам шарттарына мойынсыну, біреудің ақысын жемеу және бес уақыт намаз оқу керек.*